

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378.091.12-096.26

Қолжазба құқығында

МАЖИНОВ БАҒДАТ МОЛДАХМЕТҰЛЫ

**Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің
ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары**

6D010500 – Дефектология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Мовкебаева З.А.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Кулеша Е.М. (Польша)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	5
АТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	10
КІРІСПЕ	11
1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	19
1.1 «Инклюзивті білім беру» ұғымы: мәні, мазмұны және құрылымы.....	19
1.2 Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері: шетелдік және отандық тәжірибе.....	46
1.3 Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделі.....	81
2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МҮГЕДЕК СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ	93
2.1 Инклюзивті білім беру жағдайында жоғары оқу орындарында даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі мен мазмұны.....	93
2.2 Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерді оқыту үрдісінің жағдайы.....	104
2.3 Бақылау экспериментінің нәтижелері.....	129
ҚОРЫТЫНДЫ	136
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	138
ҚОСЫМШАЛАР	146

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР:

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N319-III Заңы (05.05.2017 ж. өзгертілген және толықтырылған нұсқасына сәйкес)

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 01.01.2016 ж. №343 заңы.

Қазақстан Республикасының (01.01.2017 ж. өзгертілген және толықтырулар енгізілген нұсқасына сәйкес) «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау» заңы

БҰҰ Бас конференциясының Білім беру мәселелері, ғылым және мәдениет туралы XXI сессиясында 1960 жылы 14 желтоқсанда қабылданған «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес» туралы конвенциясы. Қазақстан Республикасында 2016 ж.

28 қаңтартарында ратификацияланған № 449-V ҚРЗ заңы. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 13.12.2006 ж. қабылданған Қазақстан Республикасы 20 ақпан 2015 жылғы

№ 288-V ҚРЗ заңымен ратификацияланған, «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция».

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (2017 ж. 10.03. өзгерістері және толықтыруларымен)

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Астана, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

2000 ж. 26-28 сәуірінде «Дакар іс-қимылы шеңбері» аясында қабылданған Дүниежүзілік білім форумы материалдары. Дакар, Сенегал,.

1975 ж. 9 желтоқсанда Бас Ассамблеяның 3447 (XXX) қарарымен қабылдаған «Мүгедектер құқықтары туралы декларация».

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы заңы» (2017ж. 01.01.өзгертулері және толықтыруларымен).

«Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы интеграцияланған (инклюзивтік) білім беруді ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік нұсқамалар. Астана, 2009.

«Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (қосымша толықтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысы (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 03.03; №102-қаулысының басылымына сәйкес).

Қазақстан республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері» № 26 бұйрығы.

1993 ж. 20 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 48/96 қарарымен қабылданған «Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық ережелері».

АНЫҚТАМАЛАР

Берілген диссертацияда анықтамаларға сәйкес төмендегі терминдер қолданылады:

Гуманистік білім беру сипаты – бұл адам өмірі мен денсаулығын, еркін және жан-жақты жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, азаматтық сана-сезімді, ұлттық және жекетұлғалық қадір-қасиетін, ұлтжандылықты, заңды құрметтеу және экологиялық дүниетанымды тәрбиелейтін жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдықтары.

Кемсіту (дискриминация, лат. *discriminatio* – айырмашылық) – жалпыға ортақ қатынастарға кері, қайшылығымен ерекшеленетін, бассыздыққа негізделген әділетсіздіктер, жекелеген адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұйымдардың, мемлекеттердің басқалармен салыстырғандағы құқықтарына, мүдделеріне әдейілеп нұқсан келтіру.

Қашықтықтан білім беру – бұл білім беру ұйымынан қашықта орналасқан тұлғалардың дамуы мен оқу-танымдық қызметін мақсатты бағытталған және әдістемелік жағынан электрондық құралдардың көмегімен басқару.

Бірыңғай білім беру кеңістігі – мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың біріздендірілген, стандартқа сай білім берудің деңгейлерін қамтамасыз ететін аумағы.

Мүгедек – «Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы заңында айқындалған, ағза функцияларының бұзылуы зардаптарынан ауруларға ұшыраған, жарақаттар алу салдарынан денсаулығын жоғалтқан, өмір сүру мүмкіндігі шектеулі, оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкелетін ақаулары бар тұлға.

Мүгедектік – соқырлық, жүріп-тұруға қабілетсіздік, ақыл-ой кемістігі сияқты ағза қызметтерінің, дене немесе ақыл-ой қызметтерінің кейбіреуі орташа және ауыр айқын бұзылуға ұшырауы. Жеке және әлеуметтік өмірде қалыпты қажеттіліктерін толық немесе ішінара өз бетімен, мейлі ол туа біткен немесе жүре біткен физикалық немесе ақыл-ой ағзалары қызметінің бұзылуы салдарынан қамтамасыз етуге шамасы келмейтін кез келген тұлға (БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Декларациясы, 1975 ж.) деген түсінік берілген.

Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы»).

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар

Информальді білім – анық белгіленген мақсаттарды көздемей, күнделікті өмірге үйрететін білім. Бұл әрбір адамда: білім нәтижесінде күнделікті оқиғалардан, мысалы, отбасы мен көршілердің, жұмыстағы және ойындағы, нарықтағы, кітапханалардағы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қоршаған ортаның тәрбиелік әсерін, қарым-қатынастар, құндылықтар, дағдылар және басқа қарым-қатынастарды қалыптастырудың үздіксіз процесі.

Білім сапасы – білім беру процесінің, оның нәтижелерінің қандай болу керектігі жөніндегі, аталған процесс қандай мақсаттарға қызмет етуі тиіс екендігін білдіретін шараларға сәйкестігі туралы қоғамда кең тараған ұсыныстар мен пікірлердің интегралдық сипаттамасы.

Тұлғалық тәсіл – жеке педагогтың әрбір білім алушының «жеке тұлға» екендігін саналы сезінуге көмектесетін, өзін-өзі көрсетуіне, тұлға ретінде қалыптасуы мен бекінуіне ынталандыру мүмкіндіктерін қалыптастыратын тәсілдер.

Діл (менталитет) – адамдардың ішкі әлемін әлеуметтік және тарихи қоғамдастыққа ортақтастыратын, жұмылдыратын тұрақты көңіл-күй. Адамдардың ішкі сезімін белгілі бір ойлау түрлері мен іс-әрекеттер қызметіне бейімдейтін тәрбиелік көңіл-күй жиынтығы; Діліміз, бір жағынан, мәдениет пен салт-дәстүрлердің әрекет нәтижесі болып саналса, екінші жағынан, өзі де мәдениетті дамытудың қайнар көзі болып табылады.

Мультикультурализм (мәдени плюрализм) – белгілі бір аймақтақандай да бір мәдениеттің ғана басымдылыққа ие болуына жол бермей, көптеген мәдениеттердің бір жерге шоғырлана өмір кешуін сипаттауды білдіретін термин. Мультикультурализм көптеген адамдар шоғырланған жердегі адами айырмашылықтардың кең спектрін тудыра отырып, мол адамдар санына қолайлы, нәсілшілдік, жыныстық айырмашылықтар және басқа да кемсіту нысандарын еңсеруге ұмтылады.

Үздіксіз білім беру – білім беру жүйесінің бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін, білім беру бағдарламаларының сабақтас, келісілген, сараланған әр түрлі сатылары мен деңгейлерінің жиынтығынан тұратын, азаматтарға жалпы білім беру және кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру, өз бетінше білім алу, сондай-ақ өзі үшін жағдай жасау мүмкіндігін ұсынатын кепілдік құқығын іске асыру үшін бүкіл өмір бойы берілетін білім.

Білім беру бағдарламасы – мазмұны білім берудің белгілі бір деңгейін (сатысын) және бағытын, оны игеру мен іске асыру тәсілдерін, білім берудің мақсаттары мен нақты міндеттерін қамтитын бағдарлама.

Тұлғааралық қарым-қатынас – жеке адамдар арасында болатын көңіл-күй қарым-қатынастары; бірлесе қызмет атқару процесінде немесе өзара қарым-қатынаста көрінетін мінез және адамдардың бір-біріне өзара әсер ету жолдары.

Даралау – әр жеке адамға жалпыадамзаттық, қоғамдық маңызды, жеке бірегейлік белгілі бір әлеуметтік роль атқаруға мүмкіндік беретін, өзге

адамдармен қарым-қатынасын шығармашылық тұрғыда орындауға, олардың таным көзқарастарына белсенді әсер ететіндей және өзінің өзіндік жеке тұлғалық қасиеті мен қызметін бағалауға мүмкіндік туғызатын, ешкімге ұқсамайтын қасиеттері мен сапаларының жүйесін табуы .

Қатысым қағидалары – барлық адамдарға өздері өмір сүретін қоғамды қалыптастыруға қатысуға мүмкіндік береді. Бұған әрбір адамды тыңдау және оның көзқарастарын құрметтеу жатады. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияда» мүгедектердің құқығы төмендегідей бекітілген: мүгедек адамдардың өмірдің оларға қатысты қай саласында болмасын: отбасында, үйде, білім беру ұйымдарында, медициналық-санитарлық көмекте болсын, жергілікті қоғамдастықта және қоғамда олардың өзіндік көзқарастары болуы тиіс

Психологиялық-педагогикалық қолдау – психикалық және дене дамуының кемістігі бар адамдардың дамуын білім беру және тәрбие процесі тұрғысынан қамтамасыз ету, сондай-ақ мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған қызметі, әрбір адамның мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты білім алуы мен дамуына қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттарды қамтамасыз ететін олардың дамуындағы қолдау және көрсетілетін көмектің ерекше түрі.

Білім беру мазмұны – қоғам, мемлекет және жеке тұлғаның мақсаттары мен мүдделеріне негізделген, тұлғаның құзыреттіліктерін, кәсіби, философиялық және азаматтық қасиеттерін қалыптастыратын, әр жеке тұлғаның білім беру процесінде өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастыруын іске асыратын, әлемдік қауымдастықтың дамуына сәйкес болашағын құруына жағдай жасау тұрғысында берілетін білім жүйесі.

Адамның әлеуметтік бейімделуі – өмірлік қиын жағдайларға тап болған адамның, құндылықтарды бағамдауды, қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеру жолдарын үйренуі, сондай-ақ психологиялық немесе моральдық жарақат салдарын жеңуде әлеуметтік ортаның шарттарына белсенді бейімделу процесі.

Әлеуметтік кіріктіру (интеграция) – (лат. *integratio*-толықтыру) әлеуметтік қоғамдастыққа өзара әрекеттес әртүрлі шашыранды элементтердің бірігуі; қоғамдық қарым-қатынастағы әлеуметтік топтардың белгілі бір тұрақтылығы мен тепе-теңдігін сақтаудың формалары. Әлеуметтік жүйенің немесе оның кейбір бөліктерінің ішкі және сыртқы күйзелістерден, бүлдіргіш, қайшылықты, қиыншылықты факторлардан өзін-өзі сақтап қалуға төтеп беру қабілетін қалыптастыратын толық жүйелер процесінің жиынтығы деген ұғымды сипаттайды.

Адамдарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым – бұл адамдар тіршілік ету ортасына қажеттіліктерді қамтамасыз ететін объектілер (құрылыстар мен ғимараттар, кешендер) жүйесі. Сондай-ақ, ұйымдық-құқықтық, меншіктік формаларына қарамастан, халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін, соның ішінде өз қызметтерін психикалық және дене дамуының

кемістігі бар адамдардың денсаулығын сақтау, білім беру, тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дамуын, олардың жалпықоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында атқаратын ұйымдар.

Әлеуметтік және психологиялық кеңес – «жеке тұлғаның» дамуына қажетті педагогикалық мақсатты жағдайлармен қамтамасыз ету, білім алушылардың психикалық және физикалық денсаулығын сақтау, тұлғалық келбетінің ашылуына әсер ету, жеке тұлғаның қабілеттері мен бейімділігін дамытуға көмектесу, дамыған, жайлы психологиялық қоршаған орта құру .

Арнайы түзеу ұйымдары (мекемелері) – денсаулық мүмкіндіктері шектеулі жандарға мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары.

Қабілеттер – жеке тұлғаның белгілі бір өнімді қызметін табысты жүзеге асыруының шарты болып табылатын даралық-психологиялық ерекшеліктері. Ол адамның белгілі бір қызметтің түріне деген қабілетінің тұрақтылығының қаншалықты екендігіне қарай жалпы бағдарымен тығыз байланысты болады. Қабілеттіліктің даму деңгейі мен дәрежесі дарындылық пен данышпандық деген ұғымдарды мазмұндайды.

Тәрбиелеу ортасы – білім алушының тіршілік өмірі өтетін және «жеке тұлға» ретінде қалыптасу көздері болып табылатын орнындағы табиғи және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жиынтығы. Тәрбиелеу ортасын ұйымдастыру түрлері: ерікті, авторитарлық және оңтайлы, ұжымдық болып, ұжымдық өмірдің жалпы ережелері мен қоршаған орта адамдардың өз бетімен және шығармашылық дамуын тежемейтіндей құрылуы керек.

Төзімділік (ағыл. tolerance) – азаматтардың өзара сыйластық қарым-қатынастарын сақтауға бағдарланған шыдамдылық, этникалық және мәдени әртектілікті сақтаудың, әлеуметтік және этносаралық жанжалдарды реттеудің қолайлы негізі болып табылатын, сәйкес келмейтін көзқарастар мен құндылықтарға төзбеушілікке қысымды азайту келісімдеріне келуге қол жеткізу. Төзімділік – әлеуметтік құбылыс, төзімділік дерексіз болуы мүмкін емес, оның деңгейі мен формалары жеке адамдар арасындағы және топтараралық қарым-қатынастарда әрбір нақты жағдайларға байланысты әр түрлі көрініс табады.

Техникалық (компенсаторлық/ өтемақылық) құралдар – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген тізбеге енген протездік-ортопедиялық және сурдо-тифло-техникалық құралдар мен міндетті гигиеналық өнімдер.

Сурдотехникалық құралдар – есту кемістігінің орнын толтыру үшін қолданылатын, түзету, соның ішінде байланыс және ақпарат беруді арттыру техникалық құралдары.

Тифло-техникалық құралдар – көру кемістігінің салдарынан денсаулығын жоғалтқан мүгедектердің кемістігі орнына жұмсауға бағытталған түзету өтемақы құралы .

Білім алу түрлері (нысандары) – білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай іске асырылатын білім беру бағдарламаларын меңгертудің ұйымдық нысандары, білім алушы мен білім берушінің бірлескен қызметінің осы түрінде берілетін (күндізгі, сырттай, сыртқы зерттеулер, отбасылық білім беру және өз бетімен үйрену) оқыту уақытының көлемімен ерекшеленеді.

АТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖОО – жоғары оқу орны

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЕБҚ – ерекше білім қажеттіліктері

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы

МЖБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Мүгедек тұлғалардың білім алуы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орынға ие болып, Қазақстан Республикасының білім беру аймағындағы реформаларда ізгілікке бағыттталып отыр. Барлық әлемде жалпы қабылданған тенденция ретінде даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғалардың дамуында ерекшелігі жоқ тұлғалармен бірлесе оқуымен тәрбиеленуі инклюзивті білім беру болып табылады. Ол өз алдына олардың сапалы білім алуын қамтамасыз ете отырып, әлеммен байланысында кедергілерді жоюға және тұтас қоғамға кіріктірілуіне мүмкіндік береді. Алайда, қазіргі статистикалық деректер бойынша республикамыздағы 400 мыңнан астам даму мүмкіндігі шектеулі еңбекке қабілетті жастағы азаматтардың тек 20%-ы ғана жұмысқа орналасып, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жасап отыр. Олардың ішінде жоғары білімі барлары 10%-ды ғана құрайды [1], ал бұл статистикалық мәлімет осы санаттағы тұлғалардың көпшілігінің жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмысқа тұру қиыншылықтарымен байланысты екеніне дәлел бола алады. Даму мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек тұлғалардың еңбек нарығында төмен бәсекелес болып отырғандығы, олардың тиімді деңгейде жоғары білім ала алмауларымен тікелей байланысы анық көрініс табуда, себебі жоғары оқу орындарында олар барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілмеген.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын адам қызметінің әр түрлі салаларында қамтамасыз етуді іске асыру мақсатында, «Мүгедектер құқықтары туралы» БҰҰ Халықаралық конвенциясы [2], Қазақстан Республикасында 2015 жылдың 20 ақпанында ратификацияланып Заңдар әзірленді. Конвенцияның Ережелік нормаларын іске асыру мақсатында, 2015 жылы Қазақстан Республикасында «ҚР-ның мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданып, 24 заңнамалық актіге, соның ішінде 3 кодекске түзетулер енгізілді.

Аталған Конвенцияның 24-бабында мүгедектердің білім алуына арналған бөлек құқық берілген: «Осы құқықты жүзеге асыру мақсатында қатысушы мемлекеттер кемсітусіз және мүмкіндіктердің теңдігі негізінде барлық деңгейлерде және өмір бойы үздіксіз оқытуда инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуі тиіс». Конвенцияда ерекше назар, мүгедектердің табысты жұмыспен қамтылуы және өздеріне тиімді орын табуының маңызды шарты ретінде, олардың жоғары білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мәселесіне аударылады. Осылайша, «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенцияға сәйкес, қатысушы мемлекеттер мүгедектердің кемсітусіз және басқалармен тең дәрежеде, жалпыға ортақ кәсіби жоғары білім алуларын және өмір бойы оқуға қол жеткізулерін қамтамасыз етеді. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер мүгедектерге қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұл 24-баптың 5-бөлімінде жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінде

мүгедек тұлғаларға жеке дара қатынас жасау көзделетін құқықтардың мазмұны толық қамтылған. Бұл тәсілдер инклюзивті білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың бейімделуіне, сау құрдастарымен бір топта, жоғары оқу орнында толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуына мүмкіндік береді.

Осындай мақсатқа қол жеткізу үшін, елімізде елеулі істер атқарылуда. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және оны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін 2020 жылға қарай тең жағдай мен кедергісіз қолжетімділікті жасаған ЖОО-ның үлесі 100%-ды құрайды деп көрсетілгені мәлім [3]. Аталған құжатқа сәйкес ЖОО-на жоғары міндеттер жүктелуде.

Осыған орай, даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттердің жоғары кәсіби білім алулары және ол үшін қажетті мүмкіндіктерді анықтау мәселесі алыс-жақын шетел ғалымдарының зерттеулеріне арқау бола бастады. Айта кетсек, шетелдік зерттеулерде даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттердің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін дамытуға жарайтын жағдайлар жасауға зор көңіл аударылады. Онымен бірге, даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау мен сүйемелдеу бағытындағы зерттеулерде, осы санаттағы студенттер үшін барлық үрдістерді, оның ішінде қолдау, сүйемелдеу, оңалту және білім беруді қамтитын университет орталықтары мен сервис қызметтерін құруға ерекше назар аударылған: M. Johnston, J.P. Bakken, G. Mukuria, C. Forlin, S. Peter, D.L. Ferguson, E.M Kulesza және басқалар [4-10].

Ресей ғалымдарының еңбектерінде: Л.И. Аксенова, Е.И. Берус, Л.А. Диденко, Н.В. Дулепова, В.Г. Гончарова, В.А. Левин, Е.А. Мартынова, П. Романова, Д.Ф. Романенкова, А.Т. Файзрахманова, Е. Ярской-Смирнова, К.А. Ямбург, В.А. Ясвин [11-19] және т.б. мүгедектердің жоғары білім алуларымен байланысты кейбір ғылыми және әдістемелік аспектілерді анықтау бойынша кең ауқымда ғылыми жұмыстар жүргізіліп жатқандығы байқалады.

Инклюзивті білім беру мәселелері шетелдік ғалымдар Salisbury C.L., Palombaro M.M., Hollowood W.M., Shea T.M., Bauer A.M., Trow M., Лошакова И.И., Ярская-Смирнова Е.Р., Семаго М.М., Семаго Н.Я., Косс В.О., Kulesza, E.M. [20-26] және т.б. зерттелген. Олар инклюзивті оқыту идеясын, оны жүзеге асыру қағидаларын, сонымен қатар даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту жағдайында тәжірибесін дамыту жолдарын әзірлеген.

Қазақстанда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдар: Сүлейменова Р.А., Мовкебаева З.А., Ерсарина А.М., Байтурсынова А.А., Халыкова Б.С., Каткенов К.А., Жалмухамедова А.К. [27-

35]. Бұл жұмыстарда инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық негіздері, мүмкіндіктері, ұйымдастыру, жүзеге асыру шарттары берілген.

Қазіргі таңда осы санаттағы білім алушылардың кәсіби білім алуларына байланысты отандық тәжірибелер де қалыптасып келеді. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында инклюзивті білім берудегі жалпы проблемаларды Ш.Ж. Жахина, А.К. Искажимова, А.С. Каржова, Н. Пренова, С. Сексембаева, М. Оспанбаева, Б.Д. Бақтыгереева [36-38] және т.б. өз еңбектерінде қарастырған. Мүгедек студенттер үшін қолжетімді білім үрдісін қамтамасыз етудегі ресурстық кеңес беру орталықтарының ролін З.А. Мовкебаева зерттеуде [39]. Даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқытуға жоғары оқу орнындағы білім алушының даярлығы мәселелерін А.Р. Рымханова, К.С. Тебенова, Г.Н. Мусеева Т.Ш. Сериков, М.А. Баянов және басқалар қарастыруда [40]. Дегенмен де, көпжақты зерттеулер мен ғылыми әдебиеттердің мазмұндарында даму мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек тұлғаларға жоғары оқу орындарында қол жетімді, әрі тиімді білім берудің нақты ұйымдастыру формалары мен педагогикалық шарттары бойынша талдаулар мен анықтамалар жеткіліксіз екендігі байқалады.

Қазақстан Республикасында мүгедек тұлғаларға жоғары білім берудің қазіргі кездегі жай күйін талдап, ғылыми әдебиеттерді саралай келе, олардың әлеуметтік кіріктіру мәселесін шешудің іс-тәжірибесін жинақтау арқылы, келесі негізгі **қарама-қайшылықтар** анықталды.

- мүгедектердің жоғары білім алу құқықтарын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік заңнамалық және заманауи талаптар мен осы үрдісті теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы;

- мүгедек жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу мақсатында сапалы, әрі жоғары кәсіби білім алуға ұмтылыстары мен мүмкіндіктерінің және қазақстандық ЖОО-ның осы тұлғаларға білім беруді қамтамасыз етуге толықтай дайын болмауының арасындағы қайшы мәселелер.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешу жолдарын іздестіру мен зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындау арқылы диссертациялық зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: **«Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары»** деп алдық.

Зерттеу нысаны – ЖОО-дағы мүгедек студенттердің білім алу үрдісі.

Зерттеу пәні – ЖОО-дағы мүгедек студенттерге білім беру үрдісін қамтамасыз етудің ұйымадастырушылық-педагогикалық шарттары.

Зерттеудің мақсаты: ЖОО-да мүгедек студенттерге сапалы кәсіптік білім беруді қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде оңтайлы ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды негіздеу және әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Егер, ЖОО-да мүгедек студенттерге қолдау көрсететін арнайы кеңес беру-практикалық орталық ретіндегі біртұтас ұйымдастырушылық-

педагогикалық жүйе қалыптасатын болса, *онда* олардың жоғары кәсіби білім алу үрдісінің тиімділігі арта түседі де, білім алудағы әлеуметтік және басқа да кедергілердің азаюына ықпалын тигізеді.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу және ғылыми болжамды тексеру үшін келесі **міндеттер қойылды:**

1. ЖОО-да мүгедек студенттерге білім беру үрдісін теориялық-әдіснамалық негіздеу, «инклюзивті білім беру» ұғымының мазмұнын, ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау;

2. Қазақстан Республикасындағы мүгедек студенттерді оқыту теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайын талдау;

3. ЖОО-да мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделін әзірлеп, негіздеу;

4. Құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделін әзірлеп, теориялық негіздеу.

Зерттеудің жетекші идеясы: мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталық ретіндегі біртұтас педагогикалық жүйесі олардың кәсіби жоғары білім алу үрдісінің тиімділігін арттырады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

– адамның тарихи-эволюциялық және онтогенетикалық тұжырымдамасы (Л.С. Выготский, И.С. Гессен);

– біртұтас тұлға теориясы және оның дамуы (Б.Г. Ананьев, К.А. Абульханова, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн);

– «қалыпқа келтіру» концепциясы (Б. Нирье, Р. Штайнер және т.б.);

– интегралдық жекешілдік концепциясы (В.С. Мерлин);

– антропософиялық педагогика (Р. Штейнер);

– гуманитарлық бағыттағы психологиялық-педагогикалық ғылымның бағдары ретіндегі философиядағы антропоорталықтандырылған «жүйедегі адамның» бүтіндей феноменінің концепциясы (Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, Л.П. Буева, А.И. Буров, С.И. Гессен, В.П. Казначеев, А.Н. Леонтьев, В.И. Слободчиков, К. Ясперс);

– білім беру мәдениетіндегі индивидтің мәндік күштерінің дамуы концепциясы (Б.Т. Лихачев, Е.Л. Прасолова);

– педагогика және психологияның шетелдік және отандық жеке бағдарының концептуалды негізі (Д.А. Белухин, Н.Г. Григорьева, Л.Н. Куликова, Н.А. Рыбакова, Н.Б. Шмелева, И.С. Якиманская және басқалар);

– шетелдегі гуманистік психология (В. Франкл, Э. Фромм, Г. Олпорт, К. Роджерс, А. Маслоу);

– бейіндік педагогиканың методологиялық негіздері (К.А. Ямбург);

– тұтас педагогикалық үрдісті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы (Н.Д. Хмель);

– тұлға теориясы және тұлға бағыттары (Ж.И. Намазбаева, Л.О. Сарсенбаева және т.б.);

– түзету-педагогикалық, пәнаралық байланыс үрдісі арқылы дамуында кемістігі бар тұлғаларды әлеуметтік кіріктіруге бағытталған оқу үрдісін, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырудың концептуалдық негіздері (Л.С. Выготский, М.М. Кабанов, Н.Н. Малофеев, Р.А. Сулейменова);

– қоғамда мүгедектердің дамуы мен өздеріне тиімді орын табуының маңызды шарты ретінде икемделген жағдайларды құрудың гуманистік идеялары (В. Гудонис, В.З. Кантор, Н.Н. Малофеев және т.б.).

Зерттеу жұмысының нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында, келесі **зерттеу әдістері** қолданылды:

- **теориялық:** талдау, жинақтау, деректерді жинақтау-түсінік беру; моделдеу, салыстыру, тарихи дерекнама;

- **эмпирикалық:** сауалнама, интервью, социометриялық жауап алу, математикалық-статистикалық өңдеу және т.б.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Зерттеуге 502 респондент қатысты. Оның ішінде Абай атындағы ҚазҰПУ-да оқитын 122 мүгедек студент.

Зерттеуді ұйымдастыру және оның негізгі кезеңдері.

Бірінші кезеңде (2014-2015 жж.) белгіленген тақырып бойынша ғылыми әдебиеттер талданды. Зерттеу жұмысының өзектілігі мен мақсат-міндеттері, ғылыми болжамы анықталды. Осы кезеңде отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында мүгедек студенттер үшін арнайы педагогикалық жағдай қалыптастыру тәжірибесін зерттеу жүзеге асырылды. Жұмыс барысында философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау, зерттеуге жүйелі көзқараспен қарау, талдау және синтез әдісі, модельдеу; халықаралық және қазақстандық құжаттар мен педагогикалық тиімді үлгілерді зерттеу, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, материалдарды саралау және бақылау жұмыстары жасалды.

Екінші кезең (2015-2016 жж.) жұмыс мазмұнын анықтау және эксперименттік жұмыс бағдарламасын құрастырумен байланысты болды. Абай атындағы ҚазҰПУ базасы негізінде мүгедек студенттердің, сонымен бірге әр түрлі ауытқулары бар студенттердің білім алу барысындағы жағдайларын, қиындықтары мен қажеттіліктерін зерттеу. Бұл кезеңдегі негізгі зерттеу әдістері бақылау, сауалнама жүргізу, жауап алу, анализ және синтез әдісі, нәтижелерді математикалық және статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Үшінші кезеңде (2016-2017 жж.) жүргізілген анықтаушы эксперимент нәтижелері талданды, қорытындылар жасалды, зерттеу болжамы нақтыланды, мүгедек студенттердің ЖОО-да кедергісіз білім алуларына бағытталған түрлі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері мен критерийлеріне түзетулер жасалды.

Мүгедек студенттердің жоғары оқу орнында тиімді білім алуларының маңызды факторы ретінде арнайы ашылған ЖОО-да мүгедек студенттерге кеңес беру-практикалық қолдау орталығының моделіне эксперименттік апробация жүргізілді. Бұл кезеңдегі негізгі зерттеу әдістері анализ және синтез, деректерді жинақтау, түсінік беру, математикалық-статистикалық әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. ЖОО-да мүгедек студенттерге білім беру үрдісі теориялық-әдіснамалық негізделіп, «инклюзивті білім беру» ұғымының мазмұны, ұйымдастыру ерекшеліктері анықталды.

2. Қазақстан Республикасындағы мүгедек студенттерді оқыту теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайы талданып, мүгедек студенттердің өзекті сұраныстары мен ЖОО-дағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталды.

3. ЖОО-да мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделі әзірленіп, негізделді. Сонымен қатар, оның тиімділігін анықтайтын критерийлер белгіленді.

4. Құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық негізделді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

1. Диссертацияның зерттеу нәтижелері даму мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедектерге жоғары кәсіби білім беруді дамытуға ықпал етеді.

2. Зерттеу жұмысының материалдары ЖОО-да білім алушы мүгедек студенттерге ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау көрсетудің өзекті бағыттарын анықтауға және инклюзивті білім беру жағдайында микро- және макро-ортаны бейімдеу ресурстарын айқындауға көмектеседі.

3. ЖОО-да мүгедек студенттерді оқыту үрдісінде анықталған ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды іске асыру әдістемелік нұсқаулығы әзірленді.

4. ЖОО-да даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі мен мүгедек студенттерді қолдау бойынша әзірленген әдістемелік материалдар ҚР-ның басқа да ЖОО-да табысты түрде қолданыс табуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: осы зерттеудің теориялық тұжырымдары мен практикалық нәтижелері философияның, психологияның және педагогиканың заманауи зерттеулеріне, ЖОО-да мүгедектерге білім берудің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибесіне, кешенді зерттеу әдістемесіне, математикалық-статистикалық әдістерімен расталған эксперименттік деректердің сандық және сапалық талдауына сүйенеді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Мүгедектерге жоғары кәсіби білім беру, мүгедектердің білім алу құқығын іске асыру шарттарының бірі ғана емес, сонымен бірге оларды тиімді әлеуметтендіруді, бейімдеуді және кәсіби еңбекпен өзін-өзі қамтуын іске асырушы маңызды фактор болып табылады.

2. Мүгедек студенттердің жоғары білім алу үрдісінде жалпы және өзіндік сипаттағы мәселелері мен қажеттіліктерін шешуге бағытталған моделі.

3. ЖОО-да оқу барысында мүгедек студенттерді қолдаудың тиімдісі, біртұтас педагогикалық шарттар жүйесі болып табылады.

4. ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының әзірленген моделі ЖОО-да қолайлы жағдай жасайтын барлық құрылымдардың қызметін бақылаушы, ұйымдастырушы, іске асырушы және үйлестіруші тиімді форма болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу:

Зерттеудің негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, талқыланды:

– «Академик Төлеген Тәжібаев – Қазақстандағы психология және педагогика ғылымдарының негізін қалаушы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, Алматы, 2014;

– «Педагогика і сучасні аспекти фізичного виховання» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, Украина, 2015;

– Білім берудегі инновациялар: ізденіс және шешімдер атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, Астана, 2015;

– 31st International Congress of Psychology ICP, Japan, 2016;

– «Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық және отандық тәжірибе атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, Астана, 2017.

– «Инклюзивті білім беру: әдіснамасы, тәжірибе және технологиялар» атты республикалық фестивальда, Алматы, 2017.

– Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 13 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 4-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 2-і отандық және шет елдік ғылыми басылымдарда, 5 мақала халықаралық және 1-і республикалық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы мүгедек студенттерді оқыту үрдісіне енгізілді.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы – диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлданыуы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

«Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге теориялық талдау жасалынып, контент-талдау әдісі негізінде «инклюзивті білім беру» ұғымының мәні мен мазмұны, ұйымдастыру ерекшеліктері анықталды.

Қазақстан Республикасындағы мүгедек студенттерді оқыту теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайы талданып, мүгедек студенттердің өзекті сұраныстары мен ЖОО-дағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталды. ЖОО-да мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделі әзірленіп, негізделді. Сонымен қатар, оның тиімділігі анықтайтын критерийлер белгіленді.

«Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім беруді ұйымдастырудың тәжірибелік жұмысы» атты екінші тарауда мүгедек студенттерге ЖОО-да білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары тәжірибелік тексеруден өткізілді. Құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдаудың кенес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық негізделді. Сондай-ақ, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары берілді, ұсыныстар мен жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің мәселесінің болашақтағы зерттелетін бағыттары көрсетілді.

1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Инклюзивті білім беру» ұғымы: мәні, мазмұны және құрылымы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын [41]. Аталған міндеттер барлық қоғам алды, әсіресе білім беру жүйесіндегі ұйымдарға үлкен талаптар қойып отырғаны анық.

Инклюзивті білім беру ұғымына талдау жасамас бұрын инклюзивті білім берудің дамуын, яғни мүгедек немесе даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген оң көзқарастың қалыптасуы мен жетілуіне назар аударуды жөн көріп, ретроспективтік-тарихи талдауды қолдандық.

Тарихта мүмкіндігі шектеулі адамдарға жағымсыз немесе өзін жоғары ұстау қарым-қатысына көптеген мысалдар бар. Әлсіз және дәрменсіз балаларды аяусыз өлтірген ежелгі Спартадағы тәжірибе, бұл мағынадағы неғұрлым белгілі мысалдардың бірі болып табылады. Сол кездегі ойшылдар мүгедек балаларға бұл қарым-қатынас нұсқасын қисынды және мақсатқа лайықты деп тапты. Осылайша, атақты философтар экономикалық, евгеникалық ой-пікірлер бойынша Спартанын тәжірибесін мақұлдаған болатын. «Бірде-бір мүгедек баланы тамақтандыруға болмайды деген заң күшіне енсін» - деп Аристотельдің өзі жазған болатын [42]. Философ Сенека: «Біз дүниеге әлсіз және ұсқынсыз болып туылатын балаларды өлтіреміз және суға батырамыз. Біз оны ашуланғаннан және қапаланғаннан емес, сана ережелеріне сүйене отыра: дені саудан қажет еместерді алып тастау үшін жасаймыз» - деп сендірген болатын [43].

Тіпті, «...барлық көрмейтін және саңырау, жесір және кедейлерге ерекше көңіл бөліп қараса да» және мысалы үшін, ежелгі еврей мәдениетінде секілді, бала өлтіруге тыйым қойылса да, мүгедектер бұрынғыдай, күнәсі бар адамдар болып саналды. Сол себептен оларға діни рәсімдерге қатысуға рұқсат берілмеді. Еуропалық елдерде христиандықтың әсер етуімен, адамдарда азап шегудің алдында есіркеушілік, қайырымдылық және бауырластық түсініктерінің таралуы басталды. Мүгедектігі бар адамдар, сопылық әдет-ғұрыптарына негізделе, монастырьға кетіп, өзіне тамақ және жататын орын қамтамасыз етті. Мысалы үшін, IV ғасырда Түркияда құдайханалар көтеру арқылы, мүгедек адамдарға қайырымдылық көз қарасы құрыла бастады. Алайда, орта ғасырларда және ерте христандық кезеңде кейбір мүгедектер көмек пен баспананы діни қауымдастықтарда ғана ала алды. Қайта құрылу

дәуірінің көрнекті қайраткерлері Х.Л. Вивес (1492-1540), В. Ратне (1571-1635), Я.А. Коменский (1592-1670) мүгедектерге көмек ұйымдастырып көруге тырысты. Орта ғасырларда мүгедектер мен дене кемістігі бар адамдардан қоғамда барлығы қашқақтап және олардан қорықса, мұндай қарым-қатынас Ағарту дәуірінде де еш өзгеріссіз қалды. Көп жағдайда олар азаптану құрбандары болды және «шайтан орны» ретінде қарастырылды.

Мишель Фуко, орта ғасырлық «Басқа» адамның тұлғасын талдай отырып, дене қауқарсыздығы және кемістігі бар адамдар ақылсыз немесе күнәлі – әлеуметтік шектелген адамдар түрін көрсетеді: «Орта ғасырларда билік ақылсыз мүкістіктер арасында тұрақты орын алатын, адам жанының үстінен өзара бөлінетін, он екі қарама-қайшылықтар жұбын ендірі: бұл сенім және пұтқа табынушылық, үміт және торығу, қайырымдылық және сараңдық, адалдық және арамдық, сақтық және ақылсыздық, шыдамдылық және ашушаңдық, жуастық пен қаталдық, ризалық және араздық, тындау және бағынбаушылық...[44].

Фламандық Питер Брейгель көзі көрмейтін, кемістігі бар адамдарды рухани мүкістіктердің тасушылары ретінде: дене кемістігі моральдық азғындауды көрсету деп қарастырды. Осылайша, физикалық, денелік қалыпқа сәйкес келу әлеуметтік, сәйкесінше моральдық нормалардың негізі ретінде қарастырылды. Субъектінің физикалық нормадан кез-келген ауытқуы жай ғана қоғамдық оқшауландыруға ғана емес, қатыгез бас тартуға да әкелетін. Ортағасырлық қоғамда кедей, кеміс және жер аударылған адам арасында үлкен айырмашылық болған жоқ. Кедей кез-келген уақытта кеміс немесе қылмыскер болуы мүмкін, ал есі ауысқан адамдар және жұқпалы аурумен ауырған адамдар абақтыға жабылатын. Ал «ақымақтар кемесіне» келетін болсақ, ол ортағасырлық еуропадағы қатыгездіктің басты символы болып саналды. Инквизиция бейшараларды отқа жағу азабына жіберетін, өйткені психикалық ауытқушылықтар және дене бұзылыстары шайтанның белгілері деп саналды. Кемтар адамдардың кейбіреулері жәрменкелерде және сарайдағы ақсүйектерге сайқымазақ ретінде көңіл көтерді. Сонымен қатар, көмек көрсету ойымен емес, мүгедектерді оқшауландыру мақсатымен мекемелер ашыла бастады. «Кейбір мәдениеттер және субмәдениеттер әлі күнге дейін мүгедектікті ұят, күнә және діни жаза сезімімен, мүгедектің өзінің эксклюзиясымен және төмен әлеуметтік жағдайымен байланыстырады, оның отбасына да солай қарайды». [45].

Орыс мәдениетінде мүгедектер (кеміс, кемтарлар) дәстүрлі түрде қайырымдылық және мейірімділіктің бір объектілері ретінде қарастырылды. Жалпы табиғи нормалардан біршама айырмашылығы бар мүгедектер православ мәдениетінде аяушылық, рақымдылық және қайғысына ортақтасу сезімін тудыратын [46].

Қазақ тіліне және мәдениетіне ғасырлар бойы «жетім», «мүгедек» сөздері жат болатын. Халық дастандары дәлелдегендей, қазақ халқы мұндай адамдарға қамқор болуға және бағып-қағуға шақыратын: «Жетім көрсең,

жебей жүр», «Жетімнің көз жасы жібермейді» және т.б. Қазақ ертегілері батырлардың жетімдер, қарттар, құқықтары шектелген топтар құқықтарын қорғау бойынша тарихи жағдайлармен толы.

Қазақ елі өз ұрпағының денсаулығын терең ойлап, туа және тұқым-қуалаушылық ауытқулардың алдын-алуға көп көңіл бөлген. «Жеті ұрпағына дейінгі қыз алыспау» оған дәлел бола алады, ал ол өз алдына бұл ереже егерде бұзылатын болса, ұрпақтары дене кемістіктерімен туады деген сөзді түсіндіреді.

Өркениетті қоғамның дамуымен, мүгедектер біртіндеп қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік арудың негізі – білім алу арқылы дамытыла бастады. Бұл қалыпты дамып келе жатқан қатарластармен тең жағдайларда білім алу қызметтерін алуларына олардың құқықтарын қамтамасыз ететін, мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның және мемлекеттің қарым-қатынасының өзгеруіне әкелді. Өркениетті әлемде демократиялық еркіндіктердің дамуы, әрбір тұлғаға деген сыйластықтың, барлық әлемдегі адамдардың кез-келген адамның терісінің түсіне, әлеуметтік статусына және материалдық жағдайына, оның білімінің және жағдайының деңгейіне тәуелсіз, барлығымен тең құқыққа ие түсінігіне әкелді.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90-жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Бүгінгі таңдағы білім беруді дамытудың негізгі сипаттамаларының бірі, жаңа бағыттағы арнайы білім беруді талап ететін балаларға тең дәрежеде білім беру мәселесі болып табылады. «Жалпыға бірдей білім» бағдарламасына сәйкес 1994 жылы Саламанка қаласында (Испания) арнайы қажеттілігі бар балаларға білім беруді дамытуға арналған бүкіләлемдік конференция болып өтті. Конференция соңында Саламан декларациясы жасалды. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.
- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады. Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі принциптері туындайды:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістік қажет ету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [47].

Сонымен, қорыта айтқанда, әр тарихи кезеңде мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға деген қарым-қатынас қоғам, мәдениет, саясат пен әлеуметтік даму ерекшеліктерімен сипатталғаны анық.

Келесі кезекте, біз инклюзивті білім беру ұғымына контент-талдау жасап, мазмұны мен ерекшеліктеріне назар аударатын боламыз.

Инклюзивті білім беру – бұл адам эволюциясы заңдылықты түрде әкеле жатқан, қазіргі таңдағы шындық. Инклюзивті білім беру әлеуметтік құндылық және білімдік саясат пен әлеуметтік ұстаным болып шығуда.

«Инклюзивті білім беру» термині ағылшын тіліндегі «inclusion» деген терминге негізделген, аудармасы «енгізу, қосу» дегенді білдіреді. Француз тілінен аударылған «inclusif»-тің аудармасы «құрамына кіреді» және латын тілінен «include» – «жасаймын, кіремін» деп аударылады. Сөздіктерде инклюзивтік білім – бұл мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысында барлық адамдар үшін білімнің қолжетімділігін көздейтін жалпы білім беруді дамыту үрдісі [48].

Инклюзивті білім берудің интеграциядан ерекшелігі ол барлық адамдарды жалпы білім беру жүйесінің бөлігі ретінде басынан бастап қарастыратыны. Инклюзивті білім тұлғалардың айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне қарай «қалыптылықты» болжайды. Арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, барлық адамдар әрбір нақты қоғамдастыққа жатады. Инклюзивті білім берудің мақсаттарының бірі кез-келген білім беру ұйымы (балабақша-мектеп-колледж-ЖОО) болашақта мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қабылдауға дайын болуын қамтамасыз ету. Бұл мақсат білім беру ұйымдарының құрылымы мен жұмысының өзгеруін ғана емес, сондай-ақ, өз жұмысын балалар мен ересектердің белгілі бір топтарын оқыту ретінде қарастыратын білім саласының барлық субъектілерінің көзқарастарын өзгертуді талап етеді. Көбінде білім беру ұйымдары өз іс-әрекеттерінде тұлға, оның қажеттіліктері басты назарда тұратын тұрғыны ұстанады, және осы тұрғы барлық субъектілер барлық тұлғалардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатындарын қажет етеді. Инклюзивті білім берудің интегративті тұрғыдан ерекшеленетіні, инклюзивті білім беру жағдайында білім беру ұйымдарындағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен мүгедектерге деген қарым-қатынастың өзгеруі. Білім беру идеологиясы оқу үрдісінің гуманизациялануына және оқытудың тәрбиелік бағыттылығының күшейуіне қарай өзгереді (1-кесте).

Инклюзивті білім берудің идеалы ол дегеніміз – мектептер есігін аттаған әрбір баланы қабылдап қана қоймай, дамуындағы шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға including ерекше мұқтаждықтары қанағаттандырылатындай


сыныпта білім алуға толық құқылы мүше екеніне кепілдік беру шарттарында. [54].

Кесте 1– Инклюзивті білім берудің анықтамалары

Авторы, нормативті құжаты, түсінік көзі	Инклюзивті білім беру дегеніміз ...
1	2
Терминдер сөздігі	... – ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың білімге қол жетімділігін қамтамасыз ететін жалпы білім беруді дамыту үрдісі [49]
Саламанка декларациясы	... – бұл балалардың білім алуға және тұрғылықты мекен жайы бойынша оқуға құқықтарын қамтамасыз ету қағидасына негізделген жалпы білім беру ұйым жағдайындағы білім беру қызметінің жүйесі
ЮНЕСКО	... - мүгедектігі және оқу қиындықтары бар балалардың білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін мектептер мен басқа да оқу орталықтарын түрлендіруге бағытталған процес
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте оқыту мәселесі бойынша халықаралық кеңестер	... – барлық балалардың қол жетімді бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беретін саясат пен үрдіс
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы	... - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үрдіс [50]
Сулейменова Р.А.	... – жасына, жынысына, этникалық және діни көзқарасына, даму және экономикалық статусына қарамастан барлық балаларды жалпы білім беру үрдісіне кіріктіру және әлеуметтік

1-кестенің жалғасы	бейімделуіне бағытталған кедергілерді жоюға негізделген мемлекеттің саясаты
Байтурсынова А.А.	... – бұл барлық білім беру ұйымдарында қол жетімді және арнайы білім беру жағдайын қамтамасыз ету және кедергілерді жою арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне кіріктіруге, сонымен қатар білім берудің және әлеуметтік түзету-дамыту қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат [51, 25]
Мовкебаева З.А.	қажетті материалдық-техникалық және психологиялық-педагогикалық жағдайларда даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды (есту, көру, ойлау, тіл, тірек-қимыл қабілеттері тежелген) жалпы білім үрдісіне кіріктіру [52]
«Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования» еңбегі	қосымша арнайы жағдайлар жасау арқылы даму мүмкіндіктері шектеулі және шектеусіз тұлғалардың бірігіп оқуы және тәрбиелену үрдісі [53]

Қазақстан Республикасындағы мектептердің практикасында орын алған мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қарапайым, физикалық енгізу инклюзивті білім беру болып табылмайды. Осындай оқытудың тәжірибесі әр баланың жеке қажеттіліктері ескерілетіндей оқу үрдісін ұйымдастыруға педагогтардың дәрменсіздігін көрсетеді. Мұндай балалар оқу үрдісіне қатыспайды, салдарынан олардың оқуға деген ынтасы азайып, оқу нәтижелері азаяды. Инклюзивті білім беруде Д. Митчеллдың позициясы өте қызықты (1-сурет). Ол өз еңбектерінде инклюзивті білім беруді дамытуда орындалуы міндетті шарттар кешенінің болуын маңызды деп есептейді және оған басты назар аударады. Шарттарды келесі формула түрінде береді: $ИББ = К + МА + 5К + Қ + Р + Б$



Сурет 1 – Д. Митчелл бойынша инклюзивті білім беру шарттары

К дегеніміз – көру, көз жеткізу, инклюзивті білім берудің негізгі принциптеріне берілгендігі және оны жүзеге асыруға даярлығы. Инклюзивті мектепте әрбір баланы қабылдап, оны ұжымның маңызды мүшесі деп санайды. ДШМ бар оқушыны оның арнайы білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оның құрдастары және мектеп ұжымындағы басқа да мүшелері қолдайды.

МА. Мүмкіндіктері бойынша сегрегация емес (арнайы мектептерге, арнайы сыныптарға), керісінше балаларды жалпы оқу үрдісіне тарту.

5К. Ол дегеніміз – адаптацияланған оқу жоспары, адаптацияланған бағалау, адаптацияланған оқыту, адаптацияланған қоршаған орта, инклюзивті білім беруге деген құқығын тану.

Қ. Инклюзивті білім беру кәсіби мамандар командасы тарапынан қолдауды қажет етеді (психологтар, логопедтар, арнайы педагогтар, ЕДШ инструкторлары, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер, мектептің қарапайым педагогтарына кеңес беретін арнайы білім беру координаторы, және мұғалімдер көмекшілері), сол сияқты ата-аналар тарапынан да қолдау мен көмек қажет.

Р. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы мұқтаж болған барлық ресурстар арнайы білім беруде шоғырланған. Олар - материалдық құралдар, дайындалған кадрлар, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Көптеген елдерде сияқты бұл ресурстарды «ресурстар оқушыны артынан жүреді» деген принцип негізінде қайта бөлу қажет.

Б. Инклюзивті білім берудің жоғарыда аталған барлық компоненттерінің жұмыс жасау үшін барлық деңгейде басшылық жасау қажет: үкіметтік, аймақтық, жергілікті деңгейде, сол сияқты мектеп директорлары мен мұғалімдер деңгейінде де. Үрдіске қатысатын барлық қатысушылар инклюзивті білім берудің идеологиялық негізін түсініп, оны түсіндіре алуы тиіс, сонымен қатар өзінің әрекеттерімен инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырылуына деген сенімдерін көрсете білу керек. Мектеп басшылары мұғалімдермен бірлесе отырып өз мектептеріндегі инклюзивті мәдениеттің дамуына жауапкершілікте болады [55].

Біздің ойымызша Д.Митчелл ұсынған шарттар формуласы инклюзивті білім беру дамуындағы маңызды аспектілерді, әсіресе субъективті жақтарын бейнелейді. Қазақстан Республикасында осы шарттарды жүзеге асыру және ендіру бойынша шараларды әзірлеу инклюзивті білім берудің тиімді дамуына септеседі. Д.Митчелл инклюзивті білімде жетістікке бағытталған педагогтың қызметі мен рөліне ерекше назар аударды. Осылайша, инклюзивті білім беру негізіне балалардың қандай да бір дискриминациясына жол бермейтін және барлық адамдарға деген тең көзқарасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайтын идеология жатыр.

Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі жандардың жоғары білім алу құқығы саласындағы Халықаралық заңнаманы сараптай келе, төмендегідей реттеуші жаһандық заңнамалық негіздерді бөліп қарауға болады:

1) Мүгедектердің негізгі құқықтары, соның ішінде білім алуды қоса алғанда.

2) Мүгедектігі бар адамдардың жалпы білім беру мекемелерінде оқу құқығы.

3) Білім беруде мүгедектердің арнайы жағдайлармен қамтамасыз етілу құқығы.

4) Мүгедектігі бар жандардың сапалы және дамытпалы білім алу құқығы.

Бұларды тереңдете қарастырсақ:

1. Мүгедектердің негізгі құқықтарын реттейтін бүкіл әлемдік заңнамалық негіздер (соның ішінде білім алу құқығын қоса алғанда) мынадай қағидаларды іске асыруды көздейді:

- Адам бойындағы әр адамға тән қадір-қасиетін, оның жеке дербестігін, өз таңдауын жасауға және тәуелсіздігіне еркіндік беру қағидасы.

- Қоғамға толық және тиімді қосу мен кіріктіру қағидасы.

- Мүгедектерге тән ерекшеліктерді адамның алуан түрлілігі есебінде қабылдап, барлық адамдармен тең дәрежеде құрметпен қарау қағидасы.

- Әлеуметтік қамтамасыздандыру мен қайырымдылықты құқықтар мен еркіндіктер жүйесімен алмастыру қағидасы.

- Әрбір адамды білім алу құқығымен қамтамасыз ету қағидасы.

Сонымен, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 26 бабында: «1. Әр адамның білім алуға құқығы бар. Білімнің ең төменгі мөлшері бастауыш және жалпы білім беру тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға міндетті болуы тиіс. Техникалық және кәсіптік білім көпшілікке түгел қолжетімді болуы тиіс және жоғары білім әркімнің қабілетіне қарай, баршаға біркелкі қол жетімді болуы тиіс. 2. Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуді нығайтуға бағытталуы тиіс...» [56].

«Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасының» 120 бөлімінде «Мемлекеттер білім беруде мүгедек жандардың басқалармен тең дәрежеде білім алуға мүмкіндіктері бар құқығын мойындайтын саясат жүргізуге тиіс» деп бекітілген. Мұнымен қоса, «міндетті білім беруге қатысты заңдар мүгедектіктің түрлі нысандары мен дәрежелері бар балаларды, соның ішінде ең ауыр мүгедектігі бар балаларды да қамтуы керек» делінген [57]. Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктер қамтамасыз етудің стандарттық ережелерінде: «мүгедектіктің түрлі нысандары мен дәрежелері бар, оның ішінде, мүгедектіктің ең ауыр түрі бар балалар жынысына қарамастан міндетті біліммен қамтамасыз етілуі тиіс» деп жарияланған [58].

«БҰҰ Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенциясында» жарияланған және Қазақстан Республикасында 2016 жылдың қаңтарында №449-V «Мүгедектігі бар жандардың білім алу құқығы» ратификацияланған [59]. Конвенцияның 1-бабында білім беру саласындағы теңдік қарым-қатынасты, атап айтқанда: «а) кез келген түрдегі немесе дәрежедегі, тұлғалардың, кез келген адам немесе топ үшін білімге қол жеткізу жолдарының жабылуын; б) кез-келген білімі төменгі деңгейдегі тұлғалардың немесе адамдар тобының білім алуына шектеу қоюды; с) кез-келген адам немесе адамдар тобы үшін жеке, бөлек білім беру жүйелерін немесе мекемелер құру мен сақтауды; д) кез-келген тұлға немесе адамдар тобының адамдық қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ережелерді жою немесе бұзу қажеттігі айтылған. Осыған сәйкес, аталған Конвенцияның 3-бабында мемлекеттердің міндеті жарияланған, мұнда: а) білім беру саласында кемсітушілікке жол берілген барлық заңнамалық қаулылар және әкімшілік жарлықтар күші жойылып, әкімшілік тәжірибелер тоқтатылуы тиіс; б) оқушыларды оқу орындарына қабылдау кезінде, кемсітушілікті болдырмау үшін, қажет болған жағдайда, қажетті заңнамалық шаралар қабылдануы тиіс) мемлекеттік органдар, білім беру мекемелеріне қандай да бір көмек түрлерін көрсеткен жағдайларда - оқушылардың немесе оқушылардың тек қана белгілі бір нақты тобына тиесілі ынтасына, басқа да негіздеріне қарай бұрмалау немесе шектеулерді болдырмау. Жоғары білім алу мүмкіндігіне қатысты Конвенцияның 4-бабында: «жоғары білімді толық теңдік баршаға, әркімнің қабілеттілігіне қарай қолжетімді жасау керек. Заңмен қарастырылған міндетті білім беруді сақтаумен қамтамасыз ету керектігі айтылған». Сонымен қатар, барлық тең деңгейдегі мемлекеттік оқыту

мекемелерінде білім берудің біркелкі деңгейі мен білім беру сапасына катысты бірдей тең жағдайлармен қамтамасыз етілуі тиіс» [60].

Бұл жөнінде, келесі құжат, «Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелерінде, 1993 ж.» айтылған. Осы құжаттың 6-шы («Білім») бөлімінде барлық мемлекеттер: балалар, жастар және ересек мүгедектерге арналған интеграциялық (кіріктірілген) құрылымдарында жоғары білім берудің тең мүмкіндіктері қағидасын мойындауын ұсынады. Оларға мүгедектерге білім беруді жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болатындай қамтамасыз ету керектігі айтылады. Бұл жағдайда, ерекше назарды ақыл есі немесе дене кемістігі жағынан ауыр немесе бірнеше мүгедектігі бар балалар мен жастарға аудару ұсынылады. Осылайша, «Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережесінің» 20-бабында: «барынша тәуелсіздікке қол жеткізуде олар да басқалар сияқты өзгелермен тең құқылы, ересектер қатарына қосылғанда мақсатқа жету үшін, олардың әлеуеттік мүмкіндіктері есепке алына отырып білім алуы тиіс» деп атап көрсетілген [58]. Мүгедектердің білім алу құқығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық саясаттың жалғасы «Баршаға білім беру жөніндегі Дүниежүзілік Декларациясы (Джонтъен, 1990) болып табылады. Осы құжаттың 3-бабында «білім алуға әмбебап қол жетімділікті баршаға ортақ жағдайға жеткізу және теңдікпен қамтамасыз етуді орнықтыру» қажеттілігі жататындығы, мұнымен қоса, «білім беру саласындағы мүгедектер қажеттіліктері ерекше назарда ұстауға лайық» екендігі айтылған [61].

«Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі іс-қимыл» қызметі аясында білім беру жүйесінің жаңа тәсілдеріне, арнайы қажеттіліктерді ескере отырып, сонымен қатар, сапалы білім беруде көрсетілетін қызметтердің ұлттық, өңірлік, халықаралық деңгейлеріндегі негізгі бағыттарына жалпы шолу жасалады. «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру қызметі жөніндегі іс-қимылдың негіздемелік (жоспарының)» (1994 ж.) 16-бабында барлық мемлекеттерді: «Жоғары білім беру саласында ақыл ес және дене кемістігі бар балалар, жастар және ересектерге мүмкіндіктер теңдігін олардың интеграциясына (кірігуіне) кепілдік бере алатындай жағдайға сай қамтамасыз ету қағидасын заңнамалық құқықтық тұрғыдан мойындау қажеттігіне шақырады [62].

Осылайша, барлық негізгі халықаралық құжаттарда даму мүмкіндігі шектеулі адамдарды адами алуан түрліліктің құрамдас бөлігі ретінде қабылдау қажеттілігі дәлелденді және мүгедектердің білім алу құқықтары сөзсіз бекітілді. Бұдан басқа, барлық дамыған елдер сонау 1994 жылы Саламанка (Испания) қаласында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беруді дамытудың болашақ бағыттарына катысты ортақ консенсусқа тоқталды. Бұл 92 үкімет және 25 халықаралық ұйымдар әзірлеген консенсус, бүкіл әлемде инклюзивті білім беруді дамытудың аса маңызды құжаты - «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласының қағидалары,

саясаттары және тәжірибелік іс-әрекеттері туралы Саламанка мәлімдемесі, (1994)» - құжатына өте маңызды негіз болды. Бұл құжат салтанатты түрде: «Әрбір баланың білім алуға негізгі құқығы бар және қолайлы білім деңгейін меңгеруін және алуын қолдау мүмкіндігі болуы тиіс», - деп мәлімдейді [63]. Соған орай, әрбір елде мүгедектердің барлық санаттарына білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде білім алуына қол жеткізу теңдігін қамтамасыз етудің іс-шараларын қабылдау қажет болып отыр.

2. Жалпы білім беру мекемелерінде білім берудің бүкіл әлемдік заңнамалық құқықтар негізі келесі қағидаларды іске асыруды көздейді:

- Барлық адамдардың әрқайсының өз қабілеттілік негізіне қарай білім алу қол жетімділігі қағидасы.

- Білім беруде кемсітпеу қағидасы: «ата-аналар мен оқушылардың заңды қамқоршыларының таңдауына сәйкес келмейтін, қандай да бір адамдар немесе адамдардың тобы үшін жеке, бөлек білім беру жүйелерін құру немесе оқу орындарын ашуға жол бермеу».

- Мүгедектерге мүмкіндігінше, жай, жалпы мектеп жүйесінде білім беру қағидасы.

- Тұратын жеріндегі жалпы білім беру жүйесі ішінен тегін бастауыш және орта білім алу қолжетімділігін туғызу қағидасы.

- Білім берудің барлық деңгейінде және өмір бойы үзіліссіз оқытуда инклюзивтік білім берумен қамтамасыз ету принципі.

- Мүгедектердің білім алу құқықтары мен мемлекеттік міндеттердің арақатынасын «Білім берудің барлық деңгейінде және өмір бойы үзіліссіз оқытуда инклюзивтік білім берумен қамтамасыз ету» құқықтарымен үйлестіре іске асыру қағидасы.

Мүгедектігі бар адамдардың білім алуы мүмкіндігінше, жалпы мектептер жүйесі аясында өткізілуі тиіс екендігі жөнінде «Мүгедектерге білім беруге қатысты дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасында, (1982 ж.) сонымен қатар, бұрын аталған «Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық ережелерінің» 6 («Білім беру») ережесінде (1993) бекітілді. Бұл ережелерде: барлық мемлекеттерге «мүгедектігі бар адамдардың білім алуын жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болатындай етіп қамтамасыз ету» керек екендігі мәлімделген. Сонымен қоса, «интеграцияланған (кіріктірілген) құрылымдардағы мүгедектігі бар адамдардың білім алуы үшін жауапкершілік жалпы білім беру органдарына жүктелуі тиіс» [58].

Жалпы білім беру мекемелерінде білім беру құқығымен қамтамасыз ету қажеттігі «Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясында (2006)»да көрініс тапқан. Мысалы, 24-бапта, мүгедектердің білім алу құқықтарын сақтау қажеттігі туралы айта келе, «мүгедектер жалпы білім беру жүйесінен мүгедектігіне байланысты шығарылмайтындай жағдай тудырылуы тиіс екендігі, мұнымен қоса, өзі тұратын жердегі сапалы, тегін инклюзивті білімге басқалармен бірдей, тең дәрежеде қол жеткізе алатындай

жағдайлармен қамтамасыз етілуі тиіс екендігі» мәлімделеді [64]. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласының қағидалары, саясаттары және тәжірибелік іс-әрекеттері туралы Саламанка мәлімдемесінде (1994)» де білім беру саласында ерекше қажеттіліктерді керек ететін адамдарды жай, жалпы білім беру мекемелерінде оқумен қамтамасыз ету қолжетімділігінің қажеттілігі мәлімделген. Бұл маңызды құжатта: «инклюзивті бағыттағы мұндай жай, жалпы мектептер кемсітушілік көзқарастармен күрестің, инклюзивті қоғам құрудың анағұрлым тиімді құралы екендігі, барлығын білім берумен қамтамасыз ету үшін, одан өзге бұлар көптеген балалардың шынайы білім алуын қамтамасыз етеді, нәтижесінде білім беру жүйесінің тиімділігі мен өнімділігін жоғарылатады», - деп атап көрсетілген [12].

Саламанкада талқыланып, құрастырылған «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласының қағидалары, саясаттары және тәжірибелік іс-әрекеттері туралы Саламанка мәлімдемесі (1994)» Халықаралық құжатының 18-бабында: білім беру саясатының барлық деңгейлері аясында, «ұлттықтан бастап, жергіліктіге дейін, «кез келген ақыл ес немесе дене кемістігі бар баланың жақын жердегі мектепке баруын қамтамасыз ету қажет, басқа сөзбен айтқанда, егер ол балада осы кемістіктер жоқ болған жағдайда баратын мектебіне бару мүмкіндігімен қамтамасыз ету керектігі ескертілген [62].

3. *Білім беру саласындағы арнайы жағдайлар туғызудың бүкіләлемдік заңнамалық құқықтық негіздері* төмендегідей құқықтық қағидаларды жүзеге асыруды қарастырады:

1. Тең мүмкіндіктер туғызу қағидасы. Бұл үрдістің көмегімен, қоғамның жалпы жүйесі ретінде, білімге баршаның қол жеткізу мүмкіндігі туатын үрдіс ретінде қарастырылады.

2. Жағдайлар жасау қағидасы, мүгедектерге білім беру жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

3. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, педагогикалық қоғамдастықтарды, ата-аналарды тарту қағидасы.

4. Ақылға қонымды үйрену ортасымен қамтамасыз ету және оқу үрдісіндегі жекелеген қолдаулар қағидасы.

5. Мүгедек жандардың әртүрлі қарым-қатынас тәсілдерін қолдану принципі, соның ішінде, білім алудағы және өмірлік, әлеуметтік дағдыларды меңгерудегі баламалық. Бұл жағдайда, үйретудің өзі әр жеке тұлғаның сол ортадағы қарым-қатынас тіліне сай келетіндей, сол ортадағы қарым-қатынастың ең тиімді әдіс, тәсілдері қолданылып, білімді терең меңгерте алатындай және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ете алатындай жоғары деңгейде өткізілуі тиіс.

Мүгедектігі бар жандарға білім беруде арнайы жағдайлар жасау қажеттігі жөнінде «Мүгедектерге қатысты іс-қимылдың дүниежүзілік бағдарламасында» (1982 ж.) атап көрсетілген [57]. Бұл құжатта мүгедек балалар мен ересектерге білім беру жүйесі төмендегідей болуы тиіс:

а) жекелеген яғни, алдын-ала және келісілген негіздегі әр оқушының қажеттіліктеріне қарай және қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін үнемі жаңаланып қаралып, қажет болған жағдайда қайта қаралатын, нақты анықталған оқыту мақсаттарына жетуге бағытталған;

б) жергілікті тұрғындар үшін қол жетімді болуы тиіс, яғни оқушы қажеттілігімен қамтамасыз ете алмайтын кейбір мекемелердегі ерекше жағдайларды қоспағанда, оқушының тұрғылықты жерінен немесе үйінен қысқа қашықтықта болуы тиіс;

с) жан-жақты, яғни, мектеп жасындағы ерекше қажеттілігі бар балалардың ешқайсысын оның жасына немесе мүгедектік дәрежесіне қарап білім алу мүмкіндігінен айырмау және оның мүгедектік дәрежесіне қарай басқа оқушылардан төмен білім алмауын қамтамасыз ете отырып, барлық адамдарға бірдей қызмет көрсетілуі тиіс;

д) халықтың осы, ерекше қажеттіліктері бар ортасына сәйкес топтарына арналған түрлі мүмкіндіктер қатарын ұсыну [57].

Бұл құжатта: «мүгедектерге қызмет көрсету - мүмкіндігінше қоғамның қолданыстағы әлеуметтік, медициналық, білім беру, сондай-ақ өндірістік құрылымдар аясында өтуі тиіс», - деп көрсетілген.

Бірінші кезекте:

- жалпы білім беру оқыту ұйымдарында осындай балалардың әр түрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру қызметтерінің қажетті ауқымын қамтамасыз етуді; (Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласының қағидалары және саясаты, тәжірибелік іс-әрекеттері туралы Саламанка мәлімдемесі, 1994 ж.)

- «мүгедек оқушыларды сыныпқа қабылдау және сыныптан-сыныпқа көшіру, сондай-ақ емтихан қабылдау мәселелерінде арнайы ерекше икемділік жағдай жасау (Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы, 1982 ж.);

- жоспарлау, мұғалімдерді дайындау, қосалқы қызметтерді құрастыру және дамыту, т.с.; (Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы, 1982 ж.);

- жеке қажеттіліктерін ескере отырып, ақылға қонымды орнығуын қамтамасыз ету; (БҰҰның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы, 2006 ж.);

- жалпы білім беру жүйесі аясындағы олардың тиімді білім алуын жеңілдету үшін мүгедектерге қажетті қолдау көрсету; (БҰҰ мүгедектер құқықтары туралы конвенциясы, 2006 ж.)

- білімді барынша терең меңгеруі мен жоғары әлеуметтік дамуына жағдай жасау, жекелеген қолдауды ұйымдастыру; (БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы, 2006 ж.);

- бағдарлау және ұтқырлық дағдыларды меңгеруін, құрдастары мен тәлімгерлердің қолдауына сүйенуді насихаттау; (БҰҰның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы, 2006 ж.);

- соқыр, саңырау, зағип-саңырау балаларды «тұлға үшін ең лайықты тілдермен қамтамасыздандыру, қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерін білім мен әлеуметтік дамуын барынша меңгертетін ортамен қамтамасыз ететіндей таңдау»; (БҰҰ мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы, 2006 ж.);

- аудармашылар қызметтерімен және басқа да тиісті қосалқы қолдау қызметтерімен қамтамасыз ету; (Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993ж.);

- білім беру үрдісінің барлық деңгейіне ата-аналар топтары мен мүгедектер ұйымдарын тарту; (Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993 ж.; Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы, 1982 ж.)

- ата-аналарға мүгедек-балаға отбасында мүмкіндігінше қалыпты жақындық жағдай туғыза алатындай тиісті қолдау көрсету қажет; (Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы, 1982 ж.);

- мүгедек балалардың ата-аналарымен жұмыс істейтін мамандарды даярлау; (Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы, 1982).

- мектеп және қауымдастықтың кеңейтілген аясы деңгейіндегі қабылданатын саясат кең және түсінікті нақты тұжырымдама ретінде құрылуы тиіс. (Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993);

- оқу бағдарламаларының икемділігін, оларды толықтырулар мен өзгертулер қосу мүмкіндігімен қамтамасыз ету керек; (Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993);

- жоғары сапалы оқу-әдістемелік материалдар беру, оқытушылардың тұрақты дайындығын қамтамасыз ету және оларды қолдау. (Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993);

- мүгедек оқушыларға білім беру ресурстарының мүгедектігі жоқ оқушыларға бөлінетін бөлігімен (ең кем дегенде) бірдей үлесін бөлу қажет; (Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993);

- дене және ақыл-ес кемістігі бар адамдарға арнайы білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты жоспарлау және шешім қабылдау үрдістеріне қатысқан ата-аналарға, қауымдастықтар мен ұйымдарға жеңілдіктер жасау және ынталандыру; (Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласының қағидалары, саясаты және тәжірибелік іс-әрекеттері туралы Саламанка мәлімдемесі, 1994 ж.)

- интегративтік мектептердегі оқу жоспарларын балалардың қажеттіліктеріне қарай (керісінше емес) бейімдеу (Ерекше қажеттіліктері бар жандарға білім берудің (іс-әрекет жоспары) негіздемесі, 1994 ж.);

- оқу материалын табысты игеруді жетілдіру үшін тиімді және қолжетімді техникалық құралдарды пайдалану; (Ерекше қажеттіліктері бар жандарға білім берудің (іс-әрекет жоспары) негіздемесі, 1994 ж.);

- балалар мен ересектерді білім берумен қамтамасыздандыруды бақылау мен бағалаудың жоспарлау тәсілдерін құрастыру; (Ерекше қажеттіліктері бар жандарға білім берудің (іс-әрекет жоспары) негіздемесі, 1994 ж.);

- алдын ала болжау мен ертерек араласу стратегияларын қаржыландыру; (Ерекше қажеттіліктері бар жандарға білім берудің (іс-әрекет жоспары) негіздемесі, 1994 ж.);

- «біріккен»(инклюзивті) білім берудің кәсіби аспектілерін дамытуды қаржыландыру; (Ерекше қажеттіліктері бар жандарға білім берудің (іс-әрекет жоспары) негіздемесі, 1994 ж.);

- мұғалім мамандарды мақсатты дайындаудың оқыту бағдарламаларымен, іске асырудың дәйектемелерімен қамтамасыз етуді қарастырады; (Ерекше қажеттіліктері бар жандарға білім берудің (іс-әрекет жоспары) негіздемесі, 1994 ж.);

4. Дүниежүзілік сапалы және дамытушы білім беру құқығының заңанамалық негізі мына қағидалардың іске асырылуын көздейді:

1. Мүгедек балалардың дамып келе жатқан қабілеттерін құрметтеу және мүгедек балалардың өзіндік қасиетін сақтау құқығын құрметтеу принципі.

2. Білім берудің адам тұлғасының толық дамуына бағытталуы принципі.

Халықаралық құжаттарда мүмкіндіктері шектеулі адамдардың білімін дамытуға құқықтарын қамтамасыз етуі айтылып қана қоймай, сондай-ақ олардың сапалы және тиімділігі жоғары білім алуының маңыздылығы бекітіледі. Осылайша, Мүгедектерге қатысты іс-қимылдардың дүниежүзілік бағдарламасында (1982) әр адамның тұлғасы мен қадір-қасиетін құрметтей отырып, еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру мен олардың қабілетіне аса назар аударудың маңыздылығы көрсетіледі. Мүгедек балалардың дамуы мен өсуінің қалыпты процесіне барынша көңіл бөлу қажет. БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясында (2006 ж.) адам әлеуетін толыққанды дамыту қажеттілігі, қадір-қасиет сезімі мен өзін-өзі бағалау, сонымен қатар, адам құқықтары, негізгі бостандықтары мен адами алуан түрлілікті құрметтеуді нығайту қажеттілігі атап өтілген. Осы Конвенцияда мүмкіндігі шектеулі адамдарда тұлғаны, талант және шығармашылықты, сондай-ақ толық көлемде олардың ойлау және физикалық қабілеттерін дамыту көрсетіледі, ол «мүгедектерді еркін қоғамның өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін береді» [64]. Яғни, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек адамдардың сапалы білім алуына теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беру ұйымдары мыналарды:

- оқу бағдарламалары мен жоспарларын;
- оқыту әдістері мен нысандарын;
- бар ресурстарды, қоғамдық ұйымдармен серіктестіктерді (Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жүйесіндегі принциптер, саясат және

практикалық әрекеттер туралы Саламанка декларациясы, 1994) бейімдеуі тиіс.

Инклюзивті білім берудің халықаралық базасын талдау арқылы мынадай негізгі ережелерді атап айтқан жөн:

1. Адам құқықтары ұғымындағы және Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық құжаттарында нақты белгіленген теңдік принципі, мүгедектер мен мүмкіндіктері шектеулі адамдарға барлық адамдардағыдай құқық береді.

2. Мүгедектер мен мүмкіндіктері шектеулі адамдар ерекше құқықтардың (мысалы, сот үрдісіндегі аудармашының қызметін керең пайдалану құқығы және т.б.) иелері.

3. Адамның құқықтары мен бас бостандығын жариялауды азаматтарға белгілі бір міндеттерді жүктеуден бөліп-жарып қарауға болмайды.

4. Кез келген мемлекет қандай да бір халықаралық құқықтық құжатты ратификациялау туралы шешімді қабылдаған кезде өзінің ұлттық заңнамасын осы құжатта көрсетілген принциптерге сәйкес келтіруге міндеттенеді.

Бүкіл әлемде айтылып жүрген дамуында мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін әр түрлі кедергілерді жою үрдісі, Қазақстан Республикасында денсаулығы қалыпты адамдармен бірлесе оқыту және тәрбиелеу мақсаты, дамуында мүмкіндіктері шектеулі адамдарды сапалы жоғары білім берумен және теңдік қарым-қатынасты қамтамасыз ету болып табылатын инклюзивті білім беру идеяларының туындауына және таралуына ықпал етті.

Қазақстан Республикасы, халықаралық қауымдастықтың мүшесі бола отырып, халықаралық Конвенциялар мен Декларациялардың: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы», «Мүгедектердің құқықтарының декларациясы», «Ақыл-ойы кенжелеп қалған адамдардың құқықтары туралы», «Баланың құқығы туралы конвенция», «Мүгедектерге арналған теңдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері» негізгі қағидаларын толық қолдайды. Қазақстан түрлі халықаралық құжаттарға қол қою және ратификациялау арқылы халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге тырысады. Мұны Қазақстан Республикасының ата заңы – ҚР Конституциясы растайды. Конституцияда «Республика ратификациялаған халықаралық шарттар, оның заңдарының алдында артықшылығы бар және халықаралық шарттан заң шығаруды қажет ететін жағдайлардан басқа тікелей басқа жағдайларда қолданылатыны көрсетілген. Сондықтан мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты барлық негізгі халықаралық нормалар қазақстандық құжаттарда көрініс тапты. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат болып табылады. Қазақстан Республикасында түрлі белгілері бойынша дискриминацияға тыйым салынған [65]. Осылайша, 30-бапта азаматтардың «мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар» екендігі мәлімделген. Бұл құқық «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 15-бабында заңмен бекітілген (8.08.2002 жылғы N345).

Осы бапта «Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі» [66].

ҚР «Білім туралы» Заңының баптарында [67]: 1-бап (21-3-тармақ), 3-бап (1-тармақ), 8-бап (6-тармақ) білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламаларына теңдей қол жеткізуді, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды, барлық деңгейде мүмкіндіктері шектеулі балаларға білімнің қол жетімдігін көздейтін білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен принциптерін ашты. ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңдарын, сондай-ақ мынадай нормативтік құжаттар мен актілерді: «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар», «Мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар», «Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы барлық адамдардың білім алу құқықтарына кепілдік пен осы нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген елдегі инклюзивті білімді дамыту бойынша жұмыстарды жетілдіруге мүмкіндік береді [68].

ҚР мемлекеттік білім беру саясаты мүмкіндігі шектеулі адамдарды білім беру үрдісіне интеграциялаудың тиімді тетіктерін әзірлеуге және іске асыруға, сондай-ақ оларға оңтайлы білім алу жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» мақсаттарының бірі: «сапалы оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» болып табылады [3].

Қазақстан Республикасында заңмен бекітілген барлық азаматтардың білім алу құқығы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да қолданылады. Оған дәлел ретінде, ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңында (2002) [69], мүмкіндіктері шектеулі балалардың «психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарында тегін мектепалды және жалпы орта білім алуға», сондай-ақ «мемлекеттік оқу орындарында мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім

алуға» құқықтары көрсетілді. 2005 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңның негізінде [70] мүгедектердің білім алуға және қызмет түрін, оның ішінде еңбекті, еркін таңдау құқығы бекітілді. Жоғары кәсіби білімді мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік мәртебесін арттырудың және олардың қоғамдық және еңбек қатынастарына қамтылуының тиімді тетіктерінің бірі ретінде қарастырылатын болады. Қазақстан Республикасында білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету қажеттігі туралы айтқанда мүгедектер санатындағы яғни, тұрақты дене, психикалық, зияткерлік немесе сенсорлық бұзушылықтары бар адамдармен қатар, ерекше білім алу қажеттіктері бар адамдар туралы да айтқан жөн (2015 жылғы 20 ақпандағы ҚР Мәжілісі ратификацияланған Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ конвенция (2006). «Білім туралы» 2007 ж. ҚР Заңына сәйкес «ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар»).

ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы Заңының «Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері» атты 3-бабында Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері ретінде ерекше білім алу қажеттіліктері және мүгедектігі бар адамдарға жоғары және ЖОО кейінгі білім мүмкіндіктерін қамтамасыз ету проблемасына тікелей қатысы бар принциптер бөліп қаралады:

1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі...

3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі» [67].

Осы Заң «Жалпы ережелер» 1-тарауының 1-бабында осы Заңда пайдаланылатын негізгі түсініктер ретінде «инклюзивті білім беру» «ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ретіндегі ұғым анықталады. Инклюзивті білім беру мыналарға ықпал етеді: адамдарды бөлетін кедергілерді жою, психикалық және денедегі айырмашылықтары, Қазақстан Республикасының барлық балаларының түгелдей білім алуының тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша кемсітушілікті жою. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне барлығының сапалы білім алуына құқықтарының теңдігі және әр адамның зиялылық дамуы, психофизикалық және жеке дамуын ескере отырып барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі жатады [67]. ҚР «Білім туралы» 2007 ж. Заңының соңғы редакцияларында – «Мүгедектердің құқықтарына құрметпен қарау» (5-тарау 28-бап) арнайы бабы жазылғанын атап айтқан жөн.

Инклюзивті білім беру сапалы білімнің барлық адамдар үшін қолжетімділігін қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін трансформациялау процестерінің бірі болып табылады. Ол балаларды дене бітімі, психикалық, зияткер, және мәдени-этникалық, тіліне қарамастан ерекше білім беру қажеттіліктері бар және жалпы білім беру ортасына өзге ерекшеліктерді енгізуді, олардың сапалы білім алулары үшін барлық бөгеттерді жою, олардың әлеуметтік бейімделуін және әлеуметке ықпалдасуын көздейді [71].

Соңғы жылдары қалыптасқан дамуындағы мүмкіндігі шектеулі және мүгедек адамдардың кәсіби біліктілігін жоғарылату және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуде елеулі еңбек сіңіретін тиімді және үздіксіз кәсіби білім алуды қамтамасыз етудің экономикалық мақсатқа лайықтылығы мен әлеуметтік жоғары мәнін түсіну, жоғары білім беру жүйесінде маңызды трансформацияларды туындатты. Дамуындағы мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерге сапалы жоғары кәсіби білімнің қол жетімділігін және мүмкіндігін қамтамасыз ету мүддесіндегі мемлекеттік саясат, алуан түрлі әлеуметтік жәрдемақылар тізбесі мен жоғары оқу орындарындағы жеңілдіктерді арттыру мен кеңейтуге бағытталатын болады. Осыған байланысты, мемлекеттік құжаттарда мүмкіндіктері шектеулі адамдарға білім алу құқығын қамтамасыз етуден басқа, білім беру саласындағы түрлі жеңілдіктерді көздейтін, ұсынылатын кепілдіктердің тізбесі сипатталады. Ондай жеңілдіктерге мыналар жатады:

- Арнайы педагогикалық қатынасты қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат беріледі.

- Мемлекет балалардың білім алу кезеңінде әлеуметтік қорғауды қажет ететіндердің күтіп-бағу шығынын толық немесе ішінара көтереді. Олардың білім алу кезеңінде әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді [66].

- I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер бюджеттен қаржыландыру арқылы мемлекеттік тегін білім алу, білім беру гранттарын алу конкурсына қатысқан кезде көрсеткіштері басқалармен бірдей болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімдерінің қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында білім алуына болатын басым құқыққа ие болады [69].

Білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу кезінде, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына кіргізу кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектігі бар (медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ) адамдардың артықшылық құқығы болады. Мысалы, ЖОО орнындағы қандай да бір мамандық бойынша

оқуға тегін мемлекеттік білім беру гранттарын алу конкурсына қатысқан кезде дені сау адам және мүгедек адамның көрсеткіштері бірдей болған жағдайда артықшылық мүгедек адамда болады.

- I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде квота көзделеді. Мүгедектердің жоғары білім алу құқықтарын қамтамасыз ету бойынша ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 қаулысына сәйкес ЖОО қабылдау квотасы белгіленген (2012 жылдан бастап мүгедектер үшін квота мөлшері 1%, бұрын - 0,5%). Осы квота түсу емтихандарын табысты тапсыру кезінде қолданылады және (аталған санаттағы адамдар үшін) бүкіл республика бойынша тегін оқуға мемлекеттік гранттың 1%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтарын қамтуға жұмсалатын шығыстарды мемлекеттің олардың білім алу кезеңінде толық немесе ішінара төлеп беруі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтары санатына даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар жатады.

- Қашықтықтан оқу мүмкіндігі. Адамның қажеттілігі мен мүмкіндігін ескере отырып, білім беру бағдарламасының мазмұнына, білімнің әрбір деңгейін алуға қол жетімділік талаптарын құруға байланысты күндізгі, кешкі, сырттай, экстернат нысанында және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін қашықтықтан оқу нысаны да жүзеге асырылады. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 қаулысы) негізінде елдің жоғары оқуларында мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға, оның ішінде мүгедек балаларға, I және II топтығы мүгедектерге қатысты қашықтықтан білім беру технологиялары қолданылады: олар мынадай түрлер бойынша жүзеге асырылады: ТВ-технологиясы, желілік технология мен кейс-технология және басқалары.

- Ата-аналардың білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, тәртібіне және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алу.

- Білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу.

- мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, көзі көрмейтін мүгедектердің және құлағы естімейтін мүгедектердің жоғары мемлекеттік шәкіртақы алуы. Жоғары білім беру ұйымдарында оқитын көзі

көрмейтін мүгедектерге және құлағы естімейтін мүгедектерге мемлекеттік ай сайынғы шәкіртақысына қосымша 75% қосылады.

- I және II топтығы мүгедектерді жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босату жас мамандарды бөлу жөніндегі комиссияның шешімімен беріледі.

- Жұмысты өтеу мерзімі ішінде I және II топтығы мүгедектігі белгіленген жағдайда оқумен байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстар өтелместен жұмысты өтеу жөніндегі міндеттің тоқтатылуы.

- Мемлекеттік білім беру бағдарламасы аясында мемлекеттік оқу орындарында конкурстық негізде тегін жоғары білім алу.

- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог жұмыскерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде оқу-тәрбие үдісін іске асыру.

- Инклюзивті білім беруді ескере отырып білім беру жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеу.

- Білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігі.

- Оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды тандау мүмкіндігі.

- Өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алу мүмкіндігі.

- Қорытынды аттестациялаудан босату («Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестация жүргізудің үлгі қағидаларының» 24-бабы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы).

- Жиһазбен және (немесе) мамандандырылған жабдықтармен жасақталған үй-жайлар беру (14.03.2009 ж. №330 Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Жыл сайынғы тегін медициналық тексеру және тегін емдеу (14.03.2009 ж. №330 Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Бос уақыттағы іс-шараларға, мәдени іс-шараларға қатысуға тарту: экскурсиялар ұйымдастыру, театрларға, көрмелерге, концерттерге және басқа іс-шараларға бару (Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Дипломдық жұмысты қорғаудың орнына мамандық бойынша екі бейінді пән бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсыру мүмкіндігі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген («Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының» 3-бабының 95-тармағы).

- Бөгде адамдардың көмегінсіз тұрмыстық қажеттіліктерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бейімделген үй-жайлар мен құрылғылар беру (14.03.2009 ж. №330 Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Психологиялық кеңес беру, психологиялық қолдау (Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі қадағалау) (Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Дене шынықтырумен айналысудан және ауыр дене еңбегінен босату (мүгедектік тобына және ауру күрделілігінің дәрежесіне қарай) және басқалар.

- Жатақханада тегін орын беру. Бұл ретте мүгедектігі бар студенттерге жатақханада орындар кезектен тыс, бірінші кезекте беріледі. Студенттер жатақханасында тұратын мүгедектер белгіленген тұрғын үй-жайда (бөлмеде) бүкіл университетте оқу мерзімінде ішкі тәртіп ережелерін сақтау талабымен тұруға, оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы үй-жайларды, студенттер жатақханасындағы жабдықты, керек-жарақтарды пайдалануға құқылы.

- Сурдоаударма қызметтері. (Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

- Халықтың аз қозғалатын топтары үшін пандустар және сүйеніштер.

- Ғимаратта лифт болмаған кезде және пандус қондырғысын орналастыру мүмкін болмаған жағдайда жеке пайдалануға арналған кресло-арбаларда жеке пайдалануға бейімделген арнайы көтергіш қондырғы немесе лифт көзделеді [72].

- Әлеуметтік төлемдерді, жәрдемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алу (Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесі).

Осындай міндетті әлеуметтік жеңілдіктермен қатар, жоғары оқу орындарының өздерінің бастамасы бойынша, мүмкіндігі шектеулі студенттер мен мүгедектерге меншікті және бюджеттен тыс қаражат, қоғамдық және қайырымдылық қорларының есебінен, сондай-ақ әлеуметтік әріптестердің, банктердің, кәсіптік одақтардың және т.б. қаражатына әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Әдеттегідей, барлық жоғарғы оқу орындарында мүгедектердің оқуға түсуі, оларды оқыту, жұмысқа орналастыру кезеңдерінде мамандандырылған есеп жүргізіледі.

Институттың немесе университеттің немесе студенттік кәсіптік одақтың өзінің дербес ұсынатын барынша кең таралған жеңілдіктері:

- Ай сайынғы немесе бір реттік материалдық көмек.

- Спорт және тренажер залдарына тегін бару.

- Кітапхананы және Wi-Fi-ды тегін қолдану.

- Оқытушымен жеке сабақтар жүргізу.
- Емтихандар тапсыру кезінде психологиялық және физикалық ерекшеліктерді есепке алу.
- Психологтармен әңгімелесулер жүргізу (жүйелі түрде).
- Түлектерді жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау және т.б.
- Даму мүмкіндігі шектеулі талапкерлер мен мүгедектерге арнайы гранттарды бөлу болып табылады.

Сөйтіп, «Шексіз мүмкіндіктер» жоба-конкурсының нәтижелері бойынша, сегіз қатысушы 2015 жылы Almaty Management University (бұрын МАБ, ныне AlmaU) MBA бағдарламаларына жоғарғы оқу орнында оқуға гранттар мен жеңілдіктер алды.

- ЖОО-лардағы коммерциялық (ақылы) бөлімдерде оқу үшін ақы төлеу кезіндегі жеңілдік. Мысалы, Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жетімдер мен бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге 50 пайызға дейін оқу ақысына жеңілдік ұсынылады. «Нархоз» АҚ Білім беру жеңілдіктерін ұсыну туралы ережеде (2016 жылғы 6 мамырдағы №8 хаттама): бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысына сәйкес, тиісті мамандық бойынша оқыту қарсы болмайтын бала кезінен мүгедектерге, сондай-ақ ата-анасының екеуі де (ата-анасы біреу болған жағдайда – біреуі) бірінші немесе екінші топтағы белгіленген мүгедектікке ие тұлғаларға жылдық оқыту құнының 20% мөлшерінде әлеуметтік жеңілдіктеркөзделеді.

Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде ақылы негізде оқитын мүгедек студенттерге оқу үшін 10-20% мөлшерде жеңілдік ұсынылады.

- Кейбір ЖОО-лар (мысалы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қаныш Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті және т.б.) мүгедектігі бар студенттерді жеңілдікті немесе толықтай тегін тағаммен және киім-кешекпен қамтамасыз етеді. Осылайша, мысалы, Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде, университеттің меншікті қаражатының есебінен әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында мүгедек студенттерді тамақтандыру ұйымдастырылды: 2013-2014 оқу жылы 30 студент, 2014-2015 оқу жылы 24 мүгедек студент тағам өнімдерін сатып алуға айына 6000 теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы алды, 2015-2016 оқу жылы 27 мүгедек студент тағам өнімдерін сатып алуға айына 9000 теңге мөлшерінде ақшалай көмек алды және т.б.

- Кейбір ЖОО-лар мүгедектігі бар студенттерді Республика астанасы – Астана қаласына, Солтүстік Қазақстан облысының тарихи орындарына (М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті және т.б.) тегін экскурсиялық турлармен қамтамасыз етеді.

- Ректорлық гранттардың, отандық және шетелдік инвесторлар гранттарының есебінен мүгедектігі бар студенттерге халықаралық конференцияларға қатысқаны үшін ақшалай қаражат, ай сайынғы шәкіртақы, атаулы шәкіртақылар бөлінуі, тамақтануға, киім-кешек, аяқ киім сатып алуға, емделуге, қоғамдық көлікте тегін жол жүруге ақшалай өтемақы төленуі, материалдық көмек берілуі және т.б. мүмкін.

Мемлекеттік гранттар және университеттер бөлетін жеңілдіктер мен жәрдемақылардан бөлек, конкурстық негізде арнайы гранттар ұсынатын әртүрлі қорлардың барын ескерген жөн. Олардың ішінде Ержан Татишевтің Қоры, «Даму-Көмек» Қоры, мүмкіндігі шектеулі жоғары сынып оқушыларын тестілеу FLEX бағдарламасын атауға болады (бағдарлама 1992 жылдан бері жұмыс істейді, осы уақыт аралығында Еуразия елдері мектептерінің 20 мыңға жуық түлегі «FLEX» шәкіртақысына ие болды). Бұл бағдарламаны толғымен АҚШ үкіметі қаржыландырады.

Отандық мемлекеттік құжаттарда әлеуметтік кепілдемелер мен жеңілдіктерден өзге, білім беру мекемелерінде олардың сапалы білім алуына ықпал ететін бірқатар жағдайларды жасау қажеттігі белгіленген. Ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғаларға (балаларға) арнайы жағдайлар жасау қажеттігі Қазақстан Республиканың «Білім туралы» Заңында көрсетілген (2007 ж.).«Мемлекет Инклюзивті білім берудің мақсаттарына жету жолында даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуындағы ауытқуларды түзетуіне әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды білім берудің барлық деңгейінде қамтамасыз етеді».

Білім беруге бағытталған арнаулы жағдайлар:

- арнайы оқу бағдарламалары мен оқыту әдістері;
- техникалық және өзге де құрылғылар;
- өмір сүру ортасы;
- ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалардың (балалар) жалпы білім беретін бағдаламаларды игеруіне қажетті медициналық, әлеуметтік және басқа қызмет түрлері.

Қазақстан Республиканың «Білім туралы» Заңында (2007 ж.) арнайы шарттардың бірі ретінде жеке тұлғаларға арналған арнаулы оқу бағдарламаларын құрастыру белгіленеді.

Бұл бағдарламалар психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер қорытындысы бойынша жасалған ұсыныстарға негізделген, оқушылар мен тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен потенциалды мүмкіндіктерін есепке алады.

Бұл бағдарламалар психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер қорытындысы бойынша жасалған ұсыныстарға негізделген, оқушылар мен тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен потенциалды мүмкіндіктерін есепке алады.

Қазақстан Республикасы Заңнамасында мүгедектігі бар тұлғаларға көтерме шәкіртақы, ЖОО-на түсу кезіндегі жеңілдіктер мен оқуды аяқтаған соң еңбекпен өтеуден босатылуы қарастырылған. Оған қоса, «Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды

дамыту мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім берудің «жеткіліксіз дамуы» көрсетіледі.

«Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес ЖОО-да инклюзивті білім беруді енгізудің нақты іс-шаралары белгіленген. Мемлекеттік бағдарлама негізінде ерекше білім алу қажеттілігі бар студенттерге кедергісіз қолжетімділік пен бірдей жағдай қарастырған ЖОО-ның 2015 жылғы үлесі 12%, 2017 жылғы үлесі 25%. 2020 жылға дейін осы категориядағы студенттерге кедергісіз қолжетімділік пен бірдей жағдай қарастырған ЖОО-ның үлесі 100%-ды құрайды [3].

2019 жылға дейінгі аралықта жоғары білім беру және ЖОО-нан кейінгі білім беру кезеңінде мүмкіндігі шектеулі студенттерге кедергісіз қолжетімділік пен бірдей жағдай жасау жұмыстары жалғасады (пандустар, көтергіштер, лифтілер және ақпараттық, кітапханалық ресурстармен қамтамасыз ету және басқалар). Оған қоса, мемлекеттік бағдарлама аясында дистанционды білім беру технологиясын дамыту, онлайн курстардың кең ауқымда ашылуы, арнаулы оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарының құрастырылуы, ЖОО-да мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жасайтын профессорлық-оқытушылық құрамды қайта даярлаудан өткізу қарастырылып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жыл 17 қаңтардағы №87 №533 «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық ережелерді бекіту туралы қаулысына сәйкес [73] мүгедектерге және церебралды паралич дерті бар балаларға қоғамдық орындарда жағымды жағдай жасауға бағытталған арнаулы санитарлық нормалар бекітілген. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жаңа құрылыс нысандарын тұрғызу барысында жобалық-есептеу құжаттарында арбамен жүретін мүгедектерге арналған жолдар, ішкі қосымша өтпелі жолдар, пандустар, әжетханалардағы арнайы бөлмелердің болуын ескеруде. Баспалдақпен көтеріліп, түсу кезінде – ересектер мен балаларға арналған екі қатар ұстағыштардың болуы, соқырлар мен нашар көретіндерге арнап ұстағыштарды және баспалдақтың алғашқы және соңғы басқыштарын айшық түсті бояумен бояу және арнайы бұдырлы жабындар төсеу қарастырылған. Елімізде мүгедектер құқығы Конвенциясын ратификациялау жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда. Жоспарды жүзеге асыру кезеңінде:

1. Мүгедектерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау заңнамаларының Мүгедектер құқығы туралы Конвенция нормаларына сәйкестігін анықтайтын инвентаризация жүргізілді. Соның нәтижесінде:

а) «Мүгедектер құқығын қорғау мәселесі жөнінде ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданып, 24 заңнамалық актіге өзгерістер енгізілді.

ә) «Миграциялау және халықты әлеуметтік қамту мәселесі жөнінде ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданып, мүгедектерге жұмыс орындарын квоталандыру нормалары және мүгедектерді жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырған жұмыс берушілерді ынталандыру мәселесі қарастырылған.

2. Мүгедектерге арналған қолжетімді ортаның сақталуы тұрғысынан әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жағдайы анықталуда. Осы мақсатта әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне түгендеу (паспорттау) жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді [74].

3. Қоғамда мүгедектер мен мүгедек балалардың проблемаларына позитивті көзқараспен қарауға байланысты жұмыстар жүруде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы №752 қаулысымен бекітілген «Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру бойынша 2014-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына» байланысты, Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған «Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешені» бекітілді [75].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері бекітілді. Аталған құжатта инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі мәселелері қарастырылған:

- инклюзивті білім беруді дамытудың құқықтық-нормативтік және ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері мен механизмдерін жетілдіру;
- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру (оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік топтамалары түрлендіру және бейімдеу, оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды жүйесін енгізу);
- білім алушыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, өзін білім беру ортасының маңызды әрі белсенді мүшесі ретінде сезінетіндей қолайлы орта қалыптастыру, өзін-өзі бағалауын жоғары деңгейге көтеру;
- қолжетімді «кедергісіз ортаны» қалыптастыру және білім алушыларды теңгеруші құралдармен қамтамасыз ету;
- инклюзивті білім беруді жүзеге асырушы білім беру ұйымдарындағы кадр мәселесін жақсарту;
- ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалардың кәсіби-техникалық жоғары білім алуы жалғастыруына жағдай жасау;
- инклюзивті білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған «Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешеніне» байланысты 2020 жылға дейінгі аралықта төмендегі мәселелер қарастырылады:

1. Инклюзивті білім беруді дамытудың құқықтық-нормативтік тұстарын жетілдіру.

2. Ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету.

3. Материалды-техникалық қор және кадрлармен қамтамасыз етуді жетілдіру.

Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған «Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешеніне» байланысты, 2020 жылға дейінгі аралықта жоғары және ЖОО-нан кейінгі білім беруде келесі маңызды шараларды іске асыру жоспарланды:

1. 2015-2020 жылдар аралығында мүгедектігі бар тұлғалардың қажеттілігіне қарай, жоғары, кәсіби-техникалық және орта білім беру бағарламаларын жаңарту.

2. 2015-2020 жылдар аралығында инклюзивті білім беруде аймақтық ресурстық кеңес беру орталықтарын ұйымдастыру және қалыптастыру.

3. Ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғаларды оқытуды заманауи техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз ету (оқулықтар, оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар).

2015-2020 жылдар аралығында, оқытудың ерекше тәртібін қалыптастыратын жағдайлар жасау; жұмыс орнын жаңа технологияның соңғы үлгілерімен қамтамасыз ету.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық базасын құрудағы негізгі постулат-педагогикалық көзқарасты негізге ала отырып білім алушыларды тең дәрежеде білімдік мүмкіндіктермен қамтамасыз ету. Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен мүгедектерге жоғары білім берудің нормативтік-құқықтық базасын талдау нәтижесі, осы адамдардың жоғары білім алу құқығының жүзеге асырылуы жеткіліксіз дәрежеде екендігін көрсетті. Көп жағдайда аталған студенттердің оқу табыстылығы олардың өз мотивациясы мен табандылығына, ЖОО-ның бастамасына, ЖОО-ның әкімшілігі мен профессор-оқытушылар құрамына және курстастарына тәуелді.

Қазіргі уақытта ЖОО-да білім алу процесінде студенттер үшін әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақылардың көптеген түрлері заңды түрде бекітілген. Алайда, нормативтік-құқықтық құжаттарда даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдауды талап ету мен осы қызметтің мазмұны, мақсат-міндеттерінің сипаттамасы қарастырылмаған. Оған қоса ЖОО-да мүгедек студенттерге

білім берудің материалдық-техникалық базасы мен кедергісіз ортасын қалыптастырулағы заңнамалы түрде бекітілген талаптар бекітілмеген. Орын алып отырған тенденциялар мен инклюзивті жоғары білім беруді дамытудың алғышарттары Қазақстан республикасы ЖОО-да инклюзивті білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі стратегияларын әзірлеудің қажеттілігі туындайтынын айқындап отыр. Осы стратегия шеңберінде инклюзивті білім беруді дамытудың принциптері мен бағыттары айқындалып, мүмкіндігі шектеулі және мүгедек жандардың білім алуына жағдай жасалады. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді тиімді дамытудың және сапалы жоғары білім алуға ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалардың қол жеткізуін тежейтін факторлардың бірі заңнамалық актілер мен әдістемелік нұсқаулықтардың толыққанды әзірленбеуі болып отыр.

Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын талдау нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі және мүгедектігі бар адамдардың ҚР Конституциясында бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтары мен бостандығын барынша толық иеленетіндігі айқындалды (әлеуметтік қорғалу, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қолжеткізуді қамтамасыз ету, ақпараттарға қолжеткізуді қамтамасыз ету, білім алу, қызмет түрін еркін таңдау құқығы т.б.). Сонымен бірге, Даму мүмкіндігі шектеулі жандардың жоғары білім алуы құқығы саласындағы Халықаралық заңнамаларды сараптай отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кезеңіндегі инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктер анықталды. Білім беру саласына түрлі жеңілдіктер ұсынылатын кепілдіктер тізбесі жасалды.

1.2 Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері: шетелдік және отандық тәжірибе

Қазіргі уақытта Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін құру тенденциялары барлық деңгейлерде, әсіресе мектепке дейінгі және мектептегі білім беру сатысында кеңінен қарастырылып, жүзеге асырыла бастады. Алайда аталған үрдіс мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтенуіне, кәсіби-еңбекпен қамтылуына, қоғам өміріне белсенді қатысуларына тікелей қатысы бар жоғары білім беру сатысында аса қарқынды дамытылып жатқан жоқ. Ал, жоғарыда аталған міндеттерге сүйенсек, 2020-жылға дейін мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алуына жағдайлар жасалған ЖОО-дар саны 100%-ды құрауы тиіс. ЖОО-да қандай жұмыстар атқарылуы тиіс, ұйымдастырушылық-педагогикалық мәселелер қалай шешімін табу қажет деген сұрақтың жауабын іздеу мақсатында, біз жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктерін, оның ішінде шетелдік және отандық тәжірибеге талдау жасайтын боламыз.

АҚШ және Европа елдерінің жоғары оқу орындарының мүгедек студенттермен жұмыс жүргізуге байланысты тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі бес түрлі үлгісін көруге болады:

1. Ғылыми-зерттеу,
2. Оқыту-оңалту,
3. Оқу-әдістемелік,
4. Оқыту-интеграциялау,
5. Кешенді қызмет көрсету.

Нақты қарастыратын болсақ:

1. Ғылыми-зерттеу орталықтары. Ғылыми-зерттеу орталықтарының айырмашылық параметрлеріне кіретіндер: мүгедектер мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу; ЖОО жағдайында өңделген технологиялардың апробациясы; диссертациялардың жазылуы; оқытушылармен, мүгедек-қызметкерлермен жұмыстарды ұйымдастыру және осы санат үшін бейімделген әр түрлі технологияларды апробациялау; журналдар, ғылыми мақалалар, монографиялар шығару; оңалту, медицина, денсаулық, психология кафедраларымен ынтымақтастық орнату; халықаралық ғылыми жобалар мен гранттарды әзірлеу.

2. Оқыту-оңалту орталықтары. Оқыту-оңалту құрылымдық бөлімшелерінің қызметі: оңалту базасын құру; медициналық жәрдемді ұйымдастыру; оқу үрдісін ұйымдастыруға арналған ұсынымдарды әзірлеу; психологиялық ақыл-кеңес беру; оңалтудың жеке бағдарламаларын әзірлеу; жергілікті және аймақтық оңалту орталықтарымен ынтымақтастық орнату.

3. Оқу-әдістемелік құрылым. Оларға тән қызметтердің бағыттарына жататындар: мүгедектерге білім берумен айналысатын педагогтар мен қызметкерлерге әдістемелік көмек; оқу курстарын ұйымдастыру мен жүргізу; құжаттарды біріздендіру және құжат айналымының жүргізілуі; әр түрлі санаттағы мүгедек-студенттермен жұмыс жүргізуге байланысты оқытушылар мен қызметкерлер үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу; оқу-әдістемелік семинарларда, тренингтерде даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқытуға оқытушыларды дайындау.

4. Оқыту-интеграциялау қызметтерінің айналысатын іс-әрекет бағыттарына: «Мүгедектерді әлеуметтік интеграциялау» туралы заңдардың негізінде жұмыстарын ұйымдастыру; университетте мүгедектерді интеграциялау бағдарламасының болуы; мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім алу ортасына интеграциялану деңгейін міндетті бағалау; медициналық-оңалту бағдарламасының болуы; міндетті оқу репетиторы мен тьютордың болуы; жоғары оқу орындарының арасында академиялық ұтқырлық бағдарламаларда қарастырылғандай мүгедек студенттермен алмасуды ұйымдастыру; жұмыспен қамту саласындағы интеграциялау (кәсіпорындарда

тәжірибеден өту, жұмысқа орналасу); спорттың жекелеген түрлеріне бейімделу.

5. *Кешенді қызмет көрсету* орталықтарының ерекшелігі, бір-бірімен байланысты әр түрлі қызмет түрлерінің жиынтығынан тұрады. Олар: әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми және әдістемелік, ақпараттық-танымдық және үйлестірушілік, сонымен бірге медициналық-оңалту.

Даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге қолдау көрсету және сүйемелдеу қызметтерінің, осы типті орталықтардың барлығын атан ортақ факторлар:

- қаржылық көмектің болуы;
- қосымша көмек түрлерінің ұйымдастырылуы;
- сүйемелдеу технологияларының баламалы түрлерін пайдалану;
- қолжетімді форматтағы ақпараттарды ұсыну (Брайль шрифті, электронды мәтін, кеңқалыпты мәтін, аудио-, бейнематериалдар);
- емтихандарды тапсыру үшін қолжетімді және кедергісіз жағдайлар жасау;
- қолдау және сүйемелдеу бойынша мамандардың: тьютер, ментор, коуч, жеке көмекшілер, жоғары курс студенттерінің ішінен волонтерлардың жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

ЖОО-да мүгедек тұлғалармен жұмыс жасайтын құрылымдық бөлімшелердің қызметтеріне сараптама жасай отырып, ғылыми-зерттеу орталықтары – Швеция, Бельгия, Германияда, ал, оқыту-оңалту орталықтары-Бельгия, Ұлыбритания, АҚШ-та, оқу-әдістемелік орталықтар Ресейде, оқу-интеграциялық орталықтар – Испания, Италияда және кешенді қызмет көрсету орталықтары Украина мен Ресейде қолданылатындығын көруге болады. Университеттердегі мүгедектер мәселесімен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтарының жарқын мысалдарын Швеция, Бельгия, Германия елдері жүзеге асырып келеді (2-кесте) [76].

Кесте 2 - Шет елдік ЖОО-да мүгедек тұлғалармен жұмыс жасайтын құрылымдық бөлімшелердің қызметтері

Алдыңғы қатарлы университеттер	Құрылым атауы
Швеция	
Умео университеті	Мүгедектер мәселесін зерттеу орталығы
Гетеборг университеті	Мүгедектер мен мүгедектік мәселелер бойынша пәнаралық зерттеу орталығы
Упсаль университеті	Мүгедектік мәселелер орталығы
Эребру университеті	Мүгедектік мәселелерді зерттеу институты
Лунда техникалық университеті	Оңалту технологиялары орталығы
Бельгия	

Брюссельдің Еркін университеті	Мүгедектерге көмек көрсететін кадрларды дайындауға арналған ғылыми орталық
Левен католиктік университеті	Зерттеу орталығы
Гент университеті	Мүгедек-студенттерді сүйемелдеу қызметі

2 - кесте жалғасы

Германия	
Дортмунд техникалық университеті	Дортмунд мүгедектікті зерттеу орталығы
Вупперталь университеті	Мүгедек және созылмалы сырқаттары бар студенттер ісі жөніндегі қызмет
Гейдельберг университеті	Мүгедек және созылмалы сырқаттары бар студенттер ісі жөніндегі қызмет
Берлин техникалық университеті	Мүмкіндігі шектеулі және созылмалы сырқаттары бар студенттер ісі жөніндегі қызмет
АҚШ	
Сэм Хьюстон мемлекеттік университеті	Мүгедектерге қызмет көрсету бойынша кеңес беру орталығы
Тьюлейн университеті	Мүгедектерге қызмет көрсету басқармасы
Миннесоты Университеті	Мүгедектерге қолдау көрсету орталығы
Ашевилдегі Солтүстік Каролина университеті	Мүгедектерге қызмет көрсету басқармасы
Ұлыбритания	
Белфаст корольдік университеті	Мүгедектерді қолдау орталығы
Эдинбург университеті	Мүгедектермен жұмыс қызметі
Йоркширдегі ашық университет	Мүгедек-студенттер мен мүмкіндігі шектеулі және қосымша қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған сервистік қызмет
Испания	
Қашықтықтан оқыту Ұлттық университеті	Физикалық немесе сенсорлы бұзылыстары бар студенттерге интеграциялық қолдау көрсету қызметі
Барселона университеті	Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды интеграциялау бойынша қызмет
Валенсия университеті	Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды

	интеграциялау бойынша қызмет
Италия	
Падуа университеті	Мүгедектерді әлеуметтік интеграциялау бойынша қолдау қызметі
Милан университеті	Мүгедектерге арналған басқарма
Пизан университеті	Мүгедек-студенттерді интеграциялау Қызметі
Флоренция университеті	Мүмкіндігі шектеулі студенттерге қызмет көрсету басқармасы

2 - кесте жалғасы

Швеция	
Стокгольм университеті	Мүгедектер ісі жөніндегі студенттік қызмет
Каролин медициналық университеті	Мүкіндігі шектеулі студенттерге арналған орталық
Швед ауылшаруашылық университеті	Мүкіндігі шектеулі студенттерге арналған орталық
Упсала университеті	Мүгедектер ісі жөніндегі орталық
Польша	
Мария Гжегожевская атындағы арнайы педагогика академиясы	Мүгедектер істері жөніндегі бюро
Варшава университеті	Мүгедек-студенттер істері жөніндегі бюро
Седльце қаласындағы жаратылыстану-гуманитарлық университеті	Мүгедектерді оқыту мен оналту орталығы

Аталған ЖОО-ғы құрылымдардың жұмыс бағыттары:

- жоғары оқу орындарындағы мүгедектік мәселелерді жариялау;
- мүгедектерге жоғары білім беру саласы бойынша халықаралық зерттеу орталығын құру;
- оқыту мен сүйемелдеудің бейімделген технологияларын әзірлеу және апробация арқылы мүгедектердің қолжетімді білім алуларына мүмкіндіктер жасау;
- әр түрлі мүгедектігі бар адамдар үшін веб-сайттардың қолжетімді технологияларын әзірлеуді көтеру;
- мүгедектердің жоғары білім алу мәселері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына ғалымдар мен аспиранттарды тарту;
- мүгедектерді оналту мәселелері бойынша ғылыми семинарлар мен университеттік курстарды ұйымдастыру;
- даму мүмкіндіктері шектеулі студенттермен жұмыс жүргізуге оқытушыларды дайындау;

- оқытушылар мен даму мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін консалтинг қызметтері;

- ғылыми-зерттеу жобаларын дайындау;

- «Мүгедектік және зерттеу» атты арнайы ғылыми-танымдық журналдар мен «Ерекше білім алу қажеттіліктері туралы Европалық журналға» баяндамалар мен есептік мақалаларды жарыққа шығару.

Яғни, көріп отырғанымыздай, біздің елдің жоғары оқу орындарынан айырмашылығы, алдыңғы қатарлы шет елдердің әр жоғары оқу орындарында мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдауға арналған орталықтармен қызмет түрлерінің болуымен ерекшеленеді.

АҚШ-тың жоғары оқу орындары ұзақ уақыттан бері даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқытудың зор тәжірибесін меңгерген. АҚШ-тың әрбір жоғарғы оқу орындарында мүгедек студенттердің саны жалпы студенттердің санының 1%-ын құрайды. Мысалы, АҚШ-тың университеттері мен колледждерінде шамамен 12 мыңнан астам саңырауларды оқытуға арналған 155-тей білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. АҚШ-та «Денсаулығы мен дамуында кемістігі бар жандарға білім беру заңына» (1997) сәйкес, мүгедектерге тегін білім беріледі [77]. Американың жоғарғы оқу орындары үшін мүгедек студенттермен жұмыс істеу пайдалы. Себебі, мемлекет тарапынан осы санаттағы студенттерді қолдағаны және қызмет көрсеткені үшін арнайы қаржы бөлінеді. Даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер әр түрлі қорлар мен ұйымдардың, орталықтардың шәкіртақыларына сұраныс беруге құқылы. Ғылыми зерттеу барысында Еуропалық одақ елдері мен АҚШ-тағы жоғары оқу орындарында мүгедек студенттердің сапалы білім алуын қамтамасыз ететін бөлімдердің бар екендігіне талдама жасау маңызды.

Мүгедектерге арнайы жағдайлар жасауға жауапты университеттердің ұйымдық құрылымы тұрақты және уақытша қызметкерлерден құралған.

Тұрақты мамандар арасында міндеттерді бөлу негізінен екі тәсілмен жүзеге асырылады:

1) әрбір маман белгілі бір санаттағы анықталған мәселелермен айналысады;

2) әр маман мүгедек студенттердің белгілі бір санаты үшін жауап береді. Бұл тәсіл жоғарғы оқу орнында оқитын мүгедек студенттер саны көп болған жағдайда (1000-нан астам адам болса) қолданылады.

«Уақытша қызметкерлер» санатын: сурдоаудармашылар, оқырмандар, дін, заң оқытушылары, көмекшілер қамтиды. Олар ағымдағы оқу жылы аяқталағанша жұмыс істейді де, жазғы сессия аяқталағаннан кейін жұмыстан босатылады. Олардың саны мен құрамы ағымдағы оқу жылында оқуға түскен мүгедек студенттердің әртүрлі санатына және қандай мүгедек-студенттерге жағдай тудырылуы қажеттігіне тікелей байланысты болады. Мүгедек студенттермен жүргізілетін жұмыстар еріктілік қағидаларына негізделеді. Студент өз мүгедектігі жайында университет қызметкерлерін хабардар етуге міндетті емес, ол жайында айту-айтпауы студенттің өз еркінде. Студент

сонымен қатар кез келген уақытта оған қажетті арнайы жағдай тудыруын өтінуіне және көмектен бас тартуына да болады [78].

Егер оқу сабақтарын өткізуге арналған топтар тек қана мүгедек студенттер үшін ғана құрылған болып, бірақ мүгедек студенттер оған қатысудан бас тартқан жағдайда, топтардың жеке құрылуына жол берілмейді. Мұндай топтар арнайы жағдайлар тудыру үшін құрастырылады, оны таңдау немесе бас тарту студенттің еркінде.

Канадада даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдауға арналған бірнеше бағдарламалар бар. Needs и At-Risk Students арнайы бағдарламалары мүгедек студенттерге қажетті әртүрлі қызметтер көрсетеді. Оқу жоспарының мүгедек студенттерге қажетті бағдарламаларын жүзеге асыра отырып, кеңестер беріп, студенттік отбастарын қолдау ресурстарын қамтамасыз етеді. Көру қабілеті нашар студенттерге арналған оқу бағдарламалары арнайы бейімдеу оқу жоспарлары мен арнайы материалдарды ұсынады, кеңестер береді. Есту қабілеті нашар студенттер командасына американдық ымдау тіліне үйренуге көмектесетін арнайы тьютер тағайындайтын бағдарламалар да бар. Еңбек терапиясымен, физиотерапиямен қамтамасыздандыруға, логопедтік көмектер көрсету жағынан, қозғалыс қимылы қиын мүгедек студенттерді медициналық тексерулерге тасымалдауға қаражат жағынан көмек беретін бағдарламалар да бар [79].

Еуропалық экономикалық одақ елдері. Мүгедектердің құқықтары туралы 23 желтоқсан 2010 жылы өткен Халықаралық Конвенцияға ресми қосылғаннан кейінгі, адам құқықтары жөніндегі келісімшартқа қол қойып, оған байланысты міндеттемелерді өз мойнына алған үкіметаралық ұйымдардың ең алғашқыларының бірі Еуропалық Одақ болды. Бұл дегеніміз, ЕО-қа мүше барлық елдер өздерінің жоғары білім беру жүйесін оның заңдары мен ЕО стандарттарына сәйкес келтіруге міндетті екендігін білдіреді. Евроодақ елдерінде жоғары инклюзивті білім беру мәселелерімен ерекше қажетті білім беру саласын дамыту Еуропалық агенттігі айналысады (European Agency for Development in Special Needs Education). Олар «Raising achievement for all learners, Quality in Inclusive» [80] даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім сапасын арттыру жолдарын табуға бастайтын, құзыреттілігі мен әлеуметтік белсенділік деңгейін арттыратын арнайы даму жобасын іске асыру бастамасын көтерген.

Мүгедек студенттердің табысты әлеуметтік бейімделуінің бір кепілі – білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларының тығыз ынтымақтастығында екендігі атап көрсетіледі. Мысалы, Словакияның университеттері кемсітушілікке қарсы заңдарды орындататын және тең дәрежелі қарым-қатынастар қағидаларын қолданатын орындар болып есептеледі. Жоғары білім беру туралы 131/2002 Актісі барлық талапкерлер мен студенттердің оқуы кезінде Актіде қарастырылған барлық құқықтарын орындауда тең қарым-қатынастар кепілдігін береді. Мүгедектік кемсітушілікке қатаң тыйым салынады.

Австрияда университеттер мүгедек адамдардың теңдігі туралы федералдық Актіге бағынады. Эстонияда теңдік Актісі бойынша білім берудің кез келген деңгейінде, даярлау және қайта даярлауда халықты діни немесе басқа да наным, сеніміне, жасы, мүгедектігі немесе жыныстық бағдарына байланысты кемсітуге қатаң тыйым салынады. Үкімет жоғарғы білім беруді тегін және қолжетімділік жағынан жеңілдететін реформалық бастама көтерді. Румынияда жоғары білім беретін барлық оқу орындары «Кемсітушілікке қарсы тұру туралы заңды» қолданушылар болып табылады.

Аталған елдерде инклюзивті тәжірибенің табысты болуының маңызды шарттарының бірі – университет оқытушыларының бастамашылдығы деп есептеледі. Әрбір білім беру университеттерінің Жарғысында: барлық мүгедек студенттердің жалпы білім жүйесіне толық қатысуын қамтамасыз ететін құзіреттілікке қол жеткізуде әр оқытушы белсенділік көрсетуі тиістігі атап айтылған [81].

Бұл елдерде мүгедектікті жіктеудің түрлі классификациялары бар. Мысалы, Швецияда мүгедектіктің бес түрін: көру қабілетінің бұзылуы; есту қабілетінің нашарлауы; тірек-қимыл жүйесінің бұзылуы; психикалық ауытқулар нәтижесінде туындайтын оқу қиындықтарына байланысты деп, жіктейді. Германияда мүгедектіктің төрт түрі анықталған: дене мүмкіндігі шектеулі, психикалық ауытқулар, ақыл-есінің жетілмеуі, аурулардың бірнеше түрін біріктіретін мүгедектік.

Итальяндық жіктеудің ерекшелігіне мүгедектік түрлерін анықтаудың мүлдем болмауы жатады. «Мүгедектік» сөзінің түсініктемесіне адам бойында ағзаның 66%-ынан астамында әртүрлі ауытқушылықтың болуы кіреді. Оны денсаулық сақтау органдары анықтайды. Бұл тәсілдер Испанияға да тән, мұнда 33%-дық денсаулық мүмкіндігі шектеулі жандар мүгедек деп есептеледі.

Осылайша, Еуропа елдеріндегі мүгедектік типологиясын анықтаудың ерекше айырмашылығы - мүгедектік топтарының болмауы (Қазақстандағы сияқты), мүгедектіктің түрлері мен типтерінің өте көп болуы. Сондай-ақ, білім берудегі қиындықтарға жолықтыратын мүгедектікті *dyslexia*, *dyscalculia*, сөйлеу қабілеттері бұзылған сияқты түрлерін міндетті түрде бөліп қарауы болып табылады.

Германия үшін мүгедектерге білім беру мәселесі, соның ішінде әсіресе кәсіби білім беру аса маңызды болып табылады. Германияның Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігінің (Bundesministerium für Arbeit und Soziales) ресми мәліметтеріне қарағанда, шамамен Германиядағы халықтың 11,7%-дан астамы (шамамен 9,6 млн.) мүгедектер болып есептеледі. Оның 7,1 млн. адамы мүгедектіктің ауыр деңгейінде болса, 2,5 млн. – жеңіл деңгейдегі мүгедектер. Заң бойынша, Германияның барлық талапкерлері физикалық жай-күйіне қарамастан, тең дәрежеде жоғары білім алуға құқылы.

Германиядағы жоғары білім туралы ұлттық заңнамалық Актісінде университеттердің мүгедек студенттердің кемсітушілік жағынан ешқандай

зардап шекпеуіне, олардың барлық академиялық қызмет көрсетулер мен курстарды пайдалануына қолжетімділігі бар екендігіне, олар өздерінің арнайы мүмкіндіктеріне қарай қолдау ала алатындығына, емтихан тапсыруға және студентке тән барлық қажетті талаптар жасалғандығына көз жеткізіп алуын дұрыс деп санайды. Жоғары білім беру жөніндегі осы тиісті түзетулерді барлық федералдық жерлер өздерінің жоғары білім беру туралы заңдарына енгізген. Герман Федерациялық Республикасының барлық заңдары адамдардың физикалық және басқа да ауытқушылықтарына қарамастан, жоғары білім алуға тең дәрежеде мүмкіндігі бар екендігіне кепілдік береді. Онымен қоса, кейбір шектеулі ғана бос орындары бар факультеттерге оқуға түсу кезінде, мүгедек талапкерлер кейбір жеңілдіктерді пайдалануға құқылы.

Дегенмен, мұндай арнайы қажеттіліктерді талап ететін студенттерге арналған оңтайлы жағдайлар, Германияның барлық жоғарғы оқу орындарында іс жүзінде біркелкі жасалған деуге болмайды. Бірақ, барлық университеттер мүмкіндігі шектеулі студенттерге оңтайлы жағдайлар көрсетуге тырысады. Кейбір университеттерде мүгедек студенттердің саны 10-15 пайызға жетеді. Мүгедек студенттер олардың жоғарғы оқу орнында оқуына мүмкіндік беретін кепілдігі бар арнайы қаржылай көмектер алады. Табыстары орташа жалақы деңгейінен әлдеқайда жоғары болған жағдайда ғана, білім алуға кеткен шығынның кейбір бөлшектерін ата-аналары төлейді. Қажет болған жағдайда, мүгедек студент (айдың белгілі бір уақытында) өзінің жеке ассистентіне (көмекшісіне) сенім арта алады. Мұндай көмекшілер сол өзі оқитын жоғары оқу орнының студенттері арасынан немесе сол жоғары оқу орнында көмекшілікке баламалы қызмет атқаратын жастар бола алады. Мүгедек студенттің қажеттіліктеріне сай, ассистент әртүрлі қызметтер атқарады: әдебиеттерді іздестіруде немесе семестрлік жұмыстарды жазысуда көмектеседі; көзі көрмейтіндерге оқу әдебиеттерін дауыстап оқып беруде, саңырауларға дәрістерді конспектілеп беруде, тірек-қозғалыс мүшелерінде кемістігі бар студенттердің университет аймағындағы қозғалысына көмектеседі.

Ассистенттің көмегі мүгедек студентке оқу жұмысының барлық міндетті формаларында: соның ішінде шет елдерде тәжірибеден өту кезеңінде де беріледі. Неміс ЖОО-на түсу кезінде мүгедектер ешқандай жеңілдіктерді пайдалана алмайды, мұндағы мемлекет қолдауы даму мүмкіндігі шектеулі талапкерлер мен студенттерге деген білім алу талаптары деңгейін төмендету емес, керісінше толыққанды, жан-жақты білім алуына қажетті қосымша қолдау көрсету. Атап айтқанда, психофизикалық проблемалары бар студенттер мен қалған студенттер арасындағы теңдік - білім беру стандарттары аясында олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Айтарлықтай үлкен өзгерістер оқытушыларды даярлау саласында байқалады. Алғашында инклюзияға деген қарым-қатынас құндылықтары

калыптастырылады да, содан кейін ғана оқыту үрдісінің нақты қағидалары талқыланады. Осы шараларға қарамастан, Германиядағы инклюзивті білім беру жүйесі толығымен қалыптасып болды деп есептеуге болмайды, ол әлі де даму жолында. Мұнымен бірге, Германиядағы барлық университеттер ғимараттары мен оған іргелес аймақтардың бәріде бірдей, мысалы мүгедектер арбасында отырып қозғалыста келе жатқан студенттің қажеттіліктерімен тең дәрежеде қарастырылмаған. Бұл орайда жаңа кешендердің сәулеттері ережеге сәйкес алдын ала ойластырыла салынған. Кейбір университеттердің кітапханалары соқыр студенттердің сұраныстарына жақсы жауап береді, ал кейбіреуі мүлдем нашар. Сондықтан, мамандар мүгедек студенттерге жоғары оқу орындарын таңдау кезінде алдын ала университетке барып, сол жерде университет білім беру шарттары және инфрақұрылымы жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырама, соған көз жеткізуі керектігі жөнінде кеңес береді. Одан басқа, іс жүзінде әрбір жоғары оқу орнында кәсіби жеткілікті кеңестер берілетін даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау бөлімдері болады.

Бұдан өзге, физикалық жағынан және басқа да кемістігі бар студенттер көбінесе семестрлік жұмысты тапсырудың мерзімін ұзартуға, жазбаша емтихандарды ауызшаға, немесе керісінше ауыстыруға, емтиханды жеке тапсыруға да құқылы.

Барлық неміс жоғары оқу орындарында *мүгедек студенттердің қажеттіліктеріне сай жоспарланған жатақханалар бар*. Алайда, оларға арналған арнайы бөлмелер саны шектеулі. Сондықтан, мүгедектерге бейімделген тұрғын үйде тұру үшін, өтінішті алдын-ала, ертерек беру керектігі ескертіледі. Кейбір университеттер жанында: мысалы, Гейдельберг, Регенсбург немесе Марбургте мүмкіндігі шектеулі студенттерге қосымша қызметтер ұсынатын арнайы жатақханалар бар. Германияның көптеген жоғары оқу орындары студенттердің белгілі бір ағза қызметтерінің бұзылу ерекшеліктерін, әрқайсының физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, спорттық курстарды ұсынады.

Данияда, инклюзивті білім беру 20 жыл бойы жаппай халықаралық конгрестерде талқыланып келеді және әлі күнге дейін білім берудің ең өзекті мәселелерінің бірі болып қалуда. 1997-2007 ж.ж. аралығында даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың саны елде 18,3%-ға өскен болса, жоғары білім алушы студенттер саны 48%-ға өскен. Бұл жердегі инклюзияның негізгі бағыты әрбір студентке жол табу, әрбір студенттің белгілі бір білім саласындағы қабілетін ескеруге бағытталған. Даниялық жоғарғы мектептерде инклюзивті білім берудің үш түрлі формасы қалыптасқан:

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің академиялық топтарға кездейсоқ абайсызда орналастырылуы;
2. Арнайы топтар университетте даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің бөлек топтарға біріктірілуі;

3. Қашықтықтан оқыту кезінде жартылай қатыстырылатын студенттердің қосылуы.

Данияның арнайы қолдауды қажет ететін студенттері (тіл кемістігіне байланысты аудармашы, Брайль материалдары) жоғары білім беру саласындағы әлеуметтік, педагогикалық қолдау заңына сәйкес [82], барлық қажеттілікпен қамтамасыз етілуге құқылы.

Студенттер әлеуметтік педагогикалық қолдау табу үшін өзінің мүгедектік жөніндегі кеңесшісіне бара алады. Білім беру мекемесі бұл мәселелер бойынша белгілі бір шешім қабылдайды және шығындарды өтеу үшін қаражат іздестіреді. Білім беру мекемесі міндетті түрде қажетті қолдау танытуы тиіс. Студенттерге түрлі университет бағдарламаларына түсу кезінде келешек оқу барысында қажетті көмек пен қолдауды дәл уақытында алып отыруы үшін, оларға қажет болатын әлеуметтік педагогикалық қолдау түрлерін алдын ала, кең түрде көрсетіп жазуға кеңес беріледі. Дегенмен, жоғары оқу орындарындағы негізгі құрылымдар мен Даниядағы мүгедек-студенттердің әлеуметтік дамуының табысты кірігуі (интеграциясы) бүгінгі күнге дейін толық көлемде зерттеліп құрастырылмаған [83].

Ұлыбританияда 2010 жылғы теңдік заңына сәйкес, жоғарғы оқу орындары (негізінен университеттер) адамдарды мүгедектігіне қарай кез-келген кемсітуден арылуы жанама кемсіту мен қудалауға да тыйым салынған. Жоғары оқу орындарынан мүгедек студенттерге кез келген басқа студенттер сияқты қарым-қатынасты қалыптастырып, олардың ақылға қонымды бейімделуіне күш-жігер жұмсауы, мүгедектігі бар адамдардың теңдік схемасын жариялау талап етіледі.

Ұлыбританиядағы студенттерді жоғары білім берумен қамтамасыз ету Жетекшілігіне сәйкес – мүгедек студенттердің алты тобы бөлінген:

- дислексиясы барлар;
- жасырын аурулары барлар (қант диабеті, қояншық, демікпе);
- психикасының бұзылуы;
- есту қабілеті нашарлағандар;
- көру қабілеті нашарлағандар;
- тірек-қозғалыс жүйесінің кемістігі барлар.

Мысалы, Ұлыбританияда ауруханада емделіп жатып оқитын даму мүмкіндігі шектеулі студенттер негізгі үкіметтік грантты алады. Жәрдемақы алуға күндізгі бөлімде оқитын мүгедек студенттермен қатар сырттай бөлімде оқитын мүгедек студенттер мен аспиранттар да құқылы. Университеттер жанында мүмкіндігі шектеулі студенттерге қаражат төлейтін қорлар да баршылық. Британдық университеттің мүгедектігі бар сырттай оқитын студенттері мен аспиранттары үш топқа бөлінетін жәрдемақы алады: 1) арнайы жабдықтарға арналған жәрдемақы - компьютер, сканер, сандық диктофон, электронды сөздік, Оксфорд сөздігі, қалта қапшықтары, түрлі-түсті белгілеуіштер, сақтандырғыш және жеке қажеттілігіне қарай үнемі қолданылатын жабдықтар; 2) медициналық емес көмекшілік жәрдемақы-

қосымша сабақтар, негізгі пәндік курстардан тыс жаттығулар; 3) негізгі студенттік жәрдемақы – көшірмелер, дәрістер жазбасына арналған таспа, түрлі-түсті қағаз, қосымша кітаптар. Берілетін жәрдемақы көлемі мүгедек студенттің тіпті ол қашықтықтан оқитын болса да, күніне қанша сағат білім алатынына байланысты. «Білім беру саласында мүгедектерді кемсіту» (1999 ж.) заңына сәйкес, мемлекет Білім беру мәселелері мен кәсіби дайындықты ұйымдастыру кеңестеріне мүгедек студенттерге қажетті қолдауды ұйымдастыру үшін гранттар мен несиелер және басқа да төлемдер бөледі [84]. Міндетті шарт болып табылатын жоғары оқу орындарының қаражатты жұмсау жөніндегі жариялық есебі.

Польшада мүмкіндігі шектеулі студенттерге жоғары деңгейде білім беруді 1989 жылдан бастап ең алғаш енгізген, Седльце қаласындағы жаратылыстану-гуманитарлық университеті болып табылады.

Университеттегі саны 300 адамға жуық мүгедек-студенттерді құрайтын топтың іс-әрекетін «Мүгедектерді оқыту мен оңалту Орталығы» (Centrum Rehabilitacji i Kształcenia Osób Niepełnosprawnych, SKiRON) үйлестіріп отырады. Оның ішінде ең көбі есту мүшесінің дисфункциясымен – 103 адам, екінші үлкен топ, қозғалыс аппаратының дисфункциясымен – 103 адам болса, көру мүшесінің дисфункциясымен – 24 студент. Денсаулықтарының жалпы жағдайына қарай мүгедектігі бар – 68 адам қалған топты құрайды.

Орталық мүгедек-студенттердің келісімімен стереотиптер мен қате түсініктерді жеңу жолдарын іздестіреді. Сонымен қатар университеттегі оқу бағдарламаларының сапасы мен дамуына да ықпалдық етеді. Өйткені, мүгедек-студенттер потенциалды жұмыс берушілерді жоғары деңгейлі білімдерімен қызықтыратын мамандар болып шығулары үшін, аталған орталық, олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, күнбе күн оқыту жүйесін толықтыруды қарастырып отырады. «Бейімдеу күндері», «Интеграциялау балы» атты қызықты іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп, оның барысында мүгедектер үшін университетте жасалып жатқан жұмыстармен таныстырылып, басқа да қоғамдық ұйымдар мен орталықтардың мүшелерімен кездесіп, пікір алмасып, ұсыныстарын білдіріп жатады [85].

Варшава қаласындағы Мария Гжегожевская атындағы Арнайы педагогика Академиясының мүгедек-студенттерді қолдауға байланысты міндеттері мен көмек беру ауқымын қарастыратын болсақ, академия ғимараттарының барлық құрылыс сәулеті мүгедек-студенттердің мүмкіндіктеріне қарай ыңғайланып жасалған. Бұл іс-әрекеттерді «Мүгедектер ісі жөніндегі Бюро» үйлестіріп отырады. Мүгедектерге деген дұрыс қарым-қатынас қалыптасқан. Талапкерлер жеңілдіктер мен шәкіртақылар, емтихан тапсырудың баламалы түрлері жөнінде толық ақпараттар алып отырады. Жаңадан келген көру қабілеті зақымданған студенттердің жүріп-тұруларын жеңілдету мақсатында кеңістікті бағдарлау курстары өткізіледі. Дыбыстық хабарламалар түріндегі ақпараттар оқу

ғимаратының кез-келген стратегиялық нүктелерінен беріліп тұрады (деканаттар, әкімшілік бөлім т.б.). Қозғалыс аппараттарының дисфункциясы басымырақ және көре алмайтын студенттер үшін академия объектілерінің ішінде қозғалып жүрулеріне, сонымен бірге конспектілеу, дидактикалық оқу құралдарын сканерлеу т.б. жағдайларда ассистенттердің қызметтері ұсынылады. Сонымен бірге, Варшава қаласының ішінде қозғалыс аппараттарының дисфункциясы басымырақ студенттер үйден немесе жатақханадан оқу орнына келіп-қайтулары үшін автотранспортпен қамтамасыз етіледі. Көру ақауы бар және есту ақауы бар студенттер үшін шет тілдерінен жеке сабақтар ұсынылады. Сабақтар кішігірім топтарда ыңғайланған түрде (естуінде ақауы бар студенттер үшін жазбаша түрде басымырақ болса, көруінде ақауы бар студенттер үшін Брайль қаріппен жазылған мәтіндерді қолдана отырып, ауызша түрдегі бағдарлама бойынша) жүргізіледі. Қажет болған жағдайда ақпараттық технология пәні бойынша көру қабілеті төмен студенттер үшін көмекші техникалық құрал-жабдықтар (ұлғайтқыш, ақпараттық қамтамасыз ету және т.б.) бөлінеді. Қимыл-қозғалыс аппараттарының ақаулығы басым студенттер үшін сабақтар мүмкіндігінше С ғимаратында, немесе ерекше қолжетімді залдарда, әсіресе қыс мезгілінде өткізіледі. Үлкен дәрісханалар мен сурдопедагогика залдары есту аппараттарымен байланыста болатын дыбыс күшейткіш жүйемен жабдықталған. Сонымен бірге, Radium сымсыз ауа желісі арқылы микрофонмен оқу ғимаратының ішінде еш қиындықсыз байланысқа шығуға болатын портативті жүйе орнатылған. Мүгедек-студенттер дәрістерді дыбыстық ақпарат ретінде жазып алуларына, сонымен бірге сабақ барысында көрсетілген дидактикалық оқу құралдарының электронды нұсқасын сұрап алуларына рұқсат етіледі. Дидактикалық сабақтардың өткізілу барысында есту қабілеті зақымданған студенттерге сурдо-аудармашылар көмектесіп отырады. Мүмкіндігі шектеулі кез-келген студент тіркеу сауалнамаларына e-mail поштасын көрсету арқылы маңызды ақпараттардан (арнайы шәкіртақы алуға өтініш беру мерзімі туралы, PFRON шәкіртақысы, жұмыс туралы ұсыныстар, мүгедектерге байланысты басқа да бағдарламалар жөнінде) хабардар болады. Сонымен қатар қажеттіліктеріне қарай осы құжаттар мен өтініштерді толтыруға көмек алады. Сессия кезінде емтихандар мүгедек студенттерге ыңғайланған түрде жүргізілуі мүмкін. Сұраныстарына қарай емтихан ұлғайтылған қаріптегі тест, ассисент немесе сурдо-аудармашы көмегі, емтихан уақытын ұзартуға байланысты болып отырады. Мүгедектігі бар студенттер академияда психологиялық кеңестер де алып отыруларына болады. Мүгедектер ісі жөніндегі мамандар осы топтағы студенттердің денсаулық жағдайларын, құжаттарын біле отырып, олардың оқытушылармен сұхбаттасуларына, проблемаларын шешуге, себептерге байланысты сабаққа қатыспау күндерін ұзартуға көмектеседі.

Венгрияда, қажетті жағдайлар туындағанда, мүгедек студенттер кейбір курстарды оқу міндетінен, кейбір емтихандарды тапсырудан босатылады.

Қажет болғанда, мүгедек студенттер тілге байланысты емтиханнан немесе емтиханның тілге байланысты бөлігінің талаптарынан босатылады. Мүгедек студенттерге емтиханға дайындалуға қосымша уақыттар берілуі тиіс, жазбаша тесттерді орындау кезінде техникалық құралдарды (жазу машинкасын, компьютер т.б.) пайдалануға мүмкіндік берген жөн. Егер қажет болса, ауызша тест жазбашаға ауыстырылуы керек немесе керсінше ауыстырылуы тиіс. Ұйғарымдар тек аса қажеттілік туындаған жағдайда ғана, бакалавр, магистр немесе оқу бөлімін сырттай бітіру мамандығын алу талаптарына қажетті тиісті сертификаттармен расталатын базалық талаптарды орындауға әсерін тигізбестей жасалуы керек.

Қытайда мүгедектерге арнайы білім беруге көп көңіл бөлінеді. Үкімет мүмкіндігі шектеулі жандарға ЖОО-на түсуге мүмкіндік беретін заңдар қабылдады. Қазір ондай оқу орындарының саны 1655-ке жетті, оларда үш жүз алпыс мың оқушы білім алады. Сонымен қатар, мүгедектерге арналған арнайы және қарапайым курстар бар, жалпы алғанда, оларда төрт мыңдай оқушы оқиды. Одан өзге, мүгедек адамдардың барлығына тиесілі, қарапайым жоғарғы оқу орындарына түсуге де мүмкіндігі бар. Мұндай талапкерлер саны қазір үш мыңға жуық.

ҚХР-да 1996 жылы кәсіби білім беру туралы заң қабылданған. Ол білімді негізінен, кәсіби ЖОО-да, техникумдарда, кәсіби техникалық училищилерде, ересектерге арналған техникалық курстарда алады. Соңғы кездері үкімет экономикалық құрылымды реттеу мақсатында және урбанизациялану үшін осындай білім беруге ерекше көңіл бөлуде. ҚХР-да заманауи өндіріс, тұрмыстық қызмет көрсету, ауылдық жұмыс күші салаларында білікті мамандар жетіспеушілігі сезілуде. Осындай мәселелерді шешу үшін елдің кедей аймақтарында кәсіптік білім беру пункттері ашылған, олардың саны екі жүзге тарта.

Жапония инклюзивті білім беруді білім берудің барлық кезеңдері бойынша: бастауыш мектептен бастап, жоғары және орта арнаулы білім беруге дейін, енгізу саласындағы жетекші мемлекеттердің бірі болып саналады. Жапония қабілет мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру саласында қысқа уақыт аралығында мүгедектерді кемсітудің және олардың қоғамдық өмірінен кемсітуді аластату мен өмір сүрудің ең жоғарғы қолайлы жағдайын тудыру мүмкіндігінің жолынан өтті. Жапонияда мүгедек-студенттерге жоғары оқу орындарында бірнеше жыл бойы көмек көрсетіледі. Жоғары оқу орындарында мүгедектіктің әр түрлі: қимыл-тірек жүйесі кемістігімен мүгедектер арбасына таңылған, даму ерекшелігінде кемістігі бар, ішкі органдарының аурулары, сол сияқты тағы басқа аурулары бар студенттер білім алады және әр студенттің қажеттілігі тек өзіне ғана тән әртүрлі. БҰҰ-ның 2014 жылғы 20 қаңтардағы мүгедектер құқығы туралы конвенцияның ратификациясы Жапонияны әр мүгедекті жеке қажеттіліктеріне сәйкес ақылға қонымды қамтамасыз ету мақсатында сурдоаудармашылар мен титрлар беруге, материалдарды дыбыстауға және

оларды Брайл әліппесіне аударуға міндетті. Жапониядағы инклюзивті білім беруді кеңінен тарату қызметін үйлестіру үшін *Мүгедектерді қолдау ұлттық орталығы*, *Жапон студенттерді қолдау ұйымы* және т.б. құрылды. Қазіргі кезде Жапонияда мүмкіндігі шектеулі жандардың жоғары оқу орындарында білім алуы саласында сөзсіз зор жетістікке жеткен деп айтуға болады. Мүгедектердің қоғамдық өмірге қатысу процесі, әсіресе, білімге қол жеткізуі, Жапонияда екі бағытта жүргізіледі: «қоршаған орта» және «қарым-қатынастық» кедергілерді жою. «Қоршаған орта» кедергілерін жою жоғары оқу орындарының қолданыстағы инфрақұрылымын кедергісіз жаңа архитектуралық талаптарға сәйкес ортаға қайта құру үрдісінде және университет аймағындағы қозғалыс мүмкіндігі шектеулі студенттер қозғалысының жеке траекториясын дұрыс құрастыру жолдары арқылы жойылады. «Қарым-қатынастық» кедергілер мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға көрсетілетін жоғары оқу орнындағы ішкі еріктілердің көмек бағдарламалары арқылы жойылады. Оның құрамына арнайы дайындық курсынан өткен студенттер тартылған және мүгедектерді әлеуметтендірудің муниципалдық, мемлекеттік бағдарламалары кіреді.

Оңтүстік Кореядағы қазіргі заманғы халықтың еңбек етуге жарамды бөлігінің үлесі азайып бара жатқандығынан хабардар ететін демографиялық ахуал, мүмкіндігі шектеулі жандарды да жұмыспен қамту қажеттілігімен айналысуға мәжбүр етті. 1977 жылы Оңтүстік Кореяда «Арнайы білім беруге мүмкіндік жасау жөніндегі» заңның күшіне енуі (Special Education Promotion Act) бір жағынан, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың арнаулы білім алуына болатындығын жарияласа, басқа жағынан – соған сәйкес қажетті саясат– Оңтүстік Кореядағы арнайы білім беру тарихындағы бетбұрысты бөлігі деп саналды.

1997 жылы Оңтүстік Корея үкіметі «Арнайы білім беруді алға жылжыту туралы заңды» (Special Education Promotion Act) қабылдады [86]. 2007 жылы осы заңға қосымша ретінде, «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы білім беру заңы» қабылданып (Act on Special Education for Disabled Persons), мүгедек жандардың жоғары білім алуының құқықтық негізін қалаған елеулі өзгеріс болды [87]. Осы заңға сәйкес, колледждер мен университеттер, мүмкіндігі шектеулі жандарды өз тарапынан кемсітуге және оқуға түсу кезінде оларды қабылдамауға жол бермеуі тиіс. Бұл заңда университет ректорларының мүмкіндігі шектеулі студенттерге көмек беретін университет жанындағы «Арнайы қолдау комитетінің» (Special support committee) жұмысын ұйымдастыру мен қамтамасыз етудегі міндеттері жарияланған. Даму мүмкіндігі шектеулі студенттер саны көп жоғары оқу орындарында «Мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау орталығы» ашылуы тиіс. Бұл комитеттер мен орталықтардың мақсаты білім беруге, көмекші технологияларға және оқудағы көмекке қолжетімділік кепілдігімен қамтамасыздандыру болып табылады. Алайда, университеттегі даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің саны комитет пен орталық

ұйымдастыруға жетпесе, университет команда немесе студенттердің осы контингентімен жұмыс істеуге жауаптыларды тағайындай алады. Осы заң аясында 2005 жылдан бастап, үкімет үнемі арнайы жабдықтармен жабдықталған, арнайы білім беруді қолдау орталықтарын ашып келеді. Осылайша, 2010 жылы, мемлекет осындай орталықтарды 5.395 көмекші құралдармен, 2,683 қосалқы құралдар түрлерімен және 32203 түрлі 59174 әдістемелік материалмен қамтамасыз ете отырып, жабдықтады. Сонымен қатар, нашар еститіндер мен нашар көретін студенттер үшін өз бетімен оқуға арналған кітаптар құрастырылды, мұнымен қатар <http://www.eduable.net> сайты ашылды [88]. 1995 жылдан бастап, үкіметтің жарлығына сәйкес, университетер мүмкіндігі шектеулі жандардың оқуға түсуі үшін ерекше жағдайлар жасауда. Мүмкіндігі шектеулі талапкер университетке ректордың ерекше нұсқауымен де алына береді. Мұндай іс-шаралар университеттерге мүмкіндігі шектеулі жандардың артық қосымша сандарын қабылдап, оларға білім алудың қосымша кең көлемін кеңейтуіне мүмкіндік береді.

«Мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы білім беру туралы» заң (2007 ж.) [89] аясында үкімет оларға арналған арнайы Қолдау орталықтарының ашылуын қаржыландырды. Бұл орталықтарда әр студенттің қажеттілігіне қарай, 3 санаттағы қызметкерлер жұмыс істейді:

1. Күтім бойынша мобильді қызметшілер: егер студенттің науқасы ауыр болса, оған екіден артық ассистент қызметкер көмекке келеді;

2. Мамандандырылған қызметшілер: сурдоаудармашылар мен нашар еститін және нашар көретін студенттер үшін Брайль тілінің аудармашысы;

3. Қашықтықтан оқыту қызметшілері: нашар еститін студенттерге дәрісті түсінуге және басқа студенттермен араласуға көмектесетін қызметкерлер.

Ресей заманауи жоғары мектебінде инклюзивті білім берудің бұқаралық тәжірибесі енді ғана етек алуда. Алайда, әр түрлі кемістігі бар студенттерді оқыту бойынша тек тәжірибе ғана жинақтап қоймай, инклюзивті білім беру тәжірибесінің өз үлгісін айтарлықтай мол әзірлеген жоғары оқу орындарының санын атауға болады. Тұтас алғанда, қазіргі уақытта, Ресей жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру тәжірибесінде мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектерге жоғары оқу орнында білім берудің төрт негізгі формасы қалыптасқандығын атап көрсеткен жөн:

- жоғары оқу орындарындағы арнайы бөлімдер;
- мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектерге арналған мамандандырылған жоғары оқу орындары;
- мүгедектерді жоғары оқу орындарына түсуге дайындайтын дайындық орталықтары;
- мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерді қолдау психологиялық-педагогикалық орталықтары. Ресейде мүгедектерге кәсіби білім беруді алғаш бастағандардың бірі - *Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті*. Мұнда алғашқы рет 1934 жылы есту

кабілеті нашар мүгедектер тек интеграцияланған шарттарда арнайы бағдарлама бойынша білім ала бастады. Қазіргі уақытта Мәскеу Н.Э. Бауман атындағы мемлекеттік техникалық университеті инклюзивті білім беру бағдарламаларын дамытушы Ресейдің алдыңғы қатарлы университеттерінің бірі болып саналады. Қазір бұл жоғары оқу орнында РФ аймақтары мен ТМД елдерінен 13 күрделі инженерлік мамандықты меңгеретін, 200-ден аса есту кемістігі бар студент білім алады. *Челябинск мемлекеттік университетінде* (ЧелМУ) мүгедектерді 1992 жылдан бастап жүйелі оқытып келеді. Мүгедектерге білім беру мәселелеріне жетекшілік жасайтын арнайы құрылым ЧелМУ-де 1996 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. ЧелМУ мүгедектерге білім беру орталығы ауқымды зерттеу, әдістемелік және тәжірибелік жұмыстарды орындауда. Облыстық «Жас мүгедектер және жоғары білім беру» дерек банкі денсаулық кемістігі бар әлеуетті талапкерлердің білім алу қажеттілігін анықтауда тек Челябинскте ғана емес, облыстың басқа аудандарында бақылауға мүмкіндік береді. Үлгінің бір ерекшелігі болып табылатын жағы – мүгедек студенттің студенттік ортаға жоғары оқу алды жылдық дайындық курсынан өтіп барып, кезең кезеңімен қосылатын бағдарламасының болуы. Оқу үрдісіндегі даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім беруде кешенді қолдаудың (емдеу-сауықтыру, технологиялық, әлеуметтік) аяқталуы жұмысқа орналасуға көмектесумен аяқталады [90].

Новосибирск мемлекеттік университеті (НМУ) 2000 жылдан бері инклюзивті білім беру жүйесі бойынша жұмыс істейді. Олардың студенттер құрамында мүгедектер арбасына таңылғандар, зағип және нашар көретіндер, мүлдем нашар есту және көру кемістігі бар жасөспірімдер, ауыр соматикалық ауруға душар болған студенттер бар. Новосибирск университеті инклюзивті білім беру үлгісінің негізі - *даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім беруді Қолдау бағдарламасы*; оның құрамы:

- мүгедектігі бар жастарды НМУ үздіксіз білім беру жүйесіне қосу;
- академиялық қолдау;
- әлемдік ақпараттық ресурстарға қолжетімділігі бар ресурстық орталық құру;
- жоғары оқу орны студенттерінің күшімен іске асырылатын еріктілер қолдау қызметі;
- қосымша қаржылық көмек және т.б. тұрады.

Модельдің тиімділігіне мүгедек және денсаулығы шектеулі оқу бітіруші түлектердің көбінің еңбек нарығындағы мүгедектікке төленетін, тағы да тиісті жеңілдіктер мен төлемдерден бас тартуына жетелейтін бәсекеге қабілеттілігі куә бола алады. Жыл сайын НМУ-ге 20-30 мүгедек оқуға түседі [12, 13].

Соңғы жылдар ішінде жоғары мектептерде инклюзивті білім берудің мәселелері ақырыбы Қазан федералдық университетінің психология және білім беру институтында белсенді құрастырылуда. Жұмыстар зерттеу

бағытында жүргізілуімен қатар, білім берудің инклюзивті тәжірибесіне мамандар дайындаумен қоса атқарылуда. Сонымен қатар, университеттің өзінде де инклюзивті білім беруді іс жүзінде психологиялық қолдауға қадамдар жасалуда. Психология және білім беру институты базасында ұйымдастырылған бірнеше ғылыми-практикалық конференцияның тақырыптары денсаулығы шектеулі студенттердің жоғары мектепте білім алуының әр түрлі аспектілерін қарастырды.

Мүгедектерді инклюзивті оқытудың шарттарының бірі – студенттер қауымдастығында, ең алдымен, мүгедектер оқитын академиялық топтарда оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу. Мұндай жұмыстардың мақсаты – мүгедек студенттер жағынан бірге оқитын студенттер арасында, оқытушылар мен университет қызметкерлері арасында немесе керісінше студенттер, оқытушылар және университет қызметкерлері жағынан мүгедектер жағына психологиялық кедергілерді болдырмаудың алдын алу. Арнайы психология және түзету педагогикасы кафедраларында тренингтер бағдарламалары құрастырылған, мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың психологиялық ерекшеліктерінен ақпараттар беру, оқу барысында және оқудан тыс үрдістердегі қарым-қатынастарда есепке алынуы тиіс олардың ерекшеліктеріне тән шектеулер және ережелерден мағлұматтар беру. Бағдарлама нұсқалары мүгедек студенттер оқитын академиялық топтарға және оқу үрдісінен тыс кеңістікте мүгедектермен қарым-қатынас жасайтындарға бағытталған.

Инклюзивті білім беруді ендірудің негізгі басым проблемаларының бірі – бұл мүгедек студенттердің *Қазан федералдық университетінің* жоғарғы оқу орнына тән өзіндік оқу процесіне бейімделуі. Даму мүмкіндігі шектеулі (ДМШ) студенттердің бейімделуі кезінде аса көтеріңкі психологиялық жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін курстар құрастырылуда. Қажеттілік туындаған жағдайда, «Арнайы (дефектологиялық) білім беру» бағытында дайындықтан өткен студенттер арасындағы еріктілер ДМШ студентке көмек көрсетеді.

Ресей Федерациясы жоғары оқу орындарына кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету саласындағы тәжірибесін жалпылай келе, әр федералдық округте ЖОО-ларда - 1, орта кәсіби білім беру мекемелерінде - 2-3, және бастауыш кәсіптік білім беру мекемелерінде - 3-5 арнайы орталықтар қызмет атқаратынын атап айтқан жөн. 2004-2005 жылдары білім беруді дамытудың Федералдық «Білім беру қолжетімділігі» (әрі қарай ФМББҚ) мақсатты бағдарламасы іс-шаралары аясында, кейбір Орталықтарға арнайы мамандандырылған дәрісханалардың (11 ЖОО) жеткізілуі іске асты. Федералды мақсатты бағдарламалар аясында (ФМББҚ, «2007-2010 жылдардағы Ресей балалары») федералдық бюджет қаржысы есебінен педагогикалық және білім беру саласының басшы қызметкерлеріне, сонымен бірге мүгедектерге жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына мүгедектерге білім беру мәселесін үйретуші және ғылыми-тәжірибелік іс-

шаралар өткізілді. Кейбір университеттердегі оң нәтижелерге қарамастан, бүгінгі күні Ресей ЖОО-да даму мүмкіндігі шектеулі жандардың жоғарғы білім алуы және жоғарғы оқу орындарында оқуы бұқаралық тәжірибеге айналмаған және көптеген қиыншылықтарға тап болуда. Мүгедектердің жоғары кәсіптік білім алу құқығын жүзеге асыру саласында кездесетін негізгі мәселелер төмендегідей:

- ЖОО-ның көпшілігінде мүгедектердің кедергісіз кіріп-шығуына жағдай жасамаған;

- Көптеген ұйымдардың мүгедек білім алушылармен оналту жұмыстарын, оларды психологиялық, медициналық, педагогикалық сауықтыруды жүргізуге арналған материалдық базаларын жақсартуды талап етеді;

- ЖОО-ы мүгедектерді оқытуды ұйымдастыруға қажетті білімі бар, білікті педагогикалық мамандармен қамтамасыз етілмеген.

Шетелдегі университет қызметтерінің тәжірибелік сараптамалары көрсеткендей, кей елдерде қызмет көрсетулер мен орталықтар мүгедектігі бар студенттерді әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсететін оқыту-сауықтыру бөлімінің қызметін атқарумен қатар, ғылыми-зерттеу ортасына да айналып жатыр. Мысал ретінде Бельгия (Зерттеу және мүгедектерге көмек көрсететін мамандарды дайындау орталығы, Мүгедектерді зерттеу орталығы); Германия (Дортмунд-мүгедектікті зерттеу орталығы); Швеция (Мүгедектер ісі орталығы). Бұл жерде біздің зерттеуіміздің түсінікті мәні ретінде маңызды тұжырымы – мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге жоғары білім беру жүйесі бойынша әр факультет, институт, ЖОО департаменттерде мүгедектермен жұмыс істейтін жауапты үйлестірушінің болуы болып табылады. Мұндай мамандар АҚШ және еуропалық мемлекеттердің әрбір жоғарғы оқу орындарында бар. Бұдан өзге, кейбір елдердің жоғары оқу орындарында (АҚШ, Ұлыбритания, Испания, Швеция) мүгедектердің сәтті білім алуының міндетті шарты болып табылатын – омбудсмен қызметінің болуы. Ол оқу-тәрбие үрдісі барысында мүмкіндігі шектеулі студенттердің барлық құқықтарының сақталуы мен іске асырылуын тексеретін маман. Шетелдік тәжірибені жалпылай келе, мүгедек студенттер мен даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім беруді ұйымдастырудың негізгі үш формасын бөліп көрсетуге болады:

1-нұсқа: интеграцияланған оқыту – күндізгі немесе күндізгі-сырттай оқыту формасы. Даму мүмкіндігі шектеулі 5-7 адамнан құралған топ қарапайым топқа қосылады.

2-нұсқа: жалпы негізде оқыту – күндізгі немесе күндізгі-сырттай оқыту формасы. Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерден 10-15 адамдық бөлек топ ұйымдастыру.

3-нұсқа: қашықтықтан оқыту – сырттай оқыту формасы. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі жандарға 5-10 адамдық бөлек топ ұйымдастыру.

Осылайша, жасалған шетелдік тәжірибенің сараптамасы отандық тәжірибенің мүгедектігі бар студенттерге жоғары білім беруді қолжетімді етуді ұйымдастыру саласындағы елеулі айырмашылықтың бар екендігін көрсетті. Нақтылай айтсақ: факультетте (институтта) мүгедек студенттермен жұмыс істейтін үйлестіруші (жауапты) қызметін енгізу; жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үрдісінде мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге қолдау көрсететін мамандардың (ментор, тьютор, коачтар, қолдаушы ассистенттер) болуы; даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді шетелдік студенттермен халықаралық айырбастау бағдарламаларын дамыту.

Еуропалық елдер заңнамаларының сараптамасын зерделей отырып, бірқатар негізгі үрдістерді бөліп көрсетуге болады:

1. Кемсітуге қарсы заң жүйесінің болуы.

2. Жоғары оқу орнына түсуге мүгедек жандардың құқықтары заңнама деңгейінде ерекше бекітілген.

3. Мүгедектігі бар білім алушыны қолдауға арналған әртүрлі формалардың болуы.

4. Қаржылық қолдаудың болуы; Еуропалық мемлекеттердің көбінде осыған аса үлкен көңіл аударылады.

5. Университетте мүгедектігі бар студенттер ісімен айналысатын арнайы құрылымдардың қызметі.

Мысалға, мүгедектік жөніндегі офистің атқаратын қызметіне төмендегілер кіруі мүмкін:

- тіркеу рәсімдеріне көмектесу;
- қажеттіліктерін бағалауды жүргізу;
- мүгедектік бойынша берілетін шәкіртақыға өтініш беру;
- студенттер қолданатын көмекші ассистивтік техника мен жиһаздардың болуы;

- академиялық жоспарлау саласында ақпарат беру және көмек көрсету;
- мүгедек студенттермен факультет арасындағы байланысты реттеу;
- мектеп мамандарымен, оңалту орталықтарымен, университет кеңесшілерімен, ата-аналармен, әлеуетті студенттермен университеттің мүгедек студенттерге көрсететін қызметтеріне қатысты кеңесу.

Жоғарыда аталған айқын ерекшеліктер отандық жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге сапалы жоғары білім берудің перспективалық бағыты болып табылатынын атап көрсеткен жөн.

Ресми мәліметтер бойынша қазіргі кезде Қазақстан Республикасында 640 мыңға жуық даму мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрады. Оның 400 мыңы, яғни 65% еңбекке жарамды жастағылар болса, соның ішінде 82-мыңы ғана жұмыс істейді. Олардың 10% жуығының жоғары білімі болса, 20%-ның ғана орта-кәсіптік білімдері бар.

Мүгедектердің сапалы жоғары білім алуларына қазіргі қоғамға тән көптеген кедергілер қол байлау болып отыр. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей мүгедектік, осы адамдардың мүмкіндіктерінің өмір бойы

шектелуімен қатар жүріп отырады [91]. Осыған орай ТМД елдеріне ұқсас, Қазақстан Республикасында да мүгедектігі бар балалар мен ересектер, оларға қамқор болып жүрген жақындарының, қоғамның, мемлекеттің мойнындағы ауыр жүк, әлеуметтік қолдау көрсетілетін қамқорлық объектісі ретінде қаралып келеді.

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің деректері бойынша соңғы 5 жылда ЖОО-на мүгедектерді қабылдау екі есеге артқан. Отандық ЖОО-на мүгедек-студенттер үшін бөлінетін квота 0,5%-дан, 1%-ға өсті. Бұл әрине, құптарлық үлкен үрдіс. Дегенмен де, европалық деңгейге жету алыстау, асыл Францияда студенттердің арасындағы мүгедектердің үлесі - 5%-ды құрайды (3-кесте).

Кесте 3 – 2012-2017 жылдар аралығында күндізгі бөлімде бакалавр дайындауға бөлінген арнайы гранттардың саны (мемлекеттік квота) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін квота.

2012/2013 оқу жылы	294
2013/2014 оқу жылы	296
2014/2015 оқу жылы	286
2015/2016 оқу жылы	230
2016/2017 оқу жылы	241

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі таңда Қазақстанда ерекше білім қажеттіліктері бар адамдарды білім беру кеңістігіне енгізу үрдісі кеңінен дамып келеді. Өйткені, мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар жобасы аясында мүмкіндіктері шектеулі жандарға кәсіптік орта білім мен кәсіптік жоғары білім берудің әлеуметтік-экономикалық тиімді екендігін түсінгендік көріністері артып келеді.

Елбасының бастамаларымен, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың және инклюзивті білім беру бойынша жобалар мен идеялардың арқасында, мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі жастардың мүмкіндіктері қазіргі кезде көбейіп, олар енді ғана республикадағы халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын ерекше тобына жататынын еркін сезіне бастады.

Зерттеуші З.А. Мовкебаеваның жүргізген даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектерді ЖОО-ның оқу үрдісіне қосудың қазақстандық тәжірибесіне жүйелі талдау еңбегінде [92], біздің елімізде келесі модельдер кеңірек тараған:

1. Бірінші, әрі сұранысқа ие модель ретінде мүгедектігі бар адамдарды білім беру процесіне толық және көбінесе жағдайға қарай қосып отыру.
2. Қашықтықтан жоғары білім беру.

Автор Ресей Федерациясы мен кейбір ТМД елдерінің инклюзивті білім беруді жартылай ғана тарату түрінің Қазақстанда алынбағанын

канағаттанарлықпен атайды. Таратудың бұл түрі ақылы, қарапайым ЖОО-да даму мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедектер үшін арнайы топтардың, тіпті халықтың осы бір ерекше тобына арнайы жоғары оқу орындарының ашылуы болжанады. Біздің көзқарасымызша бұл көрсетілген интеграцияның жартылай түрі, мүгедектігі бар адамдарды қоғамнан ары қарай бөлектеуді жалғастыратын болып табылады және өркениетті әлемнің қазіргі талабына, қазақстандық қоғамның (инклюзивті) даму бағытына сай еместігін көрсетеді.

Даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді арнайы (бөлек) топтарда оқыту, олардың дені сау құрдастарының арасына толыққанды қосылып кетулеріне мүмкіндік туғызбай, олармен араласуларын шектетеді.

Қазақстанда мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттердің ЖОО-да білім беру үрдісіне қосудың көбірек таралған модельдерін кеңірек қарастырайық.

1. Мүгедектігі бар адамдарды жоғары оқу орындарының білім беру үрдісіне толық қосу

Мәселеге көшпес бұрын, республикалық ЖОО-да кедергісіз ортаны қалыптастыру жұмыстары енді ғана ұйымдастырылып жатқанын айта кету керек. Республикада жоғары білім берудегі осы жағдайларды қарастырудың жетекші рөлі Абай атындағы ҚазҰПУ-ға берілген. Өйткені, ҚР ҒЖБМ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің № 03-3/532 05.06.2015 жылғы Өкіміне [93] сәйкес, ҚР жоғары оқу орындарына арналған инклюзивті білім беру бойынша Ресурстық кеңес беру Орталығы осы оқу орнында ашылды.

Аталған Орталық қызметінің мақсаты – жоғары инклюзивті білім беру бойынша, Қазақстанның барлық ЖОО-на енгізілетін мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар студенттерді қолдаудың моделін әзірлеп, осы бағытта ҚР барлық ЖОО-ның жұмыстарын үйлестіру.

«Превентивті суицидология және ҚР ЖОО-на арналған инклюзивті білім берудің ресурстық кеңес беру» Орталығына 41 ЖОО-нан келіп түскен статистикалық мәліметтер бойынша, қазіргі таңда 886 мүгедектігі бар студент білім алуда. ЖОО-дағы неғұрлым сұранысқа ие мамандықтар бойынша мүгедек студенттерді дайындау бағыттары: экономика және бухгалтерлік есеп, құқықтану, тарих, бейнелеу өнері және дизайн, қолданбалы информатика, менеджмент, педагогикалық білім, арнайы (дефектологиялық) білім, әлеуметтік қызмет және т.б. (4- кесте)

Кесте 4 – Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы «Превентивті суицидология және ҚР ЖОО арналған инклюзивті білім берудің ресурстық кеңес беру» Орталығының мәліметіне сәйкес, ҚР ЖОО-ғы инклюзивті білім беру жағдайы (2017 жылғы 11 шілдедегі көрсеткіш бойынша)

№	ЖОО атауы	ЕБҚ бар студенттер саны		Оқу түрі			Кемтарлық түріне қарай студенттердің саны				
		барлығы	грант	күндізгі	қашықтық	сырттай	ҚҚАБ	есту	Көру	Тіл	соматикалық
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Алматы энергетика және байланыс университеті	13	10	13	-	-	2	-	3	-	8
2.	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	55	28	55	-	-	26	-	13	-	16
3.	С. Баишев атындағы Ақтөбе университеті	3	-	3	-	-	1	-	2	-	-
4.	Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті	33	1	32	1	-	18	1	3	-	14
5.	Евразия гуманитарлық институты	9	-	8	-	1	3	-	2	-	4
6.	І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	29	14	27	2	-	-	-	4	1	24
7.	Қазақ туризм және спорт академиясы	69	59	59	-	10	5	52	11	-	1
8.	Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы	12	8	12	-	-	-	-	-	-	12
9.	Абай атындағы ҚазҰПУ	37	19	37	-	-	1	3	5	-	26
10.	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	22	19	22	-	-	-	-	2	-	20
11.	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ	3	1	3	-	-	-	-	3	-	-
12.	Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті	5	2	4	-	1	-	-	-	1	4
13.	Қарағанды мемлекеттік медицина университеті	55	31	55	-	-	24	0	7	3	21
14.	Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	32	12	32	-	-	3	-	4	1	27

15.	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	56	27	53	-	3	23	2	13	2	16
16.	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономакалық университеті	11	10	11	-	-	1	1	1	5	3
17.	А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	8	-	7	-	1	3	-	1	2	2
18.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономика университеті	70	-	1	-	-	1	-	50	-	70
19.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті	26	6	26	-	-	-	2	1	-	23
20.	Халықаралық бизнес академиясы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
21.	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты	10	10	7	-	3	4	1	1	-	2
22.	С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті	40	-	33	-	7	14	-	12	-	14
23.	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	31	16	29	1	1	16	2	3	-	10
24.	Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті	11		11							11
25.	Тұран университеті	11	2	10	1	-	3	-	1	1	6
26.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
27.	Халықаралық акпараттық технологиялар университеті	7	6	7	-	-	2	-	-	-	5
28.	С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	64	64	64	-	-	30	1	8	-	25
29.	Семей қаласының мемлекеттік медициналық университеті	19									19

30.	Қазақ-Неміс университеті	1	-	1	-	-	-	-	1	-	-
31.	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
32.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ	48	18	-	-	-	18	-	7	-	23
33.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті	16	9	16	-	-	4	-	2	-	10
34.	Қазақ ұлттық өнер университеті	6	5	6	-	-	5	-	1	-	-
35.	НАРХОЗ университеті	20	8	-	-	-	3	3	3	-	11
36.	Халықаралық білім беру корпорациясы	12	8	12	-	-	6	-	-	1	5
37.	Алматы Менеджмент Университеті	2	1	2			2				
38.	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті	24	20	24			5		11	1	7
39.	Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ	68	62	68			18	3	17	7	22
40.	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	16	11	16			6		3	1	1
41.	Халықаралық бизнес университеті	1		1			1				
БАРЛЫҒЫ		886	692	854	5	27	253	124	221	35	330

«Толық» интеграция жайлы сөз қозғағанда, оның әлеуметтік жағдай мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қарастырмаған, стихиялық сипатын ескеру қажет. Қазақстандағы иклюдивті жоғары білімнің негізгі төрт мәселесін атап айтуға болады:

Бірінші мәселе - қолайлы ортаны қалыптастыру (ЖОО-на қол жеткізу). Қазақстандық ЖОО-на интегралды оқытуды енгізу технологиясындағы кедергі, қиындық туындатпайтын техникалық жағдай мен физикалық қолжетімділіктің жоқтығы болып табылады. Қазақстандағы ЖОО-ның көпшілігі мүгедек-талапкерлермен кездесуге дайын еместігін: жабдықталған ортаның, арнайы оқыту бағдарламасының жоқтығын өкінішпен айтуға тура келеді.

ЖОО-да мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектерге арналған білім ортасы жоқ деуге болады (жеке тәлімгер-көмекші, барлық оқу

ғимараттарында арнайы лифт-тасымалдаушы, көруі қабілеті немесе қимыл-қозғалыс аппараты зақымдалған адамдар үшін арнайы компьютер пернетақталары және т.б.). Әрбір жоғары оқу орны даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектер үшін қолжетімді, әрі сапалы білім алуларына қажетті лайықты демалыстарын ұйымдастыру, құқықтарын қорғау сияқты жағдайлар жасауы тиіс.

Бұл дегеніміз, жоғары оқу орынындарында даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектерді ЖОО-на түсуге дайындаудан бастап, мамандықтары бойынша жұмысқа сәтті орналасуларына дейін болатын психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ете алатын ерекше құрылымдардың құрылғанын қажет етеді.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің ақпараты бойынша Қазақстанның екі жоғары оқу орны: Д.А. Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университеті және Almaty Management University (бұрынғы МАБ) кедергісіз жоғары білім алу университеттері болып табылады. Барлық ЖОО-на ортақ проблема болып пандустың жоқтығы немесе оның сапасының нашарлығы, немесе пандустың тек негізгі кіре берісте ғана болуы, студенттерді қолдау арнайы орталықтары мен бейімделген орындардың жоқтығы болып отыр. Бірқатар авторлардың бағалауы бойынша [94] пандустардың жақсы конструкциясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Алматы менеджмент университетінде анықталған. Барлық ЖОО-ның арасынан тек AlMaU-да ғана мүгедектерге арналған әжетхана бар.

Екінші мәселе - даму мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек талапкерлерге ЖОО-на түсу барысында бірыңғай мүмкіндіктер қарастыру. Отандық ЖОО-да мүгедек тұлғаларға арналған дайындық курстары жоқ. Сонымен қатар, арнайы мектеп-интернаттардың түлектері ЖОО-на тапсыру кезінде білімдік және бейімделушілік мазмұндағы қиындықтарға кездеседі.

Осы мәселе төңірегінде «Тұран» университеті мүгедектерді оқытуды ең алғаш ұйымдастырған оқу орны болғандықтан көш басында тұр. Бұл жоғары оқу орны 2011 жылдан бастап қашықтықтан оқыту технологиясының негізінде мүгедектерді ұлттық бірыңғай тестке (ҰБТ) немесе кешенді тестілеуге (КТ) дайындау жобасын жүзеге асыра бастады.

Үшінші мәселе – даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектердің мүмкіндіктеріне оқу үрдісін бейімдеу. Оң нәтиже ретінде ҚР БжҒМ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің 05.06.2015 ж. № 03-3/532 Өкіміне [93] сәйкес әрбір ЖОО-да инклюзивті білім беру бойынша үйлестіруші-координаторлар тағайындалатын маңызды құжатты айта кету қажет. Қазіргі таңда «Превентивті суицидология және ҚР ЖОО арналған инклюзивті білім берудің ресурстық кеңес беру» орталығының бақылауымен 65 ЖОО-да үйлестіруші-координаторлар тағайындалған. Координаторлар өз қызметтерін қоғамдық бастама ретінде атқарады. Себебі, ЖОО-ның штаттық құрамында координаторлық жүктеме

жоқ. Ал координатордың тікелей атқаратын міндеті – мүгедек тұлғаларды сүйемелдеу.

ҚР «Білім туралы» заңының 8-тарау, 56-бабында, «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары инклюзивті білім беру ескеріле отырып әзірленеді» делінген [95]. Дегенмен де, қолданыстағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында, бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын мүгедек бар білім алушының меңгеру мерзімі саралаланбаған. Сондай-ақ, оқудың аяқталуының негізгі өлшемшартын ұзарту – бакалавриатта 1 жылға, магистратурада-0,5 жылға ұзарту мүмкіндігі қарастырылмаған.

Бұдан бөлек, қазіргі таңда барлық ЖОО үшін, білім беру бағдарламаларын жобалау және іс жүзіне асыру барысында, арнайы (бейімдеу және оңалту) модульдік таңдау пәндерін даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектер үшін қосу керектігі туралы заңмен бекітілген талап болмай тұр.

Сәйкесінше, оқу орындарының штаттық құрамында арнайы (бейімдеу және оңалту) модульдік таңдау пәндерін жүргізіп отыратын дефектолог-маманның штаттық бірлігі қарастырылмаған. Сондай-ақ, профессор-оқытушылар құрамының мүгедек студенттермен жұмыс жасауға дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, білім беру үрдісінің сапасына ықпалын тигізетіндігі анық [96].

Төртінші мәселе – мүгедек-түлектердің жұмысқа тұруларына көмектесу.

Көрсетілген мәселелердің болуына қарамастан Қазақстан Республикасының ЖОО-да инклюзивті қоғамның біртіндеп қалыптасуын байқауға болады. Оған маңыздылығы жағынан дәлел ретінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бастамасымен, барлық педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларына 2 кредиттен тұратын «Инклюзивті білім беру» міндетті оқу пәні қосылды. Аталған оқу бағдарламаларын оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында «Инклюзивті білім беру» оқулығы (ағылшын тілінде), инклюзивті білім беру бойынша оқу-әдістемелік құралдар т.б. әзірленді.

Инклюзивті қоғам қалыптастыруда AlmaU тәжірибесі үлкен назар аудартарлық, себебі бакалавриат оқыту бағдарламасына енгізілген «Service learning» курсы, студенттердің белсенді азаматтық позициясы мен әлеуметтік жоғары жауапкершіліктерін қалыптастыруға бағытталған. АлмаU студенттері аталған курс бойынша практикадан өту барысында қоғамдық пайдалы жұмыстармен шұғылданады. Курс оқу жұмыс жоспарына (РУП) енгізіліп, міндетті өндірістік тәжірибе ретінде өткізіледі. Бұл тәжірибе Қазақстанның барлық аймағында таратылуға тұрарлық екендігін көруге болады [97].

2. Қашықтықтан жоғары білім беру

ЮНЕСКО қашықтықтан оқыту бөлімінің жетекшісі Луиса Роселлоның баяндамасында 21 ғасырдың алдыңғы онжылдығында қашықтықтан білім

беруді дамыту бойынша маңызды мәселелер анықталды. Бұл білім алушылардың бір елден, екінші елге физикалық қозғалыс шектелуі концепциясынан оңай ұтқырлық білім алу концепциясына, яғни кез келген елдердің арасында білім беру ресурстарымен алмасуды жүзеге асыру болып табылады. ЮНЕСКО сарапшылары қашықтықтан оқытудың ұзақ мерзімді мақсатын: кез келген университеттің оқу бағдарламасын әрбір адам кез келген жерде отырып қолжеткізу мүмкіндігіне ие бола алатындығын белгілеп отыр. Осылайша, қашықтықтан оқыту әрбір адамның ақпарат және білім алуларына теңдей мүмкіндік құқығын қамтамасыз етеді [98].

ҚР «Білім туралы» заңының 1-тарау, 1-бабында, қашықтықтан білім беру технологиясы – білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту деген түсінік анықталады [95].

Қашықтықтан білім беру жүйесі келесідей әлеуметтік маңызды функцияларды жүзеге асырып отырады:

- халықтың сауаттылық деңгейін көтеру және білім сапасы;
- сапалы дайындалған мамандармен елдің сұранысын қанағаттандыру;
- тұрғындардың тұрғылықты мекен-жайларына, денсаулық, материалдық жағдайлары мен шығу тегіне және т.б., қарамастан білім беру қызметтері бойынша сұраныстарын қанағаттандыратын бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту;
- халықтың әлеуметтік және кәсіби икемділігін, кәсіпкерлік және әлеуметтік белсенділігін, ой-өрісі мен сана-сезім деңгейін көтеру [98].

Қазақстан Республикасының кейбір ЖОО-да мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу үрдісін қашықтықтан білім беру технологиясы арқылы ұйымдастыру тәжірибесі қолданылып келеді. Соңғы он жылда электронды және интернет-технологиялар академиялық ұйымдарда белсенді түрде қолданылып, нәтижесінде даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жаңа перспективалар ашылып отыр. Инклюзивті білім беру сияқты интернет арқылы оқу, мүгедектердің өзіне барынша ыңғайлы режимде кәсіп алуларына мүмкіндік тудырады. Оқу үшін оларға бар жоғы шектеусіз интернет желісіне қосылған компьютер, ноутбук немесе планшет жеткілікті.

Қашықтықтан білім беру әсіресе ыңғайы төмен мүгедектер үшін күндізгі, кешкі және сырттай оқу бөлімдерде оқитын студенттерге қарастырылғандай оқу бағдарламалары мен оқулықтар қолжетімді интербелсенді ортаға айналады. Даму мүмкіндігі шектеулі студент оқытушылардан жеке қолдаулар ала алады. Жұмыс уақытында онлайн-куратор оған кез-келген сұрақ бойынша әрқашан көмек береді. Қашықтықтан оқыту студенттерге ақпараттық білім беру ресурстарына, білім беру порталына, электронды оқу-әдістемелік кешендерге т.б., қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан университеттері мен институттарында даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектерді қашықтықтан оқыту механизмі былайша атқарылады: студент өз кабинетіне кіру үшін логин және құпия сөз алады. Осы жерден ол: оқулықтар мен қосымша әдебиеттердің электронды кітапханасына кіре алады; сабақтар мен емтихандардың кестелерін көре алады; онлайн-дәрістер мен семинарларға қатыса алады; оқытушылар мен бірге оқитын курстастарымен байланыса алады. Студенттің өзі қай жерде отырғаны маңызды емес, компьютерді қосып, интернет желісіне кіргеннен бастап, кәсіби білім алу оған қолжетімді бола шығады. Қашықтықтан оқыту арқылы мамандыққа даярлау, түлектердің қашықтықтан жұмыс істеу түрлерін (өзінің онлайн-бизнесін дамытуға, консалтинг қызметін көрсетуге т.б.) меңгерулеріне тиісті көмек болады.

Қазіргі кезде Қазақстанның 42 жоғары оқу орындарында қашықтықтан білім беру технологиясы қолданылады:

ҚБТУ, AlmaU, SDU, Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ оқу базасында Kcell және "WikiBilim" қоғамдық қорының қолдауымен 2017 жылы «Қазақстанның ашық университеті» платформасы құрылды. Бір курстың ұзақтық мерзімі – 5 апта. Осы бір бірегей білім беру контентінің 80%-ке жуығы қазақ тілінде. Қазір кезде алғашқы 10 онлайн-курс, оның ішінде: «Матрицалар және анықтауыштар», «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік», «Web-бағдарламалау негіздері», «Фурье талдауы», «Робототехника», «Java тілінде компьютерлік ғылымдарға кіріспе» әзірленген. «Ашық университет» тек қана талапкерлер мен студенттерге ғана емес, сонымен бірге, IT және телекоммуникация саласында жұмыс істейтін адамдар үшін де қызықты болып отыр. Осы платформаның білім беру курстары даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарға да қолжетімді жолға қойылған.

2. «Тұран» университеті мүгедек студенттерді қашықтықтан оқытудың іргетасын қалаған оқу орны болып саналады. Арнайы қашықтық орталығында студенттер бухгалтер, бағдарламашы және т.б. мамандықтарға оқытылады. Жалпы «Тұран» университетінде 48 мамандыққа дайындау қалыптасқан.

3. М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университетінде мүгедек студенттерді бірнеше мамандықтар бойынша қашықтықтан оқыту кешкі және қашықтықтан оқыту факультетінде жүзеге асырылады. Онлайн-факультет ақпараттық технологиялар және жобаларды басқарудан бастап, интернет-маркетинг және дизайннан аяқталатын 100-ден астам оқу бағдарламаларын біріктіреді. Осы бағдарламалар арқылы студент сұранысқа ие мамандықты жоғары білім берудің бакалавриат, магистратура, қосымша білім беру кезеңдерінде ала алады. Әрбір бағдарламаға мүгедектерді қабылдауға жеңілдетілген мүмкіндіктер қарастырылған. Прометей шеңберінде мүгедектерді оқыту аралас онлайн-топтарда жүргізілетіні құптарлық жай екенін атап өту керек. Бір платформаға біріктірілген виртуалды сыныптар, чаттар, блогтар, графика және бейнеалмасу сияқты

элеуметтік мүмкіндіктер қарастырылған. Қашықтықтан оқыту арқылы университетті бітіруші түлектерге, олардың қашықтықтан оқығандықтары көрсетілмеген, оның орнына сырттай оқу бөлімін бітіргендігі көрсетілген мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі [99].

4. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде үш тілде (мемлекеттік, орыс, ағылшын) ақпараттық-білім беру web-сайты: Аймақтық қашықтықтан техникалық білім беру Орталығы (РЦДТО) студенттерді қашықтық терминалдары арқылы оқытуға байланысты ашылған. Сайтта талапкерлерге, студенттерге, түлектерге, профессор-оқытушылар құрамына және университеттің құрылымдық бөлімшелеріне білім беру, ғылыми-техникалық бағдар беру ақпараттары қойылып отырады. Сонымен бірге, Қазақстан және басқа елдердің оқу орындарымен байланыс орнату мақсатында, және де университетті әлемдік ақпарат кеңістігінде таныту үшін ашылған web-сайты.

5. Қазақ-Ресей университетінің білім беру қызметі Мәскеу қаласының Заманауи гуманитарлық Академиясының қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану негізінде құрылған. Сондықтан да қашықтықтан оқыту технологиясын ендірудің алғашқы тәжірибесі ресейлік әріптестердің дайындаған технологиясының бағытына бағдарланған.

6. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті –қазақстандық білім беру кеңістігіне қашықтықтан оқыту жүйесін эксперимент жүргізу арқылы енгізу жолдарын зерттеуші бірден бір университет болып табылады. Оқу орны халықаралық стандарттарға сай оқыту тәжірибелерімен алмасу, жаңа әдістерді, оқу бағдарламаларын әзірлеумен байланысты көптеген халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысып отырады.

7. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ұзақ мерзімді даму жоспары құрылып, оның соңғы кезеңі ретінде Интернет-технологиясына негізделген қашықтықтан оқыту жүйесін жасау белгіленген.

8. «Naгhoz» университетінде қашықтықтан оқытуды енгізу эксперименті 1999 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Әрбір оқу курсы біркүндік кіріспе дәріспен басталады. 2012 жылы Павлодар қаласында Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің («Naгhoz» университеті) экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару бакалаврларын дайындайтын Аймақтық қашықтықтан оқыту Орталығы ашылды.

9. Шығыс-Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің техникалық базасында Шығыс-Қазақстан мемлекеттік виртуалды университеті құрылып, Ресей мемлекеттік ашық білім беру институты жасаған «Виртуалды университет» атты бағдарламалық қамтамасыз етуі енгізілген. Аталған университетте қашықтықтан білім берудің ұйымдастыру түрлері зерттеліп, жаңа білім беру порталын құруға мүмкіндік туғызатын қатысушылар арасындағы қарым-қатынас технологиялары, оқу-әдістемелік материалдардың құрамы мен түрлері қарастырылып отырады.

10. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың алғы шарттары қарастырылу үстінде.

11. Тараз мемлекеттік университетінде оннан астам білім алушыны қашықтықтан оқытып отырған арнайы технология орталығы құрылған. ЖОО-ның ректораты даму мүмкіндігі шектеулі студенттер өздерін қолайсыз сезінбеулері үшін білім алушылардың барлық категорияларына бірдей - тең жағдай жасап отырғанын атап өтуге болады.

Осылайша, даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектерді оқытудың қазақстандық негізгі екі моделін салыстыратын болсақ, қазіргі таңда қашықтықтан білім беру технологиясының дамығандығы мен көбірек қолданылатындығына куә боламыз.

Дегенмен де, мүгедектерге қашықтықтан білім беру бір жағынан, олардың білім алуға сұраныстарын қанағаттандыруға ерекше жағдайлар туғызып жатса, екінші жағынан, мүгедектердің әлеуметтік интеграциялануын азайтып, өмірдегі мүмкіндіктерін кемітеді.

Қашықтықтан білім беру артықшылықтары:

- қолжетімділігі. Денсаулық жағдайына, мекенжайының қайда орналасқанына қарамастан жоғары білім алу мүмкіндігі;
- ыңғайлылығы. Студенттер өздеріне ыңғайлы жерде, ыңғайлы уақытта және ыңғайлы қарқында жұмыс істей алады;
- транспорт және оқуға бөлінетін шығындарға экономия.

Қашықтықтан білім беру кемшіліктері:

- студент пен оқытушы арасындағы тірі байланыстың жоқтығы;
- білім берудің қандай түрі болмасын, соның ішінде қашықтықтан білім алу студенттің бойында өзіне жоғары талап қою, жинақылық және ынта болмаса, ол – бос әурешілік;
- арзан, әрі жылдам интернетке қосылудың қажеттілігі;
- білім алушы практикалық сабақтардың жетіспеушілігін сезіне бастайды;
- студентті үнемі бақылауды ұстап отырудың, ынталандырудың жоқтығы;
- білім беру курстарының (электронды нұсқадағы дәрістер т.б.) тиісті деңгейде болмауы.

Бұған қоса, Қазақстанда қашықтықтан оқытуды өз деңгейінде жүргізуге кейбір қиыншылықтар кедергі келтіреді:

1. Оқытушылар мен потенциалды студенттердің компьютерлік сауаттылықтарының төмендігі.

2. Әлі де компьютермен жұмыс істеуді толық меңгермеген, білген күннің өзінде интернетке қосылған жеке компьютерлері жоқ, осыған сәйкес, оқуға деген ынталары азаяды.

3. ЖОО-дағы оқытушылар құрамының басым көпшілігі қалыптасып қалған дәстүрлі оқыту түрлерін қолдануды қалайды да, оқытудың жаңа түрі үшін әдістемелік материалдарды әзірлеуге уақыт бөлгілері келмейді.

4. Компьютерлік оқыту жүйелерінің, тиісті деңгейдегі тестілеу сапасының қажетті деңгейде болмауы себепті, осы жүйені жолға қою, көп шығынды талап етеді.

5. Қашықтықтан оқыту дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағанда, басқа да оқыту әдістерін, яғни өзге білім беру процесін ұйымдастыруды талап етеді.

6. Оқытушылар құрамын жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға оқыту үшін, уақыт қажет.

7. Қашықтықтан оқытуды теориялық пысықтау мәселелері өте төмен дәрежеде. Өйткені, қажетті оқыту мақсаттары алғашқы білім беру кезеңдерінен бастап дұрыс айқындалмағандықтан, қойылатын талаптар, білімді бақылау, жалпы айтқанда жұмыс жүйесі әлсіз деңгейде қалып қояды.

Ашық қашықтықтан оқыту жүйесі Қазақстанда соңғы онжылдықта қордаланған кейбір әлеуметтік мәселелерді жеңілдетуге қабілетті:

- мүгедектердің сапалы білімге қол жеткізуге кедергі болатын шектеулерді еңсеру;

- экономикадағы еңбек нарығының жұмыспен қамту құрылымын мүгедектерге қосымша білім беру арқылы (біліктілікті арттыру және қайта даярлау және т. б.) жағдай жасауға бейімдеу;

- қашықтықтан оқыту үрдісіне қатысушылардың барлығына бірдей мүмкіндік беру жолымен, ақпараттық мәдениетің жалпы деңгейін көтеру арқылы, ақпараттық теңсіздіктің өткірлігін әлсірету;

- жеке пәндерді және ғылыми бағыттарды интеграциялау арқылы қолданыстағы білім беру жүйесінің кемшіліктерін еңсеруге ықпал болатын білім беру ортасын қалыптастыру, білім алушылардың бірыңғай сипатты тұтас әлем бейнесін құру;

- жеке бас қажеттіліктерін және әлеуметтік сұраныстарын есепке алу арқылы және түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттігін көтеру мақсатында білім беру сапасын арттыру;

- қаржы ағындарын білім беру саласында оңтайландыру;

- халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету, және білім беру технологиялары саласындағы соңғы жетістіктер бойынша тәжірибе алмасу.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстанның бүгінгі білім беру жүйесінде қазіргі уақытта оң өзгерістер болып жатыр деуге болады. Дегенмен де, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың жоғары білім алуға байланысты құқықтарын үйлесімді іске асыруларына бірқатар кедергілер мен проблемалар қолбайлау болып отыр. Зерттеуші Нұржамал Пренованың пікірінше [101], көптеген балалар арнайы мектептерде немесе үйлерінде білім алулары себепті, мүгедектігі бар талапкерлердің базалық білімдері төмен болып жатады екен.

Бұл мәселелерді, және осыған ұқсас басқа да көптеген проблемаларды шешу үшін, ең алдымен университеттердегі дайындық топтарын ұйымдастырудан бастап, ақпараттық технологияларды құру, техникалық камтамасыз ету және сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеу, психологиялық-

педагогикалық қолдау орталықтары мен электронды кітапханалар т.б. болуы қажет деп есептейміз. ЖОО-да мүгедектерді (тіпті ауыр формадағы) қалыпты студенттермен біріктірілген топтарда оқыту үрдісін жолға қою, үздік оқу үлгерімі мен әлеуметтендіру нәтижелеріне қарқынды ықпалын тигізетін оң өзгерістерге алып келеді. Осы жайында «Намыс» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ҚР Білім және ғылым Министрінің және Алматы қаласы Әкімінің кеңесшісі Қайрат Иманалиевтің пікірі дәлел болады. Сарапшының зерттеуі бойынша, мүгедектер үшін қолжетімді білім алу 2% үйде оқудан бастап, 14% оқу курстарымен аяқталғандай әсер қалдырады. Өйткені олардың 63% мүлдем оқымайды да, тек 10% ғана орта кәсіптік техникалық оқу орындары мен ЖОО-да оқып жүр.

Ол мұндай жағдайды тек мемлекет пен ЖОО-ы ғана өзгерте алады деген болатын. Оның ойынша, ЖОО-ны аккредитациядан өткізу шарттарының бірі ретінде әр түрлі категориядағы мүгедектерді қолжетімді білім берумен қамтамасыз ету керек. Бұл пандустар, көтергіштер, тактильді жолдар, дыбыстық белгілер, ақпараттық табло, жарнама және т. б. болуымен анықталады.

Бұдан бөлек, Қайрат Иманалиев әртүрлі мүмкіндігі шектеулі бар адамдардың психологиясын білулері үшін оқытушылардың өздерін дайындаудың қажеттілігі туралы мәлімдеген. Осы жайлы қарағандылық зерттеушілер А.Р. Рымханов, К.С. Тебенов, Г.Н. Мусеева, Т.Ш. Сериков, М.А. Баяновтар да айтады [102].

Жоғары оқу орындары алғашқы күннен бастап мүгедектер қатарындағы талапкерлермен жоғары білім алуларына бағытталған жұмыстар жүргізуі қажет. Оқу құралдары әртүрлі категориядағы мүгедектердің сұраныстарына қарай қажетті білім алуларына мүмкіндік беретін Брайль қаріппен жазылған оқулықтар, аудио кітаптар, ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етіліп, бейімделген болуы керек. Ақпараттардың кез-келген түрлері де әртүрлі категориядағы мүгедектерге қолжетімді болуы қажет. ЖОО-ның жанынан мүгедектігі бар студенттерді қолдайтын қызметтер: ресурстық орталықтар, еріктілер (волонтер) қызметтері ашылуы тиіс. Оқу барысында қарапайым аспаптарды: көру қабілеті бұзылған адамдар үшін диктофон, аудармашы аудио-мәтіндер мен т.б. құрал-жабдықтарды мүгедектердің қолдануларына рұқсат берілуі керек. Сонымен бірге ЖОО-дың өздері де мүгедектер үшін жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеулері тиіс. Қазақстандық зерттеушілер: Ш.Ж. Жахина, А.К. Искажимова, А.С. Каржова [36] өз зерттеулерінде есту және көру қабілеттерінде ауытқушылығы бар студенттерге инклюзивті білім беруде оқу процесіне тифлопедагог, сурдопедагог және сурдоаудармашының қатысуы қажет деп санайды. Олар мүмкіндіктері шектеулі студенттердің нақты, әрі тиімді білім алулары, яғни оқу материалдарын дұрыс игерулері, осы мамандардың жұмыстарына көп байланысты деп тұжырымдайды. Бұдан бөлек, зерттеушілер даму мүмкіндіктері шектеулі талапкерлерді оқуға қабылдау немесе оқуға

дайындау курстарында, олардың ЖОО-да инклюзивті білім алуға психикалық және мотивациялық тұрғыдан қаншалықты дайын екендіктерін анықтайтын диагностика жүргізілуі пайдалы деп есептейді. Оған қоса, инклюзивті оқыту жағдайында мүмкіндіктері шектеулі студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің тиімділігін арттыру үшін, олардың жеке өмірлік көзқарастары мен ЖОО-да инклюзивті білім алу жағдайына бейімділік деңгейін де зерттеу қажеттілігін қоса қарастыруды айтады.

Дегенмен де, осы зерттеушілердің пайымдаулары толықтай келісуге келмейді. Өйткені, олар ЖОО-да инклюзивті білім беруді арнайы (түзете) оқыту жүйесіне ауыстыруға тырысады. Егер де, аталған зерттеушілер тек түзету-дамыту қызметін жүргізу мақсатында штаттық бірлікке сурдопедагог пен тифлопедагог қызметтерін қосу қажет деп есептесе, онда мұндай пікір үлкен күмән туғызады. Егер, мәселе есту қабілеті бұзылған студенттерге жоғары білім беруді сурдоаудармашылардың көмегімен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы болса, онда бізде ешқандай күмән келмеген болар еді. Бұған қоса, жоғары білім беру жүйесіне мемлекеттік ұлттық бырыңғай тестілеу мен кешенді тестілеуден бөлек қандай да бір диагностика жүргізуді (авторлар ұсынғандай – ЖОО-да инклюзивті оқытуға психикалық және мотивациялық дайындықтарын анықтау) енгізу, мүмкіндігі шектеулі талапкерлердің құқықтарын қатаң бұзу мен теңсіздікке алып келеді.

Авторлардың мына жағдайлар бойынша, Қазақстан Республикасында осы уақытқа дейін оқу және түзету процестерін ұйымдастыру бойынша бірыңғай нормативтердің, сонымен бірге, олардың материалдық-техникалық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, кадрлық және оңалту-сүйемелдеушілік механизмдердің әзірленбегені туралы уәждерімен ғана келісуге болады.

1. Өз кезегінде, біз Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы зерттеушілерінің көзқарастарын бөлісеміз [58]. Олардың пікірінше, инклюзивті оқыту технологиясын Қазақстан жоғары оқу орындарына енгізу үрдісі тек кедергісіз ортаны (сырғыма баспалдақтардың бар болуы, жоғары оқу орнының бір қабатты дизайны, супераудармашылардың штатқа алынуы, көпшілік пайдаланатын орындардың қайта жабдықталуы, т.б.) ұйымдастыру қиындықтарына ғана емес, сонымен бірге профессорлық-оқытушылар құрамының, студенттер мен олардың ата-аналарының интерграцияны қабылдауға даяр немесе қарсы болуынан тұратын әлеуметтік сипаттағы қиындықтармен де жолығуы мүмкін. Сонымен қатар, ҚР білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Алия Галимованың айтуынша, ҚР БҒМ мүгедектерге бейімделген жоғарғы оқу орындарының санын арттыруды жоспарлауда. Оның пікірінше, қазіргі уақытта кедергісіз ортаны құратын жоғарғы оқу орындарының санын арттыру арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдардың жоғарғы білімге қолжетімділігін кеңейтудің Жол картасын дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, мүгедектерді жоғарғы оқу орында рына қабылдаудың арнайы жағдайын жасау үшін қабылдау ережелерін қайта қараудың дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұдан басқа, әлемдік тәжірибені ескере отырып, мекеме мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс істейтін оқытушыларға тренингтер өткізуді жоспарлауда [37].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстандық ЖОО-да интегралды оқыту технологиясын бүгінгі енгізудің негізгі кедергілеріне ЖОО-ның (жекеменшік және мемлекеттік) қаржылай қаражаттарының жетіспеушілігі, мемлекеттік ұйымдардың бейқамдығы, ЖОО әкімшілігінің қалыптасқан жағдайдың сақталуын қалауы, мүгедектердің ерекше білім алу қажеттілігін қарастыруда бұрынғы уақыттан қалған медициналық тәсіл, физикалық мүмкіндігі шектеулі студенттерге заманауи қазақстандық қоғамда қалыптасқан жалпы және профессионалдық шыдамсыздықты келтіруге болады [94].

-бірге оқитын студенттер мен оқытушылар құрамының ортасына бейімделу компоненті (әлеуметтік-психологиялық көмек).

Жоғары инклюзивті білім берудің қазақстандық жүйесінің ерекше маңызды мәселелерін бөліп қарастырса болады:

– Қазіргі уақытқа дейін ЖОО-да дараландырылған оқыту әдістерін, әр оқушының жеке даму траекториясын және оның психологиялық-педагогикалық қолдау мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін инклюзивті оқыту модельдері құрылмаған;

– Бейінді жалпы білім берудің оқу бағдарламалары дайындалмаған;

– ЖОО-ның инклюзивті білім беруге жеткілікті кадрлық, оқу-әдістемелік негізі жоқ;

– ЖОО-ның көпшілігінде мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың жоғарғы оқу объектілеріне физикалық қолжетімділігі шектелген немесе қиындатылған;

– Мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз етудің жоқтығы;

– ЖОО штаттық құрамында мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім беру үрдісінде педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мен іске асыратын координатор қызметінің жоқтығы;

– ЖОО-да оқу үрдісінің арнайы техникалық жабдықталуының жоқтығы;

– Мүгедек студенттердің оқу үрдісін қамтамасыз ететін ғылыми-әдістеменің мүлдем болмауы;

– Дамуында мүмкіндігі шектеулі студенттердің мүмкіндіктеріне бейімделген оқу-әдістемелік құралдардың қамтамасыз етудің мүлдем болмауы;

– Қазақстандық университеттер мен институттардың сайтында мүгедек студенттерге қолжетімді ақпараттың жоқтығы;

- ЖОО штатында педагог-психологтардың жоқтығы немесе жетіспеуі;
- ЖОО оқытушыларының арнайы дайындығының болмауы.

Осылайша, жоғары білім беруді мүгедек және мүмкіндігі шектеулі студенттердің мұқтаждықтарын ескере отырып модернизациялау инклюзивті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің стратегиясы мен әдіснамасын мемлекеттік деңгейде дайындау, білім беру мен тәрбиелеудің әдістері мен технологиясын жетілдіру мен ендіру, педагогикалық-психологиялық қолдаудың технологиясын жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі деңгейде әзірлеу және т.б. қажеттігін туындатады. Мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді жоғарғы оқу орындарында оқытудың Қазақстанда бар модельдерінің анализі бойынша, мүгедек түлектердің еңбек нарығында сәтті бәсекелестігі және олардың кәсіби міндеттерін тиімді орындауы үшін ЖОО-да мүгедектер үшін арнайы топтар мен арнайы оқыту бағдарламаларын құрмау абзал. ЖОО-да мамандарды кәсіби дйындаудың деңгейі мен мазмұнын төмендетпей, оларды қолда бар оқу бағдарламаларын бейімдеу мүмкіндігі мен оларды меңгерудің арнайы жағдайын қамтамасыз ету қажет.

1.3 Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделі

Жоғарыда көрсетілгендей ЖОО-да мүгедек студенттерге білім беруді ұйымдастыру арнайы талаптарға сәйкес болуы тиіс. Шет елдік тәжірибеге назар аударатын болсақ, әр ЖОО-да мүгедек студенттерге оңтайлы жағдай жасауды көздейтін орталықтардың болуы тиіс. Сонымен қатар еліміздегі жағымды тәжірибелерді саралауда, біз инклюзивті білім беру жағдайын ұйымдастырудың шарттарын орындау қажет екендігін мойындаймыз. Алайда, ол шарттардың мазмұны мен олардың ерекшеліктері жайлы, сонымен қатар жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделін осы тарауда қарастыратын боламыз.

Зерттеу алдына қойған міндеттердің бірі – жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының моделін жасау үшін біз жалпы педагогикалық құбылыстарды модельдеуге қатысты еңбектерді зерделедік. Соның нәтижесінде олардың мақсатына қарай түрлерінің болатындығын, модель әртүрлі мақсатта, әрқандай негізде жасалатындығын анықтадық. Мысалы: модельдейтін объектінің сипатына қарай, деңгейлеріне қарай немесе заттық, математикалық, белгілік, ойша құрылымдық т.б. модельдеу түрлері айқындалды. Қызметіне қарай «үлгі модельдер», «орын басушы» модельдер болып жіктелетіндігі белгілі болды. Алғашқысы объекті мен құбылыстың қалауымыздағы жағдайын бейнелейтін прогностикалық сипатта болса, екіншісі объектілердің нақты жағдайын белгілеп, олармен жұмыс жасау

арқылы алынатын нәтижеге нұсқайды. Дегенмен модельдеуге бірыңғай жіктеме жасау «модель» ұғымының мәнінің әртүрлі түсіндірілетіне қарай қиындық туғызады.

Модель – зерттелуге тиісті құбылыстардың (заттар, үрдістер, жағдаяттар) жобандағы бейнесі болғандықтан иллюстрациялық, таратушылық, түсіндірмелік және болжаушылық қызметтер атқарады. Педагогикада модельдеу педагогикалық жүйелерді сипаттауда қолданылады және ол бес кезеңнен тұрады:

- зерттеу объектісін анықтау;
- түпнұсқа-объект туралы білімдерді жинақтау;
- модельдеудің қажеттілігін негіздеу;
- құрылымдар мен негізгі тіректерді таңдау;
- зерттелінетін объектілерді таңдау.

Модельдеудің маңызды танымдық қызметі-жана теориялардың ашылуына серпін беріп, бастау болуы. Кейде теория алғашында құбылысқа түсініктеме беретін модель түрінде пайда болып, алғашқы жұмыс болжамы ретінде көрінеді. Модельдеу барысында эксперименттің жаңа идеялары мен формалары туындап, бұрын белгісіз фактілер ашылады. Әрекеттің типіне қарай модельдеуге берілетін сұраныс нақтыланып отырылады. Мысалы басқару міндеттерін шешудің моделі мына мәселелерді ескеруі керек:

- тәжірибелік модель нақты жағдайда басқарушылық мәселелерді шешудің әртүрлі жолдарын тексеруге мүмкіндік береді;
- мекеменің даму бағдарламасын жасауда белгілі бір басқарушылық шешім қабылдаудың ғылыми негізделген болжамын жүзеге асыруға көмектеседі.

Білімдік модельдер жайлы сөз ете отырып В.Г. Онушкин «суреттеушілік модельдер» білімдік тәжірибенің мәні, құрылымы, негізі элементтері жайлы түсінік береді; «функционалдық модельдер» білім беруді әлеуметтік ортамен байланыс жүйесінде көрсетеді; «прогностикалық модель» білімдік тәжірибенің болашағын теориялық тұрғыдан дәйектейді деген пікір білдіреді [102]. Шындығында ондай модельдер көптеп кездеседі және практиктер тәжірибесінде басшылыққа алынады. Ғылыми жұмыстағы модельдеудің мәні зерттеушінің алдына қойған мақсат міндеттерімен байланысты. Модельдеу барысында мәселенің бастапқы, өзгеруге тиісті сапасынан басқа жаңа сапасының нобайы шығады. Модельдеу басқа да жалпы ғылыми және арнайы әдістермен бірге ең алдымен тәжірибелі-экспериментте қолданылады. Тәжірибе барысында зерттеу нысанасына алынған объект не құбылыстың моделі зерттеудің негізгі құралы қызметін де атқарады. Бұл туралы Б.С. Гершунский болжау негізіндегі тәжірибелі-эксперимент әдісінің мәні мына төмендегі үш кезеңді кезекпен жүзеге асыру екенін атап өтеді:

- зерттеу объектісінің аса мәнді параметрлері бойынша прогностикалық моделін жасау, яғни «армандағы объектінің» бейнесін құру;
- объектінің нақты образдарын құру және оларды тәжірибеде тексеру;

– теориялық модельді жетілдіру, жалпыға тарататын прогностикалық ұсыныстар жасау [104].

Тәрбие жүйесін модельдеудің мүмкіндіктерін аша отырып Е.Н. Степанов оны танымдық және практикалық әрекет әдісі деп анықтайды. Ол арқылы тәрбие үрдісінің мәні, компоненттері мен сапасы бейнеленеді. Оның қазіргі жағдайы мен болашағы жайлы жаңа ақпарат алынып, тәрбиелік тәжірибенің даму болашағының заңдылықтары, қызмет ету тенденциялары белгіленетіндігін жазады [105].

Модельдеу барысында зерттеуші назары тәжірибенің өзгеріске келуге тиісті жақтарына аударылады, сондай-ақ кейбір бөліктеріне (нормалар, құралдар, өнімдер, әрекет субъектілері т.б.). Модельдеу - нақты өмірдің құбылыстарын бейнелейтін құрал ғана емес, модель түрінде шығатын теориялардың жүзеге асуы арқылы алынған білімнің ақиқат екенін тексеретін критерий.

ЖОО жүйесіне мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік бейімдеу процесін кең ауқымды біртұтас қарастыру қажеттілігі бола тұра, негізгі үш компоненттен тұратын бейімдеу моделін ұсынуға болады:

-кедергісіз аймақ компоненті (кеңістікте жүріп-тұруға бейімделу);

-қолжетімді білім компоненті (білім алу процесіне бейімделу);

-бірге оқитын студенттер мен оқытушылар құрамының ортасына бейімделу компоненті (әлеуметтік-психологиялық көмек). [112]

Әдебиеттерді және жоғары оқу орындарының тәжірибелерін зерделеудің нәтижесінде мүгедек студенттердің жоғары оқу орындарында сапалы білім алуларын қиындататын бірқатар мәселелер көрсетуге болады:

– мүгедек студенттердің жоғары оқу орындарында білім алулары үшін оңтайлы педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету мәселелері отандық педагогика ғылымының теориясы мен әдістемесінде жеткілікті әзірленбеуі;

– жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызмет және осы процестерге педагогикалық басшылық жүйесін айқындайтын зерттеулердің жоқтығы, яғни мүгедек студенттердің жоғары оқу орындарында оқуы үшін оңтайлы педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірленбеуі;

– жоғары оқу орындарының жалпы құрылымындағы мүгедек студенттердің психологиялық-педагогикалық қолдау орнының анықталмауын жатқызуға болады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының жұмыс тәжірибесін зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу орындарының басым көпшілігі мүгедек студенттердің білім алулары үшін арнайы жағдайларды ұйымдасу қажеттілігін сезінгендерімен де, мұндай жұмыстарды жүргізуге дайын емес екендігі байқалды. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің ерекше қажеттіліктері жоғары мектептің педагогикасымен өз деңгейінде ескерілмейді деуге болады.

Аталған мәселе бойынша теориялық талдаулар мен тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері жоғары оқу орындарындағы педагогикалық

процесс барысында мүгедек студенттердің білім алулары мен тәрбиеленулеріне арнайы жағдайларды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болса ғана, бұл жағдай өзгеруі мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Жоғары білім алу үрдісінде мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді педагогикалық қолдаудың жалпы моделінің болмауы, жоғары инклюзивті білім алудың әдістемелік қамтылуының болмауы, мүгедек студенттердің кедергісіз және қол жетімді ортаны ұйымдастыруға арналған қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге жауапты ЖОО әкімшілік-басқару қызметкерлерінің қажетті білімінің болмауы, сондай-ақ білім беру барысындағы барлық субъектілердің дайындықсыздығы, ЖОО инклюзивті білім беру үрдісінің іске асырылуын қиындатып, Қазақстан Республикасының 2016-2019 жж. білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттері ретінде ұсынылған инновациялық тұлғаға-бағытталған педагогикалық жүйелерді жобалауға кедергі келтіреді.

Қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің сапалы білім алуын ұйымдастырудың бірегей, жалпы әдістерінің қажеттілігі туындайды. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттердің жоғары білім алуы үрдісінде оларды педагогикалық қолдауды біз өзара байланысқан, иерархиялық құрылған педагогикалық жүйенің бір тұтас моделі ретінде көреміз. Модель біздің зерттеуімізде көптеген эталон жасалатын үлгі ретінде қарастырылады. Модельдеудің арқасында теория мен практика бір бірімен сәйкестік байланыста жүзеге асырылады.

Ұсынылып отырған модель ЖОО-да оқу барысында мүгедек студенттердің өзекті қажеттіліктері мен кездесетін проблемаларын айқындау бойынша әзірленді. Модельдің мақсаты – мүгедек студенттер үшін арнайы институттар және университеттер немесе арнайы топтар түріндегі қатар кеңістікті құруға қарағанда, ерекше білім алу қажеттіктері бар адамдарды қосу арқылы қалыптасқан ЖОО білім беру жүйесін тездетіп реформалау болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің осы кезеңінде аталған мәселені шешу үшін, келесі міндеттер қойылды:

1. Жоғары оқу орнында мүгедек студенттердің оқулары үшін арнайы ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар жүйесін теориялық негіздеу және әзірлеу, оларға сапалы кәсіби білім беруді қамтамасыз ету факторы ретінде.

2. ЖОО мүгедек студенттерге арналған арнайы ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар жүйесін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу.

Базалық жоғары оқу орнының ортасына мүгедек студенттерді сәтті интеграциялауға бағытталып, әзірленген барлық педагогикалық шарттардың

апробациясы 2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін дамытушы педагогикалық эксперимент процесінде жүзеге асырылды.

Бұл ретте, арнайы педагогикалық жұмыс субъектілердің негізгі үш тобында: мүгедек талапкерлер (43), мүгедек студенттер (122) және ЖОО әкімшілігі (18) субъектілерінің негізгі үш тобында жүзеге асырылды.

ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдаудың біз әзірлеген интегративтік моделі, арнайы педагогикалық шарттар жүйесін іс жүзіне асырудың теориялық негізі болып табылады.

Мүгедек студенттерге білім берудің қазіргі үрдісіне арнайы педагогикалық шарттар жүйесін енгізудің мүмкін еместігі эксперименттің ерекшелігі болып табылатындығын атап өту қажет, себебі экспериментіміздің басында ЖОО-да стихиялық ұйымдастырылған акциялар ретінде материалдық жәрдемақы, тегін түскі ас немесе тәрбиелік сипаттағы біржолғы акциялардан басқа мүгедек студенттерді қолдаудың қандай да бір ұйымдық нысандары болған жоқ.

Бұл модельдің теориялық-әдіснамалық негізін мыналар құрайды: «қалыпқа келтіру» концепциясы (Б. Нирье, Р. Штайнер және т.б.), интегралдық жекешілдік концепциясы (В.С. Мерлин), антропософиялық педагогика (Р. Штейнер), философия және гуманитарлық бағытталған антропоорталықтандырылған психологиялық-педагогикалық ғылымдағы ориентация ретінде «жүйедегі адам» бүтіндей феноменінің концепциясы (Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, Л.П. Буева, А.И. Буров, С.И. Гессен, В.П. Казначеев, А.Н. Леонтьев, В.И. Слободчиков, К. Ясперс), білім беру мәдениетіндегі индивидтің мәндік күштерінің дамуы концепциясы (Б.Т. Лихачев, Е.Л. Прасолова) және т.б.

Интеграциялық процестерде скандинавиялық елдер ұсынған «Қалыпқа келтіру» (концепция-нормализация) тұжырымдамасы - мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты әлеуметтік саясаттың шешуші рөлін атқарады. «Қалыпқа келтіру» немесе «қалыптастыру» қағидалары бірқатар халықаралық құқықтық актілермен: «Балалар құқықтары декларациясымен», «Интеллектуалды дамуында ауытқушылығы бар адамдар құқығы туралы», «Мүгедектер құқықтары туралы» бекітілген. Қалыптастыру теориясы көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін өте ұтымды болды. Өйткені арнайы жабық интернаттар мен сауықтыру орындарынан ашық әлеуметтік қоғамға араласып, өз бетінше өмір сүруіне, кемсіту жағдайларын сезінбеуіне мүмкіндіктер туғызды. Даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қалыпты өмір сүру жағдайларына: жеке баспананы иеленуі, білімі, еңбекпен қамтылуы, демалысы, өмір сүру үшін қаражатының болуы, әр түрлі әлеуметтік игіліктерді пайдалану мүмкіндігі, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының болуы мен қарым-қатынас жасай білуіне және де, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған қалалық инфрақұрылымды барынша қол жетімді жасауға, ақпараттық және өзге де кедергілерді азайтуға, сол санаттағы тұрғындардың әлеуметтік өмірдегі мүмкіндігінің шектелмеуіне

жағдай жасады. Сонымен бірге экономиканың өрлеуіне, педагогикаға инновациялық технологиялар мен гуманистік ойлардың кіруіне, оның ішінде білім беруде интерактивті және экологиялық көзқарасты қалыптастыру теориясы мен тәжірибесін іске асыруға үлкен қолдау болды.

Диссертациялық зерттеу шеңберінде әзірленген ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдау моделін педагогикалық шарттар жүйесі ретінде қарастырудың әдістемелік негізі ретінде, сонымен бірге, К.А. Ямбург мектебінің *адаптивті моделі* қолданылды [105]. Оны ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдау ұйымы тұрғысында қолдану, біз әзірлеп отырған педагогикалық талаптар жүйесі «адаптивті» жүйені, яғни мүгедектерді клиникалық тұрғыдан дені сау адамдарға алдымен аккомодация принципі бойынша, демек басқаларға ұқсау, содан соң ассимиляция принципіне (ортаны жеке дамыған кәсіби қабілеттер бойынша шығармашылық түрлендіру) көшу арқылы бейімдеуді білдіру керек. Жоғары білімді қамтамасыз етудің осы жүйесі ерекше білім алу қажеттіктері бар студенттердің бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға арналған.

ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың моделін әзірлеу кезінде біз қандай да бір жеке диагностикалық көрсеткіштерге сәйкес нұсқалы технологияларды пайдалануды қамтитын және мүгедек студенттерді оқытудың қолдау үрдісіне енгізілген *тұлғаға бағытталған педагогика мен акмеологияның* негізгі ережелерін ескердік. Модель түрінде ұсынылған бүтіндей психологиялық-педагогикалық жүйе бірінші курс студентін жоғары оқу орны талаптарына бейімдеу міндеттерін шешуден басталып, ЖОО бітірушісін кәсіптік бейімдеу мен оны жұмысқа орналастыру міндетімен аяқталады.

Осы ұстанымдарға сүйене отырып, интегративті модель мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өмірі мен тұрмысы олардың өмір сүріп отырған қоғамның талаптары және өмір стиліне мүмкіндігінше жақындату идеясына негізделген. Тиісінше, осы модельді әзірлеу кезінде мына негізгі қағидаларды ескердік:

– мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі әрбір адам дәлме-дәл жағдайларды ұйымдастырған кезде өз мүмкіндіктеріне сәйкес дамуға және оқуға қабілетті;

– мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі адамға дамыту мен оқудың арнайы талаптарын құру жауапкершілігін, ең алдымен білім беру ұйымы (бұл жағдайда – жоғары оқу орны), білім алуды қолдаудың арнайы нысандары мен психологиялық-педагогикалық қолдауды жасай отырып өзіне алады;

– білім беру ұйымдарында мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі адамның қоғамдық түйсігін оның әлеуметтік мәртебесінің қарапайым адам мәртебесіне сәйкестігі тұрғысынан мақсатты түрде қалыптастырудың қажеттілігі [18].

Диссертациялық зерттеу шеңберінде әзірленген ЖОО-да ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттерді қолдаудың бүтіндей моделінің мағызды

теориялық-әдістемелік негізі ретінде, сонымен бірге, В.А. Ясвиннің білім беру ортасын векторлық моделдеу әдіснамасы қолданылды [106]. В.А. Ясвиннің білім беру ортасындағы контексте «мүмкіндік» ұғымын анықтау зерттеуіміздің негізгі мақсатына жетуде ерекше мәнге ие болады. Оған берілген анықтамаға сәйкес, «мүмкіндік» ұғымы ортаның дамытушы ресурстарын игеруде «тұлғаның белсенді рөлін» (яғни субъективті ұстанымын) атқарады, себебі қоршаған ортаға тән қасиеттермен және жеке қасиеттерімен тең дәрежеде анықталады. Мүмкіндік – адам мен орта арасындағы көпір. Сонымен қатар «ықпал ету» мен «шарттар» «белсенсіз» адамға «белсенді» ортаның әсерін туғызады, яғни білім алушылардың объектілі позициясын анықтайды [107]. Осы анықтамаға сәйкес, гуманистік педагогикадағы кез-келген білім беру үрдісінің мақсаты – өз мүмкіндіктерін барынша іске асыруға ұмтылатын, жаңа идеяларға ашық, адамдар, табиғат және жаратылыс алдында жауапты, өзін-өзі ақтайтын тұлғаны дамыту.

ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың моделін әзірлеу қажеттігін анықтайтын тағы бір маңызды ұстаным В.А. Левин ұсынған және отандық педагогикада кеңінен таралған *білім беру ортасының экологиялық-тұлғалық моделі* болды. В.А. Левин пікірінше, білім беру ортасы дамудың тиімділігіне ие болу үшін ол білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің (білім алушылар мен педагогтар) өзін-өзі дамытуға арналған мүмкіндіктер кешенін қамтамасыз етуге қабілетті болуы тиіс [108]. В.А. Левиннің әдіснамалық зерттемелеріне сәйкес «дамытушы білім беру ортасы» ретінде білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің өзін-өзі дамытуға арналған мүмкіндіктер кешенін қамтамасыз етуге қабілеттілігі түсіндіріледі. Тиісінше, ЖОО білім беру жүйесі мүгедек студенттерге арналған бөгетсіз оқытуды ұйыдастыру процесіне білім беру ортасы, білім беру мазмұны, білім беру процесі, білім беру процесінің субъектілері сияқты негізгі элементтерден құрылуы тиіс; бұл ретте ЖОО білім беру жүйесінің педагогикалық ұйымының, оның ішінде білім беру ортасының маңызды құрамы – сараптау мен мониторингілеу болуы тиіс. Ол – ЖОО білім беру жүйесін күзіретті мамандардың жан – жақты зерттеуі, және білім беру процесінің барлық субъектілері, бірінші кезекте, әкімшілік және оқытушылар үшін кейінгі міндетті қорытындысы мен ұсыныстары [108]. Біздің зерттеуіміз үшін «*экологиялық кешен*» теориясы ерекше қызығушылық тудырады, оған сәйкес адамзат қоғамы мен қоршаған ортаның фундаменталды функционалды бірлігі экологиялық кешеннің көмегі арқылы ұсынылуы мүмкін, ол РОЕТ аббревиатурасымен белгіленеді (өз компоненттерінің ағылшынша атауының алғашқы әріптері) және мынадай 4 құрылымдық компоненттерден тұрады: 1) халық немесе популяция (P – ағылш. Population); 2) әлеуметтік ұйым (O – ағылш. Organization); 3) қоршаған орта (E – ағылш. Environment); 4) технология, кең мағынада түсіндірілетін және ортамен өзара әрекеттесетін заттандырылған құралдар, сондай - ақ жалпы мәдениет (T – ағылш. Technology) [109].

РОЕТ моделіне сәйкес, ЖОО білім беру ортасы 4 құрылымдық компоненттен тұруы тиіс: 1) білім беру процесінің субъектілері (Р); 2) әлеуметтік компонент (О); 3) кеңістік – заттық компонент (Е) – сыныптар мен қолдау қызметтері үшін бөлмелер, жалпы ғимарат, іргелес аумақ және т.б.; 4) технологиялық компонент – білім беру процесін құрудың жетекші мақсаттарынан туындайтын оқытудың мазмұны мен әдістері [108].

Жоғарыда тұжырымдалған концептуалды ережелерге сүйене отырып, біз әзірлеген модель шеңберінде мүгедектігі бар студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын ЖОО білім беру ортасы – мүгедектігі бар студенттің дамуы мен кәсіби қалыптасуына арналған әлеуметтік және кеңістік-заттық айналасындағы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жүйесі ретінде түсіндіріледі. Осыған байланысты жоғары оқу орнының басқарушылық міндеті негізгі міндет болып табылады. ЖОО ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттерді қолдаудың педагогикалық қамтамасыз ету мақсаты – ортаның барлық субъектісінің өзін-өзі дамытуына арналған мүмкіндіктер кешенін қамтамасыз ететін білім беру ортасындағы байланыстар жүйесін оңтайлы техникалық ұйыдастыру болып табылады.

ЖОО ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттерді қолдау моделін құруды анықтайтын *синергетикалық әдіс* маңызды теориялық ереже болып табылады, оған сәйкес кез-келген гуманитарлық жүйе өзін-өзі ұйымдастыруға тырысады. Синергетикалық әдіске сәйкес, біз ЖОО ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттерді қолдаудың мынадай негізгі қағидаларын белгіледік:

– *Ашықтық*. Бұл қағида кез-келген ЖОО мүгедек жастарды олардың дені сау құрдастарымен теңдей қабылдауға дайын болуын ғана емес, сонымен қатар жоғары білім беруді қамтамасыз етудің әдістемелік жүйесін инновацияларға, жүйені оңтайландыратын және жетілдіретін жанару процестеріне ашық болуын талап етеді.

– *Фракталдық*, яғни бүтіннің қасиеттеріне ие көптеген бөліктердің болуы. Фракталдық ЖОО-да салыстырмалы дербес құрылымдардың белгілі бір санының бар болуын талап етеді (бөлімше, департаменттер, басқармалар, оқу кафедралары, студенттік топтар және т.б.), олардың әрқайсысы белгілі бір дәрежеде ЖОО мүгедек студенттерді оқыту үрдісіне қатысады және ЖОО біртұтас стратегиясында тактикалық міндеттерді шешу шеңберінде жоспарлау және дамыту функцияларына ие болады. ЖОО-ның мүгедек студенттерді оқытуды ұйымдастыру саласындағы стратегиялық бағыты икемді болып табылады және жыл сайын ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттердің құрамы, олардың жеке білім алу проблемалары диагнозымен анықталады. Мұндай проблемалар педагогикалық тапсырыста ЖОО-на ұсынылып, ол тактикалық міндеттер мен тиісті өкілеттіліктерге сәйкес әр ЖОО құрылымымен жүзеге асырылуы тиіс. Дегенмен, бұл қызметті фракталдық қағидасына сәйкес үйлестіру үшін жоспарлар дайындайтын, ЖОО мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттердің тиімді оқуына қажетті

жағдайлар жасау қызметінің нәтижелерін бақылайтын және талдайтын белгілі бір басқару органының ұйымдастырылуы қажет. Біздің ойымызша, мұндай басқару органы әр ЖОО құрылған. Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың жоғары оқу орнындағы консультациялық-практикалық орталығы болуы керек. ЖОО қызметін ұйымдастырудың пәнаралық моделі осы орталықтың үйлестірушілік, делдалдық, орталықтандыратын рөлін арттыруды білдіреді.

- *Динамикалық тұрақсыздық.* ЖОО мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқытудың пәнаралық жүйесі нақты кедергісіз ортаны, оқу бөлімін, халықаралық бөлімді, дені сау студенттер, мүгедек студенттер және т.б. қамтитын әкімшілік-шаруашылық бөлімнен бастап, профессорлар-оқытушылар құрамын қоса білім беру үрдісінің барлық субъектісінің жеткіліксіз өзара түсінісуіне алғышарт жасайды. Сонымен қатар, осы процеске қатыстырылған барлық пікірлердің қактығысуы жағдайды объективті, бүтіндей бағалауға және ерекше білім алу қажеттіктері бар студенттерге жоғары білім берудің оңтайлы талаптарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оқытушылардың ғана емес, бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің де біліктілігін арттыру талаптарын құруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ЖОО мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың консультациялық-практикалық орталығының қызметінде, студенттерге білім беру процесінде қолдаудың практикалық міндеттерін шешуден басқа, мүгедек студенттерді оқытудың толық проблемасы көрсетілетін біліктілікті арттыру семинарларын жүргізу көзделеді.

- *Таңдаудың көптүрлілігі.* ЖОО мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқыту жүйесі әр студенттің жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл студенттік топтардың даму барысында өзін-өзі дамыудың жеке траекториясының пайда болуын білдіреді.

- *Жүйенің өзін-өзі қалыптастыруы.* Біз әзірлеген модель бұдан кейін басқа қазақстандық ЖОО-на көшіру арқылы өзін-өзі дамытады және оның өзін-өзі дамытуына мамандану, шығармашылық атмосфера және т.б. факторлары ықпал етеді деп болжануда. Абай атындағы ҚазҰПУ мүгедектер қоғамымен бірлесе отырып іске асырылған ЖОО мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың консультациялық-практикалық орталығының моделі негізінде қазіргі кезде Қазақстандық 4 ЖОО-да (Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Еуразиялық гуманитарлық университеті, Халықаралық бизнес университеті, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) осындай ЖОО-да орталықтар ашылғанын атап кеткен жөн. Болашақта ұсынылған модельдің түрлі модификациялары (нұсқалары) болуы мүмкін. ЖОО талаптарының ерекшелігі мен шарттар жиынтығына байланысты өзінше келбеті болуы мүмкін - бұдан әрі барлық ашық өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде бірегей дамуы орын алады.

– *Тьюторинг*, оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңу мен мүгедектіктің ерекшеліктеріне байланысты коммуникативті проблемаларды шешу үшін ерекше білім алу қажеттіктері бар студентке жәремдесуді үйрету. Мұндай көмекті ЖОО педагогикалық құрамынан, студенттер немесе қолдау қызметінің мамандары (педагог-дефектолог және психологтар) арасынан таңдап тағайындалатын студенттің тәлімгер - тьюторы жүзеге асыруы тиіс. Тьюторинг жеке және топтық орындауда жүзеге асырылады.

Негізгі дидактикалық жағдайлардың бірі ретінде университеттегі мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың негізін құрайтын іргелі ережелер, яғни мағыналы, мақсатты қызмет қалыптасатын білім беру ортасын анықтайтын алғышарттар негізінде, біз мүгедектігі бар студенттердің физикалық мүмкіндіктері ескеретін индивидуалды әдісті әзірледік. Бұл университеттегі білім берудің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды шарт. Бұл әдіс мүгедек студенттің психофизикалық ерекшеліктері мен шектеулерін білу, оқу жүктемесін мөлшерлеу негізінде педагогикалық ықпал арқылы іске асырылады. Бұл талапты іске асыру бір жағынан оқу материалы мен оқу үрдісін арнайы ұйымдастыруды, екінші жағынан мүгедек студенттердің осы материалдарға қол жеткізуінің түрлі тәсілдерін ұсынады.

Зерттеу шеңберінде жоғары білім алу үрдісінде мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді педагогикалық қолдаудың моделін іске асырудың қағидалары анықталды:

- модульділік қағидасы - әрбір кейінгі модуль оқу үрдісін ұйымдастырудың белгілі бір кезеңін көрсететін, студенттерді қолдау жүйесін оның дамуында қарастыру;

- барлық қолдау мен сүйемелдеудің (мониторинг, ағарту, даму мен өзін-өзі таныту) кешенділік, кезеңдік және үздіксіздік қағидасы;

- диагностика, кеңес беру, мониторинг, т.б. бірлігі қағидасы;

- қолдау субъектілерінің мақсатты гуманистік белсенділігі қағидасы;

- реттілік, сабақтастық және интегралдау қағидасы мүгедек студенттердің қажеттіктерін қанағаттандыруға және бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасын дәйекті дамытуға және жетілдіруге негізделген;

- көру, есту, тірек-қимыл аппараты және интеллектінің бұзылуы бар студенттерді қоса алғанда, мүгедектіктің түрлі санаттарына жатқызылған студенттердің мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, нысаны бойынша вариативті, интеграцияланған, үздіксіз, көп деңгейлі кәсіби білімді ұйымдастыру қағидасы;

- ЖОО ерекше білім алу қажеттіктері бар студенттер үшін оқу процесін кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау қағидасы.

Жоғарыда айтылғандай, диссертациялық зерттеу шеңберінде мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге қажетті шарттармен саналы құралдарды бірегей жүйеге шоғырландыру, реттеу және біріктіру мақсатында консультациялық-практикалық орталық құрылды.

Осы орталық қызметінің мақсаты – мүгедек студенттерді психологиялық-педагогикалық, ақпараттық-бейімдеу және материалды-техникалық қолдау, әлеуметтік талаптарды (әлеуметтік тәуелсіздік, әлеуметтік қарым-қатынас, білімге және жатаханаға қол жеткізудегі жеке проблемалардың бірқатарын шешу мүмкіндігі, спортпен, дене шынықтырумен, мәдени-сауық құру қызметімен айналысу мүмкіндігі) құруға және жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне жетудің жан-жақты мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

ЖОО мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдау келесі міндеттерді шешуге ықпал етеді:

- мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес кәсіби жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыруға жәрдемдесу;

- физикалық, ақпараттық, адами және өзге кедергілерді жоюға бағытталған арнайы іс-шараларды жүзеге асыруға немесе мүгедектігі бар студенттерді толығырақ әлеуметтік бейімдеу және олардың қоғамға бейімделу мүмкіндігі.

ЖОО-да мүгедек студенттерді қолдаудың біртұтас жүйесін ұйымдастыру мыналарды қамтамасыз етуге бағытталған:

- орта білім беру нысандарында тәуелсіз, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге жоғары кәсіби білім алуға тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер беру;

- мүгедек студенттер үшін кәсіби білім алудың үздіксіздігі;

- мүгедек студенттердің мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жоғары білім беру кезеңінде кәсіптік білім және мамандық алуы;

- арнайы білім беруге қажетті жағдайлар жасау, саналы құралдармен жабдықтау және бірыңғай білім беретін кәсіби ортаға кедергісіз қол жеткізу (сурет 2).

Мақсаты: мүгедек студенттерге жоғары білім қолжетімділігін қамтамасыз ету

Міндеті: ЖОО-да мүгедек студенттерге сапалы кәсіптік білім берудің маңызды факторы ретіндегі арнайы педагогикалық шарттар жүйесін құру.

Қағидалар: модульдік, кешенділік, диагностика бірлігі, кеңестер, мониторингтер, сүйемелдеу субъектілерінің мақсатты гуманистік белсенділігі, жүйелілік, сабақтастық пен интеграция, үздіксіз кәсіптік білім беруді ұйымдастыру, кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау, білім алушының дербестігі.

Мүгедек-студенттерді қолжетімді жоғары біліммен қамтамасыз ету қызметінің бағыттары

**ЖОО-на
дейінгі
дайындық
кезені**

Жалпы білім беретін және арнайы мектептердегі кәсіби бағдарлау

Мүгедек талапкерлердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу тестік емтиханын тапсыру кезінде қажетті жағдайлар мен қолдау шаралары

ЖОО-да қолжетімді, әрі сапалы білім беру үшін әрбір студенттің қажеттілігін анықтау.

Студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру ортасының мониторингі.

Негізгі кезең

Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар:

- материалды-техникалық, ақпараттық бейімдік қолдау және кедергісіз аймақ құруды ұйымдастыру;
- профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге кеңестер беру және әдістемелік көмек көрсету;
- өзіндік жұмыстарды дайындауға көмек көрсету;
- жеке кеңестер ұйымдастыру;
- академиялық қарызды жою барысында көмек көрсету;
- оқу практикасын ұйымдастыруда көмек көрсету және оның өтуін бақылау;
- оқу-әдістемелік материалдарды аудио-видео- және электронды тасымалдаушыларға аударуды ұйымдастыру;
- СӨЖ, СОӨЖ, реферат, бақылау, курстық, дипломдық жұмыс және басқа да жұмыстар дайындау үшін Internet ғаламдық желісін пайдалану мүмкіндіктерін ұсыну

Әлеуметтік-педагогикалық шарттар:

- қосымша шәкіртақы мен материалдық жәрдемақыларды тағайындау кезінде көмек көрсету;
- жатақханаларда неғұрлым қолайлы орындар бөлінуіне ықпал ету;
- мүгедек-студенттерге көмек беретін еріктілер қозғалысын ұйымдастыру;
- студенттерге құқықтық қолдау көрсету;
- жұмысқа орналасуға көмек көрсету;
- бос уақыт қызметін ұйымдастыру, т.б.

Психологиялық-педагогикалық шарттар:

- оқу процесінде оқытушы-студент (мүгедек) қарым-қатынасына түзетулер енгізу;
- оқу процесінде мүгедек-студент – курстастар қарым-қатынасына түзетулер енгізу;
- студенттердің жеке басының проблемаларын шешуге көмек көрсету.

**Қызметтік
қорытынды кезеңі**

Мүгедек студенттердің оқу үлгеріміндегі, жеке потенциалының дамуындағы жақсы көрсеткіштер, эмоциялы көңіл-күйлерінің жақсаруы, кіріктіріп оқыту жағдайында жоғары білім берудің өзге субъектілерімен тиімді қарым-қатынас жасау

Критерийлер: қолжетімділік, эмоционалды комфорт, білім берудегі барлық субъектілердің белсенділігі, үлгерім көрсеткіші

ЖОО-да инклюзивті білім беру деңгейі: жоғары, орташа, төмен

Сурет 2 – ЖОО-да МШ студенттерді қолдаудың біртұтас педагогикалық шарттар жүйесі

2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МҮГЕДЕК СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ

2.1 Инклюзивті білім беру жағдайында жоғары оқу орындарында даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі мен мазмұны

Жоғарыда айтылғандай, диссертациялық зерттеу шеңберінде мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге қажетті шарттармен саналы құралдарды бірегей жүйеге шоғырландыру, реттеу және біріктіру мақсатында консультациялық-практикалық орталық моделін құруды тиімді деп санадық (сурет 2). Сол себепті 2015 жылдың 6 мамырында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің негізінде ЖОО-да мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығы құрылды.

ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығын құру Қазақстан Республикасының мемлекеттік нормативтік-құқықтық және заңнамалық құжаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ратификацияланған, білім беруді тұлғаның қабілеттерін, сұраныстарын және мүмкіндіктерін өмір бойы пайдалануды қамтитын жаңа сапалы үздіксіз кәсіби білім алу жүйесіне бағыттайтын, халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес келеді. ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының жұмыс істеуі тұлғаның құндылығы мен өзін-өзі танытуы, демократиялануы мен ізгіленуі, әлеуметтенуі мен кәсібиленуі идеяларының практикалық іске асырылуына ықпал етеді, және мүгедек адамдардың кәсіби және тұлғалық өзін-өзі танытуын қамтамасыз етуге бағытталады.

ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының негізгі функциялары:

1. ЖОО ортасының ұлттық және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес физикалық қол жетімділігін қамтамасыз ету.

2. Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі әрбір студент, оның ата-анасы (заңды өкілдері), курстастары, оқытушылары мен басқа да ЖОО қызметкерлерінің мүгедек тұлғаның оқуы, тәрбиесі және дамуына индивидуалды және дифференциалды әдіс мәселелері бойынша кеңес алуы қажеттіліктерінің анализі.

3. Оқу үрдісіне жәрдемдесетін және түзететін қажетті психологиялық-педагогикалық іс-шараларды ұйымдастыру.

4. Студенттерді брайль шрифті, рельефтік графика, электрондық мәтінді сипаттайтын бағандар, кестелер, сызбалар, фотосуреттер және т.б., үлкейтілген әріп, DAISY және т.б. сияқты балама форматтарда материалдармен қамтамасыз етуді қоса, білім беру үрдісін ақпараттық-бейімдік қамтамасыз ету, сондай-ақ сабақ оқу барысында және сабаққа дайындық кезінде студенттердің жеке

қажеттіктеріне қарай ымдау тілінің аудармашылары мен ассистенттермен қамтамасыз ету.

5. Оқу үрдісін брайльдік шрифтті басып шығаруға арналған принтерлер, экранды қол жеткізу және экранды ұлғайту бағдарламалары, брайль дисплейлері, арнайы сканерлер, оқу машиналары, термалды қаламдар, рельефті графиканы шығаруға арналған жүйелер, DAISY ойнатқыштары, электрондық үлкейткіштер және CCTV құрылғылары, т.б. қоса, арнайы көмекші және компенсаторлық жабдықтармен материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

6. Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студентке кеңістікте өз-өзін басқару және өз-өзіне қызмет көрсету, әлеуметтік тәуелсіздікті иелену, студенттердің өзара және студенттер мен оқытушылардың қарым-қатынасында шектеуді жою сияқты әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды игеруде кәсіби көмек көрсету.

7. Студенттер, оқытушылар және ғылыми жетекшілермен мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттің оқу бағдарламасының (оның физикалық және психологиялық проблемаларының сипатын ескере отырып, таңдаған мамандығы бойынша тестілеу, ауызша және жазбаша емтихандарды тапсыруды қоса алғанда) индивидуалды бағытымен меңгеру графигін құру үшін кеңес беру.

8. Мүгедек студенттің оқу, оқытылу және оқығандық үрдістерін мониторингілеу, жоғары кәсіптік білім алу барысында туындайтын психологиялық, коммуникативтік, ұйымдастыру-әдістемелік және басқа қиындықтардың, ақпаратқа, білімге немесе инфрақұрылымға қол жеткізудегі кедергілердің мұқият анализі.

9. Мүгедектігі жоқ құрбы-құрдастарымен бірлесе отырып, демалу және сауық құру, мәдениет, спорт, туризммен айналысу тәсілдерін енгізуге жәрдемдесу.

10. Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен олардың ата-аналарын әлеуметтік, медициналық және психологиялық-педагогикалық қолдауға жоғары оқу орны мен басқа да ұйымдардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету.

11. Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, кедергісіз орта және білім алу мақсатына жету үшін мұндай студенттерге ұсынуға болатын саналы құралдар туралы психологиялық-педагогикалық білімдерін артыру мақсатында ЖОО әкімшілігі мен профессорлық-оқытушылық құрамымен түрлі іс-шараларды ұйымдастыру.

12. Ақпараттық және «консультациялық» парақшалар, проспектілер, жаднамалар, афишаларды әзірлеу және тарату, мүгедектік және ЖОО өміріне мүгедек студенттерді интеграциялау мәселелері бойынша интеллектуалды ойындар, викториналар, конкурстар, танымдық-оқыту тренингтерін жүргізу.

13. Мүгедек студенттер үшін тең мүмкіндіктер жасаудағы озық тәжірибені насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу.

Кеңес беру-практикалық қызмет осы ЖОО-да оқитын мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығында тіркелген барлық мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттермен, олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен тұрақты түрде (алдын ала келісілген жоспарға сәйкес) жүргізіледі. Кеңес беру-әдістемелік жәрдем, сондай-ақ ақпараттық-бейімдеушілік және материалды-техникалық қолдау шұғыл түрде көрсетілуі мүмкін (мүгедек студент, оның ата-анасына және т.б. қажет болғанда немесе қалауы бойынша). Кеңес беру-әдістемелік жәрдем, сонымен бірге университеттің (институттың) әкімшілік-басқару буынына, профессорлық-оқытушылық құрамына және басқа қызметкерлерге ұдайы (алдын ала келісілген жоспарға сәйкес) және шұғыл (қажет болғанда немесе тараптардың бірінің қалауы бойынша) көрсетіледі. Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығында үйлестіруші қызметінің мәні мынадай қызметтерден тұрады:

- білім алушымен бірге оның физикалық және психологиялық шектеулерінің сипатын ескере отырып, таңдаған мамандығы бойынша тестілеу, сынақ тапсыру, емтихандарды қоса алғанда, оқу бағдарламасының индивидуалды бағыты мен меңгеру графигін құру;

- Әкімшілік-басқарушылық бөлімнің, профессор-оқытушылар құрамының мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі адамдармен педагогикалық және психологиялық өзара қарым-қатынасындағы, олардың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайту және т.б. өзекті проблемалары бойынша жеке кеңестер беру;

- мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың кәсіби қалыптасуының когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалды және физикалық дамуының психологиялық-педагогикалық, ақпараттық-бейімдеушілік және материалды-техникалық қолдау бойынша тақырыптық кеңестер беру.

ЖОО мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін университетте (институтта) экранға қол жеткізу бағдарламалары бар компьютерлік орындармен, принтер және сканермен, оқитын машинамен, алуан түрлі арнайы оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, және көркем әдебиетпен, жұмсақ креслолар, диван, шай (кофе) ыдыс жиынтығымен, электршәйнегі мен кофе шәйнегі, ең қажетті санитарлық-гигиеналық құралдардың жиынтығы, дәрі қобдишасы, түрлі стильдегі және бағыттағы кезеңді басылымдар жиынтығымен (газет, журналдар және т.б.) және т.б. арнайы жабдықталған бөлме беріледі.

Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының жұмыс істеу алгоритмі мынадай кезеңдерден тұрады:

1. *Диагностикалық*, ЖОО мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттердің дерекқорларын қалыптастыру, жанартудан тұрады. Бұл кезеңде

орта мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін мүгедек студенттермен индивидуалды әңгімелесу өтеді; олардың қажеттіктерін анықтау үшін сауалнама жүргізіледі; ЖОО оқытушылары мен курстастармен кеңес беру жұмыстары жүргізіледі (мүгедек студенттің аса білінетін физикалық ерекшелігі кезінде).

2. Мүгедек студенттердің ЖОО оқу кезінде *қажеттіктерін мониторингілеу*. Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге көмекпен қолдау көрсетіліп, пайда болған проблемаларды шешу үшін басқа субъектілермен (мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен, емдеу-профилактикалық мекемелерімен, әлеуметтік қорғау мекемелерімен және т.б.) байланыс орнатудан тұрады.

3. Мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен мүгедектігі жоқ студенттер арасындағы байланыстарды кеңейту мақсатында *арнайы бірлескен іс-шаралар жүргізу* (қажет болған жағдайда мүгедектік мәртебесінің құпиялылығын сақтау негізінде).

4. Әлеуетті жұмыс берушіні табуға көмектесу арқылы *еңбек нарығына шығуға дайындалу*. Бұл кезең мүгедек бітірушіні жұмысқа орналастыруға дайын әлеуетті жұмыс берушілердің дерекқорын қалыптастыру; студентке жұмысқа орналасуға перспективалы өндірістік және диплом алды практика орнын дайындау, сондай-ақ түйіндеме әзірлеуге көмектен тұрады.

Сонымен қатар, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен әлеуметтік серіктестік ұйымдастырылып, кеңінен дамып келеді. Ол екі бағыт бойынша жүзеге асырылуда: қоғамдық ұйымдарда есепте тұрған мүгедектігі бар әлеуетті абитуриенттерді тарту арқылы және ЖОО жағдайларында бейімдеу процестерін оңтайландырудың ортақ міндеттерін шешу. Әдетте студенттер мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі адамдармен қалай қарым-қатынас құру керектігін жиі білмегендіктен, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының өкілдерімен кездесулер өткізіледі, мәдени-сауық құру іс шаралары жүргізіледі.

Диссертациялық зерттеу шеңберінде ЖОО мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың консультациялық-практикалық орталығының құрылуы, және сәтті қызмет атқаруы, Қазақстан Республикасының ЖОО-да инклюзивті білім беруді іске асыру үшін тек материалды-техникалық база құру емес, сонымен қатар мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге кешенді қолдауды енгізу қажеттігін растайды. Бұл ретте осы қолдау бүкіл оқу бойы жүзеге асырылуы тиіс.

Осылайша, ЖОО инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін арнайы психологиялық-педагогикалық көмекке негізделген инфрақұрылымды дамыту керек. Ол бұл мүгедек студенттің жеке білім беру қажеттіліктерін, оның дағдыларын анықтау, проксимальды даму аймағына бағдар беру, және кәсіби дағдыларын жетілдіру перспективасын анықтауда көрініс табады.

Олай болса, біз медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдауды ЖОО-да білім берудегі инклюзивті оқытуда мүгедек студенттер мен даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге көмек беруге және

оларды дамытуға арналған педагогикалық-психологиялық шарттар мен шаралар жүйесін ұйымдастыруды қолдау мен технологиясын іске асыру жүйесі тұрғысынан қарастырамыз. Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім берудегі психологиялық-педагогикалық және оқыту жағдайларының арнайы кешенін ұйымдастыру - әр түрлі бейіндегі мамандардың медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдауының бір жүйеге біріккен командасының күш салуын талап етеді.

Мүмкіндігі шектеулі студенттерді сүйемелдеу технологиясын Е.А. Мартынова өз еңбегінде ұсынып, оны былайша бөліп қарастырады:

- ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- медициналық-сауықтыру сүйемелдеу;
- технологиялық сүйемелдеу [110].

ЖОО-да мүгедек студенттерге инклюзивті білім берудегі қолдауды ұйымдастырудың міндетті бағыттарына жататындар: диагностикалық жұмыстар, жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмыстары.

Сонымен қатар, университетте инклюзивті білім беруде мүгедек студенттер мен дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар студенттер үшін құрамына кіретін кешенді қолдаулар қарастырылған.

1. Мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге инклюзивті білім беруге бағытталған, ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау

Оның құрамына кіретіндер: сабаққа қатысуын қадағалау; ауырған жағдайда өз бетімен жұмысын ұйымдастыруға көмектесу; ұзақ уақыт қатыспаған білім алушыларға жеке кеңес беруге жәрдемдесу; аралық бақылауларға көмектесу, сынақ тапсыруға, академиялық қарыздарды жоюға; оқу процесінде оқытушы мен білім алушы қарым-қатынасын реттеу; оқытушылар мен қызметкерлерге мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері туралы кеңес беру, қиын жағдайларды түзету; ПОҚ құрамына кезең-кезеңімен семинарлар және нұсқамалар өткізу; әдіскерлер мен өзге де қызметкерлерге көмектесу.

2. Ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету қызметі

Бұл қолдау бағыты аясында мынадай жағдайда төмендегідей міндеттер өз шешімін табады:

- оқу бағдарламалары мен оқыту әдістеріне бейімделу;
- қазіргі заманғы білім беру, оның ішінде: түзету және оңалту технологияларын ендіру;
- әдістемелік қолдау;
- қолдау қызметтерінің бірлескен іс-қимылы;
- бейімделген оқу материалдарымен және құралдарымен жабдықтау.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау - оқуда, қарым-қатынаста және әлеуметтік бейімделуде қиыншылықтары бар даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін атқарылады. Оның құрамына кіретін іс-шаралар: зерттеу,

білім алушыны тұлғалық жағынан түзету және дамыту, психикалық диагностикалық рәсімдер, психикалық алдын алу шаралары және тұлғалық кемістіктерін түзету.

Қолдаудың бұл бағыты аясында келесі міндеттер шешіледі:

- жоғарғы оқу орнында оқитын мүгедек білім алушыларға арналған психологиялық қолдаудың жеке бағдарламаларын әзірлеу;
- мамандық таңдауға қатысуы мен кәсіби іріктеу;
- психологиялық диагностика;
- психотерапиялық нысандағы психологиялық көмек, психотүзелім, кеңес беру және топпен, жеке түрдегі тренингтер;
- оқытушылар құрамына арналған психологиялық көмек;
- отбасына психологиялық көмек көрсету.

4. *Медициналық-сауықтыру қолдау* - білім алушылардың физикалық жай-күйі диагностикасын, денсаулығын сақтауды, бейімделу әлеуетін дамытуды, оқуға бейімделуін қамтиды.

Бұл қолдау бағыты шеңберінде келесі міндеттер шешіледі:

- талапкерлердің денсаулық жағдайын бағалау жолымен кәсіп таңдауға қатыстыру және кәсіби іріктеу;
- нақты мамандықтары бойынша жарамдылығы мен жарамсыздығын дәл анықтай түсу;
- мүгедек студенттерді медициналық қолдаудың жеке бағдарламаларын әзірлеу;
- оқу орнының медициналық қолдау қызметін емдеу мекемелерімен келісе бағдарлай құрастыру;
- тар шеңберлі мамандандырылған медициналық көмек беру үшін емдеу мекемелеріне шипажай-курорттық емдеуге, протездеуге және ортезирлеуге жіберу;
- медициналық білім, білік және дағды беру, медициналық кеңестер мен аурудың алдын-алу шаралары жөніндегі, санитарлық-гигиеналық және медициналық ағарту жұмыстары жүзеге асырылады;
- білім алушылардың денсаулығының жай-күйін бақылау, медициналық қамқорлық, білім берудің рұқсат етілген оқу-өндірістік жүктемесін және күн тәртібін сақтау;
- білім алушылар қатарындағы «тәуекелдік» және «қауіп-қатерлі» топтарды медициналық тұрғыдан бөлу;
- шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда шешім қабылдау;
- оқу орнының санитарлық жағдайын бақылау;
- тамақтандырудың сапасын, ол бойынша ұсыныстар және соның ішінде диеталық тамақтандыруды ұйымдастыру, бақылау;
- емдеу-сауықтыру іс-шараларын жүзеге асыру.

Мүгедек студенттер үшін білім беру үрдісін кешенді қолдауды жүзеге асыру, медициналық-әлеуметтік сараптама қызметінің нұсқауларымен немесе

психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның ұсынымдарына сәйкес іске асырылады.

Мүгедек студенттер мен ДМШ студенттерді білім алудың арнайы шарттарымен қамтамасыздандыру мақсатында арнайы есепке алу жүргізіледі.

Мүгедек немесе ДМШ студентті есепке алу негізі білім алушы жөніндегі жалпы мәліметтерден: тегі, аты, әкесінің аты, өзінде бар білімі туралы деректер, отбасы туралы мәліметтер, мүгедектік тобы туралы мәлімет, денсаулығындағы кемістік жөнінде мәлімет, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру қорытындысының нұсқамалары, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысынан тұрады. Мәліметтерді жинақтау барысында мүгедек немесе ДМШ студенттен дербес деректерін өңдеуге оның келісімі алынуы керек.

5. *Әлеуметтік қолдау* - ерекше сұраныстары бар студенттерді әлеуметтік қолдау, олардың жатақханада тұруы, әлеуметтік төлемдер мен материалдық көмектер бөлуде жәрдемдесу, шәкіртақымен қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге атсалысуды қамтиды.

Бұл қолдау бағыты аясында келесі міндеттер шешіледі:

- барлық қолдаушы қызметтердің жұмысын үйлестіру және бақылау;
- әлеуметтік қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын құрастыру;
- талапкерлерді әлеуметтік диагностикалау арқылы мамандық таңдауға қатыстыру және кәсіби іріктеу қабылдауын өткізіп, тіркеуді ұйымдастыру және топтарды жинақтау;
- әлеуметтік диагностикалау;
- әлеуметтік қамқорлықты жүзеге асыру;
- әлеуметтік оңалту іс-шараларын өткізу бойынша «тәуекелдік» топтарды әлеуметтік көзқарас тұрғысынан анықтау;
- ерекше білім беруді қажет ететін студенттер мен жоғары оқу орны арасындағы, сондай-ақ оңалту қызметінің мемлекеттік мекемелерінің жеке және кәсіби жоспарларын іске асырудағы делдалдық қызмет;
- әлеуметтік қорғау мәселелері, жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінде кеңес беру, олардың құқықтарының іске асырылуына ықпал ету;
- әлеуметтік оқыту (әлеуметтік-тұрмыс және әлеуметтік-орта дағдылары);
- мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- жұмыс берушілермен, жұмыспен қамту қызметімен ынтымақтаса отырып, түлектердің таңдаған мамандығы мен біліктілігіне сәйкес жұмысқа ұтымды орналасуына жәрдемдесу;
- түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметінің нәтижелерін қадағалау,
- кәсіби оңалту жағдайындағы кездесетін қиыншылықтар мен мәселелерді анықтау;

6. *Техникалық және кедергісіз инфроқұрылымдық қолдауды қамтамасыз ету:*

- білім берудің көмекші техникалық құралдарымен (мысалы, арнайы жұмыс үстелдері, отыру және дене қалпын өзгерту тіректері, дауыс зорайтқыштар, дауыс жазғыштар және т.б.);

- үй-жайларға қол жетімділікті, (көпірлер, пандустар, еңістер, сөйлеу дыбыстық орта, көру ортасы және т.б.);

- еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік оқытудағы оқу және жұмыс орындарына икемделу;

- мүгедектердің әр түрлі санаттарына арналған оқу, рекреациялық және тұрғын үй ортасын жабдықтау;

- тұрғын үй мен жұмыс орындарын жабдықтау бойынша жеке кеңестер.

7. *Инклюзивті білім беру үрдісін мамандармен қамтамасыз ету* – мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс істейтін педагогикалық мамандар олардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен, оқу аппаратын қабылдауы ерекшелігімен, әр түрлі кемістіктеріне байланысты оқытудың арнайы техникалық құралдарын пайдалана білуімен таныс болуы тиіс. Білім беру үрдісін ұйымдастыруда осы ерекшеліктерді есепке алулары тиіс. Сол мақсатта инклюзивті білім беру процесі бағдарламасына қажет блок бойынша пәндерді педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының бағдарламаларына енгізуді жүзеге асыру қажет.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «ЖОО-да мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың консультациялық-практикалық орталығы» - бұл ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіпте даму мүмкіндігі шектеулі студенттерге арнайы жағдайлар жасауды, техникалық құралдармен, сондай-ақ, әлеуметтік қызмет көрсетулерді, кәсіби жоғары білім берудің арнайы бағдарламалары мен әдістерін қарастыру, диагностикалау мен кеңес беруді қамтамасыз ететін орталық болып табылады. Сонымен бірге, ДМШ талапкерлердің ЖОО түсулеріне курстар ұйымдастыру, оқу төлем ақыларына жеңілдіктер қарастыру, жұмыспен қамтамасыз етуді басты назарға алу, басқа да қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады. (5 - кесте)

Кесте 5 – «ЖОО-да мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығы» қызметінің бағыттары

<i>Сараптамалық-құқықтық</i>	- мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге білім беру бойынша мемлекеттік білім беру бағдарламаларын іске асыру; - олардың кәсіби қалыптасуына заңнамалық актілерді сараптау; - жергілікті, аймақтық білім басқару органдарымен, министрлікпен бірге мүгедектер үшін жоғары білім арудың қол жетімділігін дамытуға бағытталған жобаларды іске асыратын өзара әрекеттер; - жоо-ның білім алушыларына мүгедектер құқықтары жөніндегі заңгерлік кеңес беру.
<i>Ұйымдастырушылық</i>	- жоғары оқу орындарында оқу ғимаратының ішкі және сыртқы

5 кесте жалғасы	<p>ортасының архитектуралық қолжетімділігін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар;</p> <ul style="list-style-type: none"> - мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді анықтау бойынша институттармен тікелей ынтымақтастық орнату; - даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің өндірістік практикадан өтулеріне ұйымдастырушылық қолдау көрсету; - академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша Қазақстандағы және алыс-жақын шетелдік жоғары оқу орындарына ДМШ студенттер мен магистранттарды жіберу, қабылдау;
	<ul style="list-style-type: none"> - жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім беру және әлеуметтік қолдау бойынша волонтерлік қызметтерді ұйымдастыру; - ДМШ түлектерді жұмысқа орналастыруға көмектесу; - орталық мақсатына сәйкес қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру
<i>Білім беру</i>	<ul style="list-style-type: none"> - білім беру үрдісінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Орталықтың материалдық-техникалық базасын университет әкімшілігі мен демеуші-ұйымдардың қолдауымен жетілдіріп отыру; - мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай оқу-әдістемелік материалдарды бейімді құру (аудио-видео, тактильді және электронды қамтамасыз ету); - оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, профессор-оқытушылар ұжымын мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттермен таныстыру; - университет әкімшілігімен бірге ДМШ студенттердің жеке және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оңтайлы жеке білім траекторияларын әзірлеуге жәрдемдесу; - қашықтықтан оқыту түрі мен құралдарын жетілдіру.
<i>Реабилитациялық</i>	<ul style="list-style-type: none"> - мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік оңалту, оның ішінде педагогикалық-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары арқылы бейімделулеріне көмек көрсету; - университетте студенттің денсаулық мүмкіндігінің Әлеуметтік паспортын енгізу; - мүгедектерді оңалту мәселелері бойынша кеңес беру және ақпараттандыру, техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету; - техникалық оңалту құралдарының базасын құру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу; оларды жалға алу жолдарын қарастыру; - мүгедектер үшін қолжетімді тіршілік ортасын қалыптастыру.

5 кесте жалғасы	
<i>Ақпараттық</i>	<p>Төменде көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру бойынша Орталықтың ақпараттық интернет-ресурсын құру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім беру үрдісін ұйымдастыру және әлеуметтік жағдайлар бойынша оларға арналған мүмкіндіктер туралы ақпараттандыру; - жедел хабарламалар; - тиімді ресурстар мен міндеттерді бөлу; - қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының қол жетімді жоғарғы білім саласындағы тәжірибелерін сараптау, шоғырландыру; - еліміздің жоғары оқу орындарында бар мүгедектерді қолдау-бейімдеу орталықтарымен желілік өзара іс-қимылдар; - орталық қызметін ұйымдастыру тақырыбы бойынша республикалық және халықаралық конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», көрмелер және өзге де іс-шаралар өткізу; - университетке түсуге мүгедек балаларды тарту мәселелері бойынша білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру; - БАҚ-пен өзара әрекет; - мүгедек балаларға кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, буклеттерді дайындау және басып шығару, сондай-ақ бейнефильмдер түсіру.
<i>Техникалық қамтамасыз ету</i>	<p>Персоналдардың қызметтерін жүзеге асыру үшін орталыққа:</p> <ul style="list-style-type: none"> - синхронды аударма жүргізуге мүмкіндік беретін аудио - және сурдоаударма; техникалар; - бағдарламалық қамтамасыз ету, оның ішінде экрандық қол жетімді бағдарлама; - арнаулы құрал-жабдықтар: брайльдік принтер, брайльдік дисплей, фотосканер, бедерлі-графикалық көрнекіліктерді шығаруға арналған жабдықтар, аудио құрылғылар (микрофондар, наушниктер), арнайы қағаз басып шығаруға арналған бедерлі-нүктелі материалдар мен бедерлі кестелер; - шақыруға арналған қоңырау нүктелері, арнайы техника, нашар еститіндерге арналған техникалық оңалту құралдары.

Мүгедек студенттер мен даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге қолдау көрсету – мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ. Заңына, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңына сәйкес қарастырылған. Сонымен бірге, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың нормативтік актілерінде, Жарғысында, инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасында, 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында, жоғары оқу орнының педагогикалық үрдіс мақсаттарына, құрылуына, мазмұнына және әдістеріне байланысты анықталып, көрсетіледі. [102].

Мақсаты: мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін қолжетімді жоғары білім беруді қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын жасау

МІНДЕТТЕР

Жоғары оқу орнында мүгедек студенттерді оқытудың маңызды факторы ретінде, оларға сапалы кәсіби білім беруді қамтамасыз етудің арнайы педагогикалық шарттар жүйесін әзірлеу және теориялық негіздеу

ЖОО-да мүгедек студенттерге білім беруді арнайы педагогикалық шарттар жүйесімен қамтамасыз ету бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу



Сурет 3 – Даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі

2.2 Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерді оқыту үрдісінің жағдайы

ЖОО-да мүгедектігі бар студенттерге білім беру үрдісінің қазіргі жайын талдау және осы үрдісті жүргізуге білім беру субъектілерінің даярлығын айқындау мақсатында эксперименттік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ол үш кезеңді қамтыды: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы эксперименттер.

Тәжірибелік жұмыстар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында ұйымдастырылды.

Алғашқы анықтау эксперименті екі кезеңде 2 жыл аралығында жүзеге асырылды (2015-2016 және 2016-2017 ж.ж.). Бұл кезеңде тәжірибелі іс-шараларға барлығы 502 адам қатыстырылды (6 - кесте). Оның ішінде:

Кесте 6 – Экспериментке қатысушылардың категориялары

№	Тәжірибеге қатысушылардың категориялары	Саны
1	1, 2, 3 топ мүгедектігі бар студенттер - 1 топ мүгедектігі барлар - 2 топ мүгедектігі барлар - 3 топ мүгедектігі барлар	122 15 36 71
2	Арнайы білім беру мекемелерінің түлектері (мүмкіндігі шектеулілер)	43
3	ЖОО түлектері (мүмкіндігі шектеулілер)	16
4	Денсаулығында еш ақауы жоқ студенттер	258
5	Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары	45
6	ЖОО әкімшілігінің өкілдері	18
Барлығы		502

Мәселенің күрделілігі және жаңаша бағытта болуы зерттеуші алдына эксперименттік жұмыстың өзіндік бағдарламасын жасау және зерттеу процедураларын тыңғылықты таңдау сияқты міндеттерді қояды. Тәжірибелік зерттеулердің көптеген міндеттері мәселені көпжақты салыстыруды қарастырады. Салыстыру жұмыстарын жүзеге асыруда және зерттеу бағдарламасын жасауда бірқатар ғалымдардың статистикалық-математикалық зерттеулері талданып, бірқатар парадигмалар қарастырылды.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми құқықтық үрдісін Поппердің фальсификациялану ұстанымына сай келесі құрылымда жасауға тырыстық:

1. Зерттеу болжамын ұсыну.
2. Зерттеу жұмысын жоспарлау.
3. Зерттеуді жүзеге асыру.
4. Көрсеткіштерді өңдеу.
5. Болжамды нақтылау, дәйектеу.

Осы тұрғыда ғылыми зерттеуіміздің эксперименттік болжамдарын талдап, негізге ала отырып, зерттеу жұмысының жалпы болжамы мен бірнеше жеке болжамдары бекітілді.

Зерттеудің негізгі болжамы: ЖОО-да мүгедек студенттерге сапалы білім беруге арналған жағдайларды моделдеу дұрыс жолға қойылса, онда ҚР-да мүгедек тұлғаларға білім беру үрдісінің тиімділігі артады.

Келесі кезекте ұсынылып отырған болжамды дәйектеу үшін, зерттеу жұмысының теориялық, эмпирикалық және тәжірибелік міндеттері айқындалды.

Зерттеудің теориялық міндеті: аталмыш мәселеге қатысты теориялық ережелерге, қағидаларға және ой-пікірлерге ауқымды талдау жүргізу.

Зерттеудің жеке міндеттері:

- зерттеу болжамдарына сай зерттеу процедураларын іріктеу, зерттеу көрсеткіштерін, өлшемдерін, көрсеткіштерді өңдеу бірліктерін жасау;

- жоғары оқу орындарында мүгедек-студенттерді оқыту үрдісінің жағдайы дұрыс қамтамасыз етілуі деңгейін анықтау.

Зерттеудің тәжірибелік міндеттері:

- жоғары оқу орындарында мүгедек-студенттерді оқыту тәжірибесінде қолдануға тиімді болатын ұсыныстар беру.

Қандай бағытта болсын зерттеу жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде негізгі экспериментальды процедураларға және олардың жүргізілу жолдарына, өңделу ерекшеліктеріне кеңінен тоқталуға тырыстық. Себебі, кез келген психологиялық экспериментті жүргізуде нәтиженің тиімді болуы – қажетті экспериментальды әдістемелерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Осы тұста бірқатар психолог-зерттеушілер, «зерттеу әдістемесі – бұл әдісті жүзеге асыру құралы, операциялар мен тәсілдердің (олардың жүйелілігі мен өзара байланыстылығы) біртұтастығы, сонымен қатар ақпаратты талдау және өңдеудің қалыпқа келтірілген ережелері» деген анықтама береді. Демек, зерттеу нәтижесінің нақты болуы эксперименттік әдістемелердің бір-бірін өзара толықтырушы ретінде жүзеге асырылуына байланысты. (7 - кесте)

Кесте 7 – Зерттеу кезеңдеріне байланысты зерттеу әдістері

Зерттеу кезеңдері	Зерттеу әдістері
Анықтаушы кезең:	- интервью әдісі - сауалнама
Қалыптастырушы тәжірибе кезеңі:	- тренингтер - рөлдік ойындар - психологиялық жаттығулар - психотерапия
Бақылау кезеңі:	- рефлексия - сауалнама - математикалық талдау әдістері

Алғашқы анықтау кезеңінде интервью әдісі қолданылды. Тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерін толықтыру үшін және эксперимент құндылығын арттыру үшін зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде Қазақстан Республикасы бойынша 43 жоғары оқу орындарының инклюзивті білім беру бойынша үйлестірушілері, сонымен қатар Варшава қаласындағы (Польша) ЖОО-ның мүгедек-студенттерді оқытуды ұйымдастыру бойынша эксперттері, Польшаның мүгедек-студенттерді оқытуда тәжірибелі оқытушылары және Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамының өкілдері («Намыс» қоғамдық ұйымы, «Жігер» жастар ұйымы, «Аружан» қоғамдық қоры) арасында интервью әдісі қолданылып, зерттеу нәтижелеріне көмегін тигізді. Сонымен бірге, ҚР-ның жоғары оқу орындары үшін инклюзивті білім беру бойынша Ресурстық кеңес беру-тәжірибелік орталығының мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалар туралы статистикалық мәліметтері қолданылды.

Анықтаушы эксперименттің негізгі мақсаты: ЖОО-да мүгедек-студенттерді оқыту процесінің жағдайы туралы, сонымен бірге олардың жоғары оқу орындарында өздері үшін жасалған жағдайларға көңілдерінің толуын анықтау.

Ал анықтаушы эксперименттің негізгі міндеттеріне:

1. ҚР ЖОО-да және Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі мүгедек студенттердің санын анықтау.

2. Мүгедек-студенттердің жоғары оқу орындарында өздері үшін жасалған жағдайларға көңілдерінің толуын анықтау.

3. ЖОО-да қолжетімділік орта деңгейін бағалау.

4. Оқытушылардың мүгедек студенттермен жұмыс жасауға дайындықтарын (толеранттылықтары мен тиімді әдіс-тәсілдері туралы) анықтау.


5. Денсаулығында еш ақауы жоқ студенттердің мүгедек-студенттермен бірлесе білім алуға дайындық деңгейлерін анықтау.

Тәжірибелік диагностика жүргізуге алынған әдістемелерді іріктеуде әдістемелер бірқатар өлшемдер бойынша таңдалды. Олар:

- әдіснамалық ұстанымдарға сәйкестілігі;
- әдістемелердің нақтылығы;
- түсініктілігі;
- қарапайымдылығы;
- өңдеуге ыңғайлығы
- әдістемелердің өзара бірін-бірі толықтырушылық функциясы және т.б.


Яғни, осы анықталған өлшемдерге байланысты әдістемелер бойынша алынған нәтижелердің шынайы және нақты болуына айтулы септігін тигізді деуге болады.

Жоғарыда көрсетілген мақсатқа қол жеткізуде сауалнама әдісін қолданып, алғашқы өңдеу нәтижелері бойынша педагогикалық және қалыптастырушы экспериментке қатысушылардың қатарын, оқытушыларды, бақылау және тәжірибелік топтарды анықтап алдық. Сыналушылардың құрамы төмендегі сызбада көрсетілді (4-сурет):



Сурет 4 - Сыналушылардың құрамы туралы ақпарат

Сыналушылардың құрамын анықтап алудағы негізгі мақсатымыз – қатысушылардың сапалық және сандық құрамдарын нақты белгілеп алу. Себебі, соның нәтижесінде инклюзивті білім беру жағдайында мүгедек студенттермен жұмыс жасаудың тиімділігін объективті анықтауға мүмкіндік туады. Сыналушылардың сандық құрамы төмендегі суретте көрсетілген (5-сурет):



Сурет 5 - Сыналушылардың пайыздық құрамы

Зерттеу жұмысымыздың негізгі болжамына сәйкес барлық сыналушылардың категорияларына арналып сауалнамалар жасалынды: мүгедек-студенттерге (сауалнама 1), ЖОО-ның әкімшілігіне (сауалнама 2), оқытушыларға (сауалнама 3) және денсаулығында ақауы жоқ студенттерге (сауалнама 4) (қосымша 1). Сауалнама - нақты адамдар тобына сұрақтар қою арқылы алғашқы ақпаратты жинау әдісі [110]. Зерттеушінің респондентпен сауалнама жүргізуге негізделген эмпирикалық зерттеу-әлеуметтанулық өлшеу

тәсілі. Сауалнама ақпараттың дәлдігі мен жүйелігін қамтамасыз етеді. Біздің сауалнама төрт блоктан құралды:

1. Кіріспе бөлімде сауалнаманың мақсаты көрсетілді.
2. Сыналушылар жайлы ақпаратты қамтитын бөлімде респонденттердің жасы, ұлты, жынысы, еңбек өтілі және т.б. ақпараттар қамтылды.
3. Мазмұндық бөлімде түрлі бағыттағы сұрақтар қамтылды.
4. Сыналушылардың ұсыныстарына арналған бөлімде мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алуына қолайлы жағдайлар туғызу туралы өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік берілді.

Мазмұндық сұрақтар зерттеудің негізгі проблемаларынан шығады. Оларда респонденттің хабардарлығы жөнінде (көбінесе мұндай сұрақтар тест түрінде болады), респонденттің қандай да бір оқиғаларға, құбылыстарға, адамдарға көзқарасы, көңіл-күй, талғам, қажеттілік, құндылықтық бағдарлар туралы сұрақтарға бөлуге болады.

Сауалнаманың мазмұндық бөлімін құруда біз келесі ұстанымдарды басшылыққа алдық:

- сауалнамада берілген сұрақтардың сыналушыларға түсініктілігі;
- сауалнамада берілген сұрақтар сыналушылардың мүгедектерді жоғары білім беру жүйесіне интеграциялауға деген қатынастарын, сонымен бірге мүгедектігі бар тұлғаларға жалпы көзқарастарын және олармен бірге білім алуға деген ойларын анықтауға бағытталуы;
- сауалнама сұрақтары бір-бірін толықтырып тұруы арқылы алынған нәтижелердің нақты болуын қамтамасыз етуі;
- сауалнама мәтіні конформдық әрекетке негізделіп жасалынды, себебі, сыналушылар алдын ала «дұрыс» немесе «бұрыс» жауаптарға бөлініп, әлеуметтік қолдауға ие болатын сұрақтарды бөліп алмауы қамтамасыз етілді.

Сауалнаманың мазмұндық бөлімі үш бөлімге бөлінді. Сұрақтардың алғашқы бөлімі (№1, 2, 8, 9, 14, 18, 19, 22, 27) сыналушылардың мүгедек-студенттермен бірге білім алуға және танымдық деңгейде өзара қатынасқа түсуге дайындықтарын анықтауға бағытталды. Ал екінші бөлім (№3, 4, 5, 7, 11, 13, 16, 17, 20, 21, 24, 26, 28, 29) сұрақтары толеранттылықты анықтауға арналса, үшінші бөлім сұрақтары (№6, 10, 12, 15, 23, 25) сыналушылардың толеранттылығын әрекеттік деңгейде анықтауға бағытталды. (8-кесте)

Кесте 8 – Сауалнаманың мазмұндық бөлімі

Сауалнама сұрақтарының бөлімдері	Сұрақтары	Сауалнаманың мазмұндық бағыттылығы
1	2	3
Бірінші бөлім	№1, 2, 8, 9, 14, 18, 19, 22, 27	сыналушылардың мүгедек студенттермен бірге білім алуға және танымдық деңгейде өзара қатынасқа түсуге дайындықтарын анықтау

1	2	3
Екінші бөлім	№3, 4, 5, 7, 11, 13, 16, 17, 20, 21, 24, 26, 28, 29	сыналушылардың мүгедек студенттермен бірге білім алуға толеранттылықтарын анықтау
Үшінші бөлім	№6, 10, 12, 15, 23, 25	сыналушылардың толеранттылығын әрекеттік деңгейде анықтау

Сауалнамада берілген тұжырымдар мүгедек студенттердің білім алуына, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мәселелеріне қатысты нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік берді, сонымен бірге аталмыш студенттермен бірлестікте білім алуға дайындықтарын анықтауға мүмкіндік туды.

Сауалнаманы жүргізбес бұрын нұсқау жасалынып, талаптары түсіндірілді. Мысалы: *«Құрметті сауалнамаға қатысушы!»*

Сіздің әлеуметтік сауалдарға жауап беруіңізді өтінеміз. Сіздің жауаптарыңыз даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жоғары білім алуға қолжетімділігі мәселелерін шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнаманы толтырар кезде сұрақты және берілген жауап нұсқаларын мұқият оқып, сіздің ойыңызбен сәйкес келетін нұсқаларды + белгісімен белгілеңіз. Немесе өз пікіріңізді қосымша берілген жолға көрсетсеңіз болады.

Барлық жауаптар құпия түрде қалады, яғни Жауап беруші туралы мәлімет жарияланбайды. Зерттеудің тиімді, әрі шынайы нәтижесі сіздің анық және дұрыс жауап беруіңізбен байланысты екенін ескеруіңізді өтінеміз. Ешбір сұрақты жауапсыз қалдырмауыңызды сұраймыз» (қосымша 1).

Келесі кезеңде сыналушылардың мүгедек студенттермен бірге білім алу мен өзара әрекеттесуге дайындық деңгейлерін анықтауға негіз болатын көрсеткіштер мен өлшемдер анықталды. Теориялық талдаулар көрсеткендей, бұл көрсеткіштер мен өлшемдердің құрылымдық компоненттері келесідей болды:

- құндылық-мазмұндық (мотивациялық-құндылықтық);
- эмоционалды-еріктік;
- танымдық-әрекеттік (9-кесте).

Келесі кестеде сыналушылардың мүгедек-студенттермен бірге білім алу мен өзара әрекеттесуге дайындық деңгейлеріне сипаттама жасалынды:

Кесте 9 – Сыналушылардың мүгедек студенттермен бірге білім алу мен өзара әрекеттесуге дайындық деңгейлері

Өлшем-дері	Көрсеткіштері	Сыналушылардың мүгедекстуденттермен бірге білім алу мен өзара әрекеттесуге дайындық деңгейлері		
		Жоғары	Орта	Төмен
1	2	3	4	5
Құндылықты – мазмұндық	Тұлғаның мүгедек студенттердің философиялық-этикалық және басқа да көзқарастарын қабылдауға бағыттылығы	Сыналушылардың мүгедек-студенттермен бірге барлық білім формаларында білім алу мен өзара әрекеттесуге дайындық деңгейлерінің жоғары екендігінің көрсеткіші	Сыналушылардың мүгедек студенттермен бірге жекелеген білім формаларында білім алу мен өзара әрекеттесуге дайындық деңгейлерінің жоғары екендігінің көрсеткіші	Мүгедек-студенттермен тең құқықтық әрекеттесу ұстанымдарының қалыптаспауы, олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін қабылдамауы
Эмоционалды-еріктік	Оқытушының өз әрекетін және мүгедек студенттің әрекетін дұрыс бағалай алуы. Өзін өзі эмоционалды тұрғыдан игере алуы, өзіндік бақылау, эмпатия.	Өзіне және мүгедек студенттерге деген жағымды көзқарасы, эмоционалды тұрақтылық, өзін өзі бақылау, өзін игере алу механизмдерінің дамығандығы және эмпатия	Өзіне және мүгедек студентке деген жағымды көзқарасы, эмоционалды тұрақтылықтың төмендігі өзін-өзі бақылау, өзін игере алу механизмдерінің жете дамымағандығы және эмпатияның төмендігі	Өзіне және мүгедек студентке деген жағымсыз көзқарасы, эмоционалды тұрақтылықтың төмендігі, өзін-өзі бақылау, өзін игере алу механизмдерінің әлсіз дамығандығы және эмпатияның әлсіздігі
Танымдық-әрекеттік	Оқытушының мүгедектер құқықтары мен ерекшеліктері туралы білімдері, оларды оқыту әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін бағалау жолдарын білуі. Мүгедек студенттерге деген жағымды қатынас.	Мүгедектер құқықтары мен ерекшеліктері туралы жүйелі білімдері, оларды оқыту әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін бағалау жолдарын білуі. Қарым-қатынас жасау жолдары: нандыру, түсіндіру, келісу, серіктестік, көмектесу.	Мүгедектік мәселесіне қатысты құқықтық-нормативтік актілер негіздерін білу. Мүгедек студенттермен қарым-қатынас жасау жолдары оқу және оқудан тыс жағдайларға байланысты анықталады.	Мүгедектік мәселесіне қатысты құқықтық-нормативтік актілер негіздерін білмеу. Қарым-қатынас жасау жолдары: үстемдік таныту, талап ету, пайдалану, бетіне басу, қорқыту, бұйрық беру.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүзеге асыру бірнеше кезеңдерден тұрды.

Алғашқы кезеңде Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарындағы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі мүгедек-студенттермен санын анықтау жүргізілді.

Екі ай ішінде (2015 жылдың қазан айы мен желтоқсан айлары арасында) ҚР ЖОО үшін инклюзивті білім беру бойынша Ресурстық кеңес беру-тәжірибелік орталығының және Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы превентивтік суицидология орталығының базасында еліміздің 41 ЖОО-да кең масштабта зерттеулер жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – мүгедек-студенттердің санын, мүгедектік деңгейлерін және психофизикалық бұзылыс деңгейлерін анықтау болды.

Зерттеу нәтижесі бойынша барлығы 886 студент анықталды, оның ішінде 854 студент күндізгі бөлімде, 5-уі қашықтықтан білім алса, 27-сі сырттай бөлімде оқитын болып шықты. Алынған нәтижелер бойынша:

- 330 студентте – соматикалық бұзылыстар;
- 253 студентте – тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары;
- 221 студентте – көз ақаулары;
- 124 студентте – есту органдарының бұзылыстары;
- 35 студентте – тіл мүкістіктері анықталды.

ҚР ЖОО үшін инклюзивті білім беру бойынша Ресурстық кеңес беру-тәжірибелік орталығының және Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы превентивтік суицидология орталығының мәліметтері бойынша мүгедек-студенттер саны (2017 жылдың 11 шілдесінен) (10-кесте).

Кесте 10 – Мүгедек-студенттер саны туралы статистикалық мәліметтер кестесі

№		Саны		Оқу түрі			Мүгедектік түрлеріне қарай бөлінуі				
		Барлығы	Грант б/ша	Күндізгі	Қашықтықтан	Сырттай	Тірек-қимыл аппараты	Есту	Көру	Тіл	Соматикалық
	Барлығы	886	692	854	5	27	253	124	221	35	330

Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі мүгедек-студенттердің саны туралы мәліметтер келесі кестеде беріліп отыр (11-кесте).

Кесте 11 – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі мүгедек-студенттердің саны туралы мәліметтер

№	Институт атауы	Саны		Топтар б/ша мүгедектік			Мүгедектік түрлеріне қарай бөлінуі				
		Грант б/ша	Ақылы	I	II	III	Тірек-қимыл аппараты	Есту	Көру	Соматикалық	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Педагогика және психология институты	28	13	7	13	21	15	3	9	14	41
2	Филология және көп тілді білім беру институты	12	3	2	5	8	9	-	3	3	15
3	Математика, физика және информатика институты	13	3	1	6	9	6	-	1	9	16
4	Тарих және құқық институты	10	10	5	6	9	3	-	9	8	20
5	Өнер, мәдениет және спорт институты	15	4	-	8	11	2	6		11	19
6	Жаратылыстану және география институты	7	4	-	5	6	6	-	-	5	11
7	Сорбонна-Қазақстан институты	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
8	Шет елдік азаматтар және ЖОО дейінгі дайындық факультеті (Foundation)	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы		85	37	15	43	64	41	9	22	50	122

Ал жалпы зерттеу барысында жоғарыда тоқталып өткен негізгі процедуралар бойынша тәжірибелік-эксперименттік анықтау жұмыстар жүргізілді. Олардың нәтижесі жұмысымыздың келесі бөлімінде баяндалатын болады.

Зерттеудің салыстырмалы талдауы (сыналушылар категориясы бойынша)


Зерттеу жұмысымыздың негізгі және эмпирикалық болжамдарына сәйкес бұл бөлімде сауалнаманың нәтижелеріне талдау жасадық.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші жеке болжамына сай, яғни жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерді оқыту үрдісінің жағдайы дұрыс қамтамасыз етілуі мен инклюзивті білім беру ұстанымдарының арасында тікелей байланыс

болуын дәлелдеу үшін даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің қанағаттану деңгейлерін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Анықтау әдісі ретінде сауалнама және әңгімелесу әдістері алынды. Сауалнамаға Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қабырғасында оқитын 122 студенттерге жүргізілді.

Сауалнаманың сұрақтары бойынша жеке жеке талдау жүргізілді. Мысалы, «Сіздің мүгедектігіңіз барма?» деген 1-сұраққа сыналушылардың 15-і мүгедектіктің I-тобын көрсеткен, ал II топ – 43 студент, III топ – 64 студент. (4-сурет)




Сурет 4 - «Сіздің мүгедектігіңіз барма?» деген 1-сұраққа сыналушылардың жауабы

Екінші «Егер Сіз әрекет жасау мүмкіндігі төмен азамат есебінде болсаңыз ол немен байланысты?» деген сұраққа сыналушылардың 41-і тірек-қозғалыс аппараты зақымданған десе, 9 адамда есту бұзылыстары, 22 студентте есту аппаратының бұзылыстары, 50 студентте жалпы соматикалық бұзылыстар анықталды. (5-сурет)

Үшінші сұрақ: «ЖОО білім алуға мақсат-мүдденіз?». Сауалнама сұрақтарының нәтижесін өндегенде сыналушылардың 55%-і жоғары білім туралы диплом алу деп көрсеткен, ал 30 пайызы жоғары білікті маман болуды, 10%-і жоғары білім алу маған болашақта жұмысқа орналасуыма үлкен мүмкіндік береді десе, 5 пайызы жоғары табыс табуды алға қойған.

Келесі сұраққа сыналушы студенттер өздері білім алып отырған ЖОО мамандықтарын таңдау себептері туралы өз жауаптарын көрсеткен. Көрсетілген себептердің ішінде көбінесе гранттың болуы, оқу ақысы, аталмыш оқу орнында ғана бар екенін көрсету және т.б.



Сурет 5 - «Егер Сіз әрекет жасау мүмкіндігі төмен азамат есебінде болсаңыз ол немен байланысты?» сұрағының көрсеткіштері

«Өзіңіз оқып жатқан университет және мамандық туралы мәліметті қайдан алдыңыз? Неге осы ЖОО орнын таңдадыңыз?» сұрағына сыналушылар келесі жауаптар көрсеткішін берді:

Ата-анам мен таныстарым кеңес берді – 20%.

Мұғалімдер кеңес берді – 9%

Университет үйіме жақын орналасқан – 5%.

Мен осы жерде сапалы білім алам – 35%.

Кәсіби бағыт бағдар берушілер ұсыныс білдірді – 11%.

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі студенттердің көбі осында оқиды – 7%.

Жұмысқа тұруға жеңіл болады – 3%.

Мені мамандығым қызықтырды – 4%.


Интернеттен – 6%.

Алтыншы сұрақтың жауап көрсеткіштері төмендегідей:

Грант бойынша – 85 студент, ал ақылы – 37 студент.

«ЖОО түсуге, қабылдауға байланысты Сіздің ұсыныс-тілектеріңіз» деген сұраққа сыналушылардың 55%-ы диагнозға байланысты көптеген жоғары оқу орындарының қабылдауға қарсылық білдірмеуін белгілесе, 40%-ы оқуға түсу пәндері бойынша емтихан тапсыру механизмдерін жеңілдету туралы, қалған 5%-ы басқа да ұсыныстарын білдіреді. Соның ішінде: жеңілдіктер беру, оқу процесіне тікелей қатысу, тапсырмалардың қол жетімділігі, материалдық-әлеуметтік көмектер және т.б.

Сауалнаманың 8-сұрағы, яғни «Сіздің пікіріңізше мүгедек немесе даму мүмкіндіктері шектеулі студенттермен ЖОО қандай мамандар жұмыс жасаулары керек?» деген сауалға мүгедек студенттердің берген жауаптары төмендегі диаграммада көрсетілген (6-сурет):




Сурет 6 - «Сіздің пікіріңізше мүгедек немесе даму мүмкіндіктері шектеулі студенттермен ЖОО қандай мамандар жұмыс жасаулары керек?» сұрағының жауап көрсеткіштері

Нәтиже көрсеткендей, сыналушылардың сұраныстарына көбірек ие болып отырған мамандар педагог-психологтар – 22%; педагог-тьютерлер – 22%; әлеуметтік педагог (әлеуметтік қызметкерлер) – 21%; келесі кезекте даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге оқу барысында қажетті техникалық көмек көрсететін ассисент-көмекші – 11%; арнайы техникалық және бағдарламалар бойынша маман мен сурдо-аудармашы 7%-дан болса, тифлопедагог пен сурдопедагог мамандарына қажеттілік 10 пайыздың көрсеткішін берді. Бұл жерден шығатын тұжырым – мүгедектігі бар студенттердің басты мақсаты, білім алу және өз-өздерін өзгелермен тең санауы, сонымен бірге оқу барысында қажетті техникалық көмекті қажет етуі.

Келесі сұрақ «Сіз оқып жатқан ЖОО басшылары мен оқытушылары мүгедектігі бар студенттерге қалай қарайды?». Жауап нәтижелері көрсеткендей, ЖОО-ның басшылары мен оқытушылары сыналушылардың берген жауаптарына орай ерекше ықыласпен (78%), бәріне бірдей (20%) және 2%-ы салқын көзқараспен қарайтындығын белгілеген. Демек, ЖОО басшылары мен оқытушылары тарапынан мүгедектігі бар студенттерге әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасалып тұратындығын сеніммен айтуға болады. Сіздің ойыңызша Сіз оқып жатқан ЖОО бірге оқитын студенттер мүгедектігі бар студенттерге қалай қарайды? Олармен қарым-қатынаста қандай қиындықтарды сезінесіз? деген сұрақтарға сыналушылардың 40%-ы «бөлектенеді» деп жауап берсе, 20%-ы «достық» қарым-қатынаста екендігін белгілеген. Ал «игілікпен» – 10 пайыз, 10%-ы оқуда көмектеседі десе, 10 пайызы «олар мені түсінбейді» деп және 10%-ы олардың өз қызығушылықтары бар жауап берген. Ал «жек көреді», «түсіністікпен қарайды», «аяшылық танытады» және «немқұрайлы қарайды», «жүріс-тұрысқа көмектеседі» деген жауап категориялары 0 %-ды көрсетеді. «Сіздің ойыңызша Сіз оқып жатқан

ЖОО бірге оқитын студенттер мүгедектігі бар студенттерге қалай қарайды? Олармен қарым-қатынаста қандай қиындықтарды сезінесіз?» сұрағының жауап көрсеткішкері (7-сурет):



Сурет 7 - ЖОО бірге оқитын студенттердің жауап көрсеткіштері

Демек, бұл жерден келесі тұжырымдарды шығаруға болады:

біріншіден, инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда тек мүгедектігі бар студенттермен ғана емес, денсаулығында ақауы жоқ студенттермен де әлеуметтік-психологиялық жұмыстары жүргізу қажеттігі туындайды;

екіншіден, мүгедектігі бар студенттер мен денсаулығында ақауы жоқ студенттер арасында қарым-қатынасты үйлестіру тренингтерін жүргізуді алға қою;

үшіншіден, мүгедектігі бар студенттердің өзіндік бағалау деңгейлерін арттыру үшін психологиялық-әлеуметтік жұмыстарды жүйелі жүргізіп отыруды жолға қою.


Сауалнаманың келесі сұрағына, яғни оқу кабинеттері мен аудиториялардың (жиһаздар) жабдықталуы қаншалықты кедергісіз орта талаптарына сай келетіндігін сыналушылардың 40%-ы «толық емес» десе, 30%-ы «сай келеді», 20%-ы «сай келмейді», ал 10 пайызы өз жауаптарын белгілеген.

ЖОО ғимараттардағы кедергісіз орта сәулеті тірек-қозғалыс аппараты зақымданған, оның ішінде арнайы арбамен жүретін, көру қабілеті төмен, есту қабілеті бұзылған студенттер үшін қандай болу керектігін сыналушылар келесі жауаптармен белгілеген:

- қажетті аумақтың қолжетімді жақын болуы – 20%;
- ғимаратқа кіру жолдарының және ішінде қозғалып жүрудің кедергісіз, арнайы көрсеткіш белгілермен қолжетімді болуы – 30%;
- арнайы жабдықталған санитарлы-гигиеналық (әжеткана, жуыну) бөлмелердің болуы – 9%;
- аудиторияларда арнайы орындардың болуы – 10%;

- студенттік асханаларда арнайы орындардың болуы – 5%;
- студенттік жатақханаларда тосқауылсыз ортаның болуы – 5%;
- сигнал беру, дабыл, хабарлау қондырғылардың болуы – 1%;
- басқа жауаптар – 20%.


«Сіздің ойыңызша ЖОО оқу үрдісі барысында мүгедектер мен даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін денсаулықтарын күтуге немесе қолайлы жағдайлар жасауға қандай шарттар болу қажет?» деген сұраққа сыналушылар келесі жауаптарды берген (8-сурет):



Сурет 8 - сыналушылардың жауап көрсеткіштері

Сауалнаманың 14-сұрағына сыналушылар даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін оқу үрдісін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге басым көпшілігі есту қабілеттері бұзылған білім алушылар үшін дауысқұшейткіш аппараттардың, мультимедиялық және т.б. жабдықтардың болуын көрсетеді (40%); көру қабілеттері бұзылған білім алушылар үшін Брайль компьютерлік техникасының, электронды лупа, видеоүлкейткіштің, сөз синтезатор-бағдарламасының, ақпаратты көруге арналған арнайы бағдарламаланған техникалық қондырғылардың болу қажеттілігін 25%-ы белгілеген; 20%-ы даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін икемделген арнайы бағдарламалармен жабдықталған компьютерлік техникалардың болуын; ал 15 пайызы тірек-қозғалыс аппараты зақымданған білім алушыларға ақпараттарды жеткізуге арналған баламалы (альтернативті) техникалық қондырғылардың болуын сұраған.

Сынаққа қатысқан мүгедектігі бар студенттердің қызығушылықтары мен хоббилері әртүрлі болып шықты (9-сурет):



Сурет 9 - Сынаққа қатысқан мүгедектігі бар студенттердің қызығушылықтары мен хоббилері туралы мәлімет

Университетте мүгедектігі бар студенттер өз қызығушылықтарын жүзеге асыру бойынша 10%-ы университеттің кітапханасынан әдеби кітаптар алып оқимын, ал 40%-ы «өз жауаптарын» көрсеткен, қалған 50 пайыз сыналушылар ешқандай жауаптарды белгілемеген. Демек, университет қабырғасында мүгедектігі бар студенттерге арналған үйірмелер туралы олардың білмеуі немесе студенттердің қатыспайтындығы туралы тұжырым жасауға болады.

Сонымен қатар, университет тарапынан көрсетіліп жатқан «пайдалы жақсылықтарды» 60% сыналушы атап өтсе, 20%-ы елімізде көрсетіліп жатқан көмектерді, ал 20%-ы Алматы қаласы бойынша жасалып жатқан игі істерді атап көрсеткен.

«Бәрінен де Сізге қандай қажеттілікер керек болып тұрады?» деген сұраққа сыналушылардың 20%-ы «көмек пен қолдау» деген, 30%-ы «сырласу, достармен араласу» десе, 20%-ы «қызықты жұмыс», 10%-ы «ақшаға мұқтаждық» және 30%-ы «еш нәрсеге мұқтаж емеспін» деген. Олай болса, мүгедектігі бар студенттерге ең бастысы әлеуметтік-психологиялық және адами қолдау көрсету материалдық қажеттіліктерге қарағанда жоғары тұрады. Сондықтан, инклюзивті білім беру жағдайында мүгедектігі бар студенттерді қалыпты оқу процесінің жағдайына кіріктіре отырып, бейімдеу үшін арнайы ұйымдастырылған орта қажет.

2. Ғалым Н.Қ. Тоқсанбаева ғылыми мақаласында «дамыта оқытудың жетекші бір ұстанымы – білім алушының оқу әрекетінің субъектісі деп қарастыру» дейді [110]. Яғни осыған байланысты дамытушы орта, яғни біздің жағдайымызда инклюзивті білім беру жүйесінде «субъект-субъектілік»

ұстанымын басшылыққа аламыз. Ал дамытушылық ортаның негізгі аспектілеріне:

- кәсіби және тұлғааралық әрекеттесу;
- кәсіби және тұлғалық өсу;
- кәсіби ізденісті ынталандыру;
- барша студенттердің қарым-қатынасқа түсу барысында өзара ынтымақтасуы.

Дамытушылық орта жасаудың негізгі қағидалары:

- студенттік топтардың ұйымшылдығы;
- қарым-қатынастың синтониялық моделін қалыптастыру траекториясын анықтап, студенттердің жеке ерешкеліктеріне және сұраныстарына негізделуі;
- білім алу үшін студенттік топтарда жағымды психологиялық ахуалдың болуы;
- ашық пікір алмасулар мен білім алудағы еріктілік пен еркіндік.

Ортаның өлшемдері:

- білім алушының өзімен, өзге студенттермен әрекеттесу кеңістігі;
- қатысушылар, олардың мәдени-құндылық бағдарлары, қызығушылықтары мен мүмкіндіктері, жеке ерекшеліктері.

Ортаның позициялары:

- өзгелерге үлгі көрсету;
- басқалармен біртұтастықта болуға ұмтылу;
- жағдайды ортаның ортақ көзқарасына сай бағалау және бақылау;
- өзгенің жеке ерекшеліктерін бағалай білу.

Сонымен бірге қарым-қатынас үйлесімділігін орнатуды эксперименттік тәжірибе арқылы дамыту құрылымын төмендегідей реттілікте белгіледік:

1. қажеттілік;
2. мотив;
3. әрекет;
4. нәтиже;
5. рефлексия;
6. жаңа қажеттілік.

Бұл дамытушылық орта тек мүгедектігі бар студенттерге ғана емес, сонымен бірге дамуында еш ақауы жоқ студенттерге, ЖОО әкімшілігі мен оқытушыларына да қатысты болуы тиіс.

Зерттеу жұмысымыздың барысында ЖОО-да қолжетімді ортаның деңгейін анықтау жұмыстары жүзеге асырылды.

Үш жыл бойы (2015 жылдың қыркүйегі мен 2017 жылдың желтоқсан аралығы) ЖОО-да қолжетімді ортаның деңгейін анықтау жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеу жұмыстары біздің эмпирикалық екінші болжамымызды дәлелдеу барысында ұйымдастырылды. Екінші жеке болжам ретінде, ЖОО әкімшілігі және оқытушылары тарапынан жасалынатын жағдайлар мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы арасында байланысты анықтау алынды.

Зерттеу әдістері: сауалнама, әңгімелесу және бақылау әдісі.

Университет әкімшілігіне мүгедек студенттердің қолжетімді білім алуларына мониторинг жүргізу жөнінде сауалнама екі бөлімнен құралды:

- 1) Білім беру мекемесіне қолжетімділік;
- 2) Оқу үрдісін ұйымдастыру.

«Сіз жұмыс істейтін білім беру мекемесі түрлі категориядағы мүгедектер үшін түгендеу (паспорттандыру) әдістемесіне сәйкес қаншалықты бейімделген?» деген алғашқы сұраққа ЖОО-ның әкімшілік мүшелері бірауыздан «жартылай» деген жауап берген. Олардың пікірінше, әлі де мүгедектігі бар студенттерге әлеуметтік жағдайлардың жасалуы қажеттігі алғашқы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Түгендеу (паспорттау) жүргізу жөніндегі әдістеме туралы» 2012 жылғы 18 тамыздағы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің бірлескен бұйрығына сәйкес білім беру мекемесінің қандай аймақтары түрлі категориядағы мүгедектер үшін лайықты жасалғандығы туралы жауап көрсеткіштерін төмендегі кестеден көруге болады (12-кесте):

Кесте 12 – Білім беру мекемесінің қандай аймақтары түрлі категориядағы мүгедектер үшін лайықты жасалғандығы туралы жауап көрсеткіштері

Нысандар	Жартылай бейімделген	Толықтай бейімделген	Бейімделмеген
1	2	3	4
1. Кіре беріс (кіре беріс және кіру алаңы, сыртқы баспалдақ, пандус, сыртқы көтергіш құрылғы, тамбур)	70%	21%	9%
2. Жүріс жолдары (дәліздер/холлдар). Баспалдақ (қызмет көрсету аумағына, қызмет көрсету аумағына апаратын жолаушылар лифтісі). Баспалдаққа апаратын ішкі пандус	60%	20%	20%
3. Қызмет көрсету аймағы (залда/бөлмеде қызмет көрсету, бағыт бойынша орын ауыстырумен қызмет көрсету)	80%	20%	0%
4. Санитарлық-тұрмыстық бөлмелер (дәретхана, шұңғылша, кабиналар)	80%	10%	10%
5. Ақпарат және телекоммуникация құралдары (қызмет көрсету жайлы көзбен шолу ақпарат құралдары, дене түйсігі арқылы сезіну ақпарат)	70%	20%	10%

құралдары, акустикалық құралдар, дыбыстық маяктар)			
б. Нысан аумағы (белгіленген нысан аумағы, келушілерге арналған көлік тұрағы (мүгедектерге арналған), ғимараттың бас есігіне апаратын жол, ашық баспалдақ)	100%	0%	0%

Жауап көрсетіштері негізінде ЖОО-ның әлі де мүгедектігі бар тұлғаларға қолжетімді орта туғызу мәселесін жолға қою керектігін анықтауға болады.

Ал қолжетімді ортаны қамтамасыз ету үшін қандай құрылғылар бар деген сұраққа: көтергіш құрылғы, стандарттарға сай пандустар, мүгедектік арбашада отыратын мүгедектер үшін бейімделген лифт, есту қабілеті төмен мүгедектерге арналған ақпараттық көрсеткіш тақта, бөлмелер мен жайлардың орналасқан жерін көрсететін көрсеткіштер, мүгедектік арбашадағы мүгедектерге арналған кеңейтілген есік ойықтары, екі жағында сатылармен және тұтқалармен белгіленген баспалдақтар, мүгедектердің көліктеріне арналған тұрақтар бар деген жауаптар алынды. Бірақ, пандустың Қазыбек би көшесіндегі ғимаратта ғана екендігі және мүгедектерге арналған авто тұрақтарға көп жағдайда басқа адамдар көліктерін қойып кететіндігі секілді проблемаларды да атап көрсеткен.

Әкімшілік тарапынан ЖОО қабырғасында білім алып жатқан мүмкіндігі шектеулі студенттер туралы мәліметтен хабардар екендіктерін білу үшін қойылған сұраққа әкімшілік мүшелері толықтай 100 пайыз «иә» деп жауап берді.

«Егер білім алып жатқан болса, онда қандай ауру белгілерімен?» деген үшінші сұраққа сынаққа қатысушылар төмендегідей жауаптар берген:

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған – 16,2%.

Есту қабілеті бұзылған – 25%.

Көру қабілеті бұзылған – 8,3%

Жалпы ауру – 33%.

Жауап беруге қиналамын – 16,5%.

Университетте мүгедектігі бар студенттерге оқыту процесін қамтамасыз ететін дұрыс бейімделген құрылғылардың болуын 50/50 пайызбен көрсетеді, яғни қоданысқа берілген құрылғыларға: диктофон, аудиотаспаға мәтінді аударушы, зағиптар мен нашар көруші адамдарға қажетті оқу құралдары мен жазба керек-жарақтар жиынтығы, мәтіндер және кескіндермен жұмыс істеуге арналған тасымал және стационарлық бейне үлкейткіштер, оқытатын құралдар және сөйлейтін кітаптарды тыңдауға арналған жеке құрылғылар, барлық категориядағы мүгедектердің білім беру мекемелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін олардың келулеріне дейін барлық аймақтарына кешенді түрде жабдықтау, есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған есту-сөйлеу жаттығу құрылғылары, есту қабілеті төмен студенттер мен дұрыс еститін студенттерді бір аудиторияда бірге оқытуға мүмкіндік беретін арнайы жүйелер,


арнайы жиһаздарды атап өтті. Дегенмен, әңгімелесу барысында олардың өте аз екендігін тілге тиек етті.

«Мүгедектігі бар студенттердің ауру ерекшелігін оқытушы ескере ме?» деген сауалға 70%-ы «иә» және 30%-ы «жоқ» деп жауап берді. Бұл төмендегі жағдайларда көрініс беретіндігін атап өткен:

- қосымша сабақтар өткізіледі;
- оқытушы қосымша оқу материалдарын береді;
- оқытушы студенттің аз бейімделгіш екендігін ескереді;
- оқытушы жаңа ақпараттық технологияларды қолданады;
- оқытушы түрлі деңгейдегі аурулардың материалды қабылдау психологиясын ескереді;
- оқытушы сабақ кезінде жеке көмекші мен сурдоаудармашының қатысуына рұқсат береді;
- оқытушы сынақ немесе емтихан тапсыру кезінде жауапқа дайындалу үшін қосымша уақыт береді;
- оқу немесе өндірістік тәжірибені анықтау кезінде жеке бағдарламасы көрсетілген медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсынымдары ескеріледі.

Университет оқытушыларының мүгедектігі бар студенттердің білім алуларына дайындығын әкімшілік мүшелері 50%-ы «дайын» десе, 50%-ы «дайындық үстінде» деп жауап берді.

«Қалыпты студенттер өздерімен бірге мүгедектігі бар студенттердің білім ауларына дайын ба?» деген сауалға жауап көрсеткіштері төмендегідей болды (10-сурет):



Сурет 10 - Әкімшілік мүшелері мен қалыпты жағдайдағы студенттердің жауап көрсеткіштері

Университеттің инклюзивті білім беруге дайындығы бойынша мүмкіндігінің каншалықты бар екендігін 5-балдық межелікпен бағалауда (1 – ең төменгі, 5 – ең жоғарғы) төмендегідей көрсеткіштер алынды: (13- кесте):

Кесте 13 - Университеттің инклюзивті білім беруге дайындығы

Университеттің инклюзивті білім беруге дайындығы	1	2	3	4	5
Білім беру мекемесіне қолжетімділік				15%	
Оқыту және тәрбие беру процесстерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету					20%
Түзету-оңалту (қалпына келтіру) процесін қамтамасыз ету				15%	
Мүмкіндігі шектеулі студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау				10%	
Мүгедек туденттердің ата-аналарына кеңес беру		10%			
Инклюзивті білім беруді кадрлармен қамтамасыз ету			10%		
Инклюзивті білімді ақпараттық қамтамасыз ету			10%		
Мүмкіндігі шектеулі студенттермен ерекше шыдамдылықпен қарым-қатынас жасау			10%		

Кестеде берілген мәліметтерді тұжырымдай отырып, университеттің инклюзивті білім беруге дайындығы бойынша мүмкіндігінің төмен емес екендігін көруге болады. Ал қалған көрсеткіштер бойынша мүмкіндіктерді арттыру керек екендігі туралы қорытынды жасадық.

Университетте мүгедектігі бар адамдарды алып жүру үшін қосалқы қызметтерді енгізу алдағы уақытта жоспарланып отырғандығын және университетте медициналық көмектің көрсетілетіні жайлы да мәліметтер сұрақтар қою арқылы анықталды.

Сауалнаманың нәтижелерін қорытындылай отырып, университет әкімшілігіне мүгедек студенттердің қолжетімді білім алуларына әлі де жағдайлардың толық жасалмай отырғандығын тұжырымдауға болады. Демек, бұл жерден де инклюзивті білім беру үрдісін дамытушы шаралардың қажеттігін белгілеуге болады.

Даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жоғары білім алуға қолжетімділігі мәселелерін шешу жолдарын анықтау үшін ЖОО-ның оқытушыларына да сауалнама жүргізілді.

Мақсаты – ЖОО оқытушыларының инклюзивті білім беру үрдісіне дайындықтарын анықтау.

Сауалнамаға Абай атындағы ҚазҰПУ-нің түрлі институттарында дәріс оқитын профессор-оқытушылар құрамы қатыстырылды.

Алғашқы сұрақ ЖОО оқытушыларының инклюзивті білім беруге көзқарастарын анықтауға бағытталды. Жауап көрсеткіштері бойынша:

«Дұрыс» - 65%.

«Кері» - 5%.

«Бейтарап» - 25%.

«Жауап беруге қиналамын» - 5%

«Сіз мүгедектігі бар студенттерге қалай қарайсыз?» деген сұраққа оқытушылар: «салқын» - 9%, «бәріне бірдей қарағандай» - 71% және 20%-ы «ерекше ықыласпен» қараймын деп жауап берген.

Оқытушылар Университетте мүгедектігі бар студенттердің білім алуларына өздерінің дайындықтарын 50 пайызбен бағалайды.

Қалыпты сау студенттермен бірге мүкіндіктері шектеулі студенттерді бірге оқытуда педагогтың бойында қандай қасиеттер болу керек деген сұраққа оқытушылар төмендегі адамгершілік-кәсіби қасиеттерін белгілеген:


- толеранттылық;
- шыдамдылық;
- мейірімділік;
- түсіністікпен қарай білу;
- жеке дара ерекшеліктерін білу;
- психологиялық білім;
- инклюзивті білім беру ұстанымдарын білу;
- достық қарым-қатынасқа дайын болу;
- жоғары кәсібилік;
- өз ісіне деген сүйіспеншілік және т.б.

Оқытушылардың көпшілігі (60%) университетте мүгедектігі бар студенттер білім алатындығы туралы мәліметтері бар, сонымен бірге ол студенттердің ауру ерекшеліктерін ескеретіндіктерін белгілеген (50%-ы). Сонымен бірге оқытушылар мүгедек студенттің аз бейімделгіш екендігін ескеретіндігін, жаңа ақпараттық технологияларды қолданатынын, түрлі деңгейдегі аурулардың материалды қабылдау психологиясын ескеретіндігін, мүгедек студент үшін сынақ немесе емтихан тапсырудың жеңілдетілген формасын қарастыруды және қосымша уақыт беруді ұсынатынын атап айтады.

Университетте қолжетімді ортаны қамтамасыз ету үшін қажетті құрылғылардың қатарын төмендегідей сипаттады:

- лифт,
- барлық стандарттарға сай пандус,
- есту қабілеті төмен мүгедектерге арналған ақпараттық көрсеткіш тақта,
- бөлмелер мен жайлардың орналасқан жерін көрсететін көрсеткіштер,
- мүгедектік арбашадағы мүгедектерге арналған кеңейтілген есік ойықтары,
- екі жағында сатылармен және тұтқалармен белгіленген баспалдақтар,
- мүгедектердің көліктеріне арналған тұрақтар.

Университетте мүгедектігі бар адамдарды алып жүру үшін қосалқы қызметтер қатарын оқытушылар келесі суреттегідей көрсетті (11-сурет):



Сурет 11 - Университетте мүгедектігі бар адамдарды алып жүру үшін қосалқы қызметтер қатарын оқытушылардың бағалауы

Жауап нәтижелері ЖОО-ның әкімшілігінен алынған сауалнама нәтижелеріне сай келеді.

Сауалнама қорытындысы бойынша мынадай тұжырымдар жасалынды:

- біріншіден, ЖОО-ның оқытушыларына Университет қабырғасында білім алып отырған мүгедектігі бар студенттер туралы жалпы ақпараттармен қамтамасыз ету;
- екіншіден, ЖОО-ы оқытушыларын инклюзивті білім беру үрдісіне алдын ала кәсіби-психологиялық тұрғыдан дайындау;
- үшіншіден, инклюзивті білім беру технологияларын үйрету үшін арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде дамуында ақауы жоқ студенттердің мүгедек студенттермен бірлесе білім алу туралы пікірлерін білу үшін сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың мақсаты – дамуында ақауы жоқ студенттердің мүгедек-студенттермен бірлесе білім алуға дайындықтарын анықтау болды. Сонымен бірге, студенттердің толеранттылық деңгейлері анықталды.

Зерттеу әдістері: сауалнама, әңгімелесу.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің мамандықтары әртүрлі болғандықтан біз оларды пәндік аймақтарына қарай бөлдік. Нәтижесінде:

- жаратылыстану мамандықтары (физика, математика, информатика);
- дефектология;
- бастауыш білім берудің әдістемесі;
- өнер мамандықтары (музыка, сурет);
- дене шынықтыру.

Алғашқы сұраққа алынған жауап нәтижелері келесі 14-кестеде берілді.

Кесте 14 – «Сіздің тобыңызда даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің бәрлесе білім алуына қалай қарайсыз?» сұрағының жауаптары

Мамандықтар	толық қолдаймын	мүмкін деп ойлаймын	қарсы боламын деп ойлаймын	толық қарсымын	жауап беруге қиналамын
жаратылыстану мамандықтары (физика, математика, информатика)	5%	20%	50%	10%	15%
дефектология	70%	30%			
бастауыш білім берудің әдістемесі	40%	20%	20%		20%
өнер мамандықтары (музыка, сурет)		20%	60%		20%
дене шынықтыру		20%	40%	20%	20%

Алынған жауап нәтижелері пәндік аймақтар бойынша сараланды. Дефектология және бастауыш білім берудің әдістемесі мамандықтарының студенттері «толық» және «мүмкін» деп қарастырса, денешынықтыру, өнер мамандықтары мен жаратылыстану мамандықтарының студенттері ішінара қарсылықтар білдіргені анықталды. Сауалнама нәтижелерін толықтыру үшін студенттермен жүргізілген әңгімелесулер барысында жоғарыдағы жауап нәтижелері мүгедектігі бар студенттерді жек көру немесе төмен санаудан емес, олардың мүмкіндіктерін ескере отырып қабылдаған шешім екендігі анықталды.

«Сіздің университетіңізде мүгедектерге арналған арбамен ғана жүре алатын жаңа студент пайда болды. Сіздің алғашқы реакцияңыз?» деген сұраққа студенттер төмендегідей жауап категорияларын ұсынды:

- мүгедектер үйде отыру керек – 5%;
- «ол адамда шаруам жоқ» деген пікірде болып, оған көңіл аудармайды – 15%;
- кез-келген ортада толыққанды өмір сүруге барлық адам бірдей құқылы – 45%;
- өзін сол адамның орнына қойып көреді де, ең бастысы-оқуға деген құштарлық деген шешімге келеді – 20%;
- жаңа келген студентпен танысуға және көмек қолын ұсынуға ниеттенеді – 15%.

Алынған жауап нәтижелерін мүгедектігі бар студенттердің жауаптарымен салыстырғанда олардың «бізге көңіл аудармайды да» деген жауаптары мен қалыпты студенттердің «ол адамда шаруам жоқ» деген пікірде болып, оған көңіл аудармайтындығы сәйкес келетіндігі анықталды. Бұл сауалнама жауаптарының шынайылығын дәлелдейді.


Даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдағы өмірге бейімделуіндегі қиындықтарды қалай шешуге болатындығы туралы сұраққа студенттердің көпшілігі «жауап беруге киналған» (60%), ал 30%-ы «олар өзге адамдардан бөлек ортада тәрбиеленуі керек» деп жауап берсе, қалған 10%-ы «дамуында ақауы жоқ адамдармен бір ортада өсіп, дамуы керек» деген жауап берген.

«Мүгедек студентпен қарым-қатынас орнатуда Сіз қандай тәсілдерді қолданар едіңіз?» деген сұрақтың жауап көрсеткіштері бойынша: достық орнату, бір топта бірлесе оқу, сабақтан кейінгі уақытта үйірме, секцияларда сөйлесіп араласу деген жауап категорияларын таңдаған.

«Мүгедек студенттермен бірлесе білім алу үрдісі Сіз үшін қандай жағымды сәттер тудыруы мүмкін?» деген сұраққа бірнеше жауапты таңдаған:

- мейірімділігім арта түседі – 50%,
- өзгелерге көмектесуді үйренемін – 60%,
- жанашырлық пен аяушылық таныта бастаймын – 30%,
- шыдамды бола бастаймын – 20%,
- ұстаздар мен шәкірттер жақындаса түседі – 10%,
- менің қоғамда өмір сүру жайлы түсінігім артады – 10%,
- жағымды сәттер туындамайды – 10%

«Мүгедек-студенттермен бірлесе білім алу үрдісі Сіз үшін қандай жағымсыз сәттер тудыруы мүмкін?» сауалына студенттер оқытушылардың назары мүгедектігі бар студенттерге ауып кетеді және «өзімізді жайсыз сезінуіміз мүмкін» деп көрсетеді (12-сурет).



Сурет 12 - Денсаулығында ақауы жоқ студенттердің жауап көрсеткіштері

Мүгедек студенттер үшін денсаулығында ақауы жоқ студенттермен бірлесе білім алу үрдісі қандай жағымды сәттер тудыруы мүмкіндігін студенттер төмендегідей жауап нұсқаларын таңдаумен сипаттаған:

- ол қатарластарының тарапынан қосымша қолдау көруі мүмкін – 20%,

- студенттік өмірге денсаулығында ақауы жоқ студенттермен тең араласудың нәтижесінде өзін толыққанды тұлға ретінде сезіне бастайды – 10%,
- денсаулығында ақауы жоқ студенттермен араласудың арқасында қоғамға тез бейімделе бастайды – 20%,
- Университетте білім алу олардың психикалық жағдайына оң әсерін тигізеді – 20%,
- қарым-қатынас жасау шеңберінде өз мүмкіндіктерін көрсету аясы кеңі түседі – 20%,
- жағымды сәттер туындамайды – 10%.


Ал мүгедек студенттер үшін денсаулығында ақауы жоқ студенттермен бірлесе білім алу үрдісі қандай жағымсыз сәттер тудыруы мүмкін деген сауалға студенттердің берген жауабы:

- денсаулығында ақауы жоқ қатарластарының арасында өзін көрсете алмауы мүмкін – 20%,
- денсаулығында ақауы жоқ студенттерге арналған оқу жүктемесі мүгедек студенттер денсаулығына физикалық және психикалық жағынан зиянын тигізуі мүмкін – 10%,
- денсаулығында ақауы жоқ қатарластарының жаман көзқарас танытуы – 0%,
- оқудағы үлгермеушілік салдарынан оның өзіне деген сенімі мен өзін өзі бағалауы төмендейді – 30%,
- мүгедек студенттерге білім беруде оқытушылардың оларға көңіл бөлуі жеткіліксіз дәрежеде болады – 30%,
- жағымсыз сәттер туындамайды – 20%.

Даму мүмкіндігі шектеулі студенттер денсаулығында ақауы жоқ студенттермен бірлесе оқытылатын топтарда жұмыс істейтін оқытушылар бойында қажетті қосымша біліктілік дағдыларының қатарына төмендегі қатарды таңдады:

- оларды жақсы көріп, шыдамдылық танытса жеткілікті;
- арнайы білімдері болуы шарт;
- қолдау көрсете білу, конфликтті болдырмау дағдыларының болуы қажет;
- мейірімділік;
- шыдамдылық;
- жеке дара ерекшеліктерін білу;
- өз ісіне деген сүйіспеншілік;
- арнайы дайындық және т.б.

Сұрақ: «Сіздің ойыңызша, қандай жағдайда университеттерде мүгедек студенттерді денсаулығында ақауы жоқ студенттермен бірлесе оқыту жүйесін енгізуге болады?». Жауап нәтижелері бойынша жоғары пайыздық таңдаулар пандустар мен қондырғыларды орнату, қосымша қаржыландыру, кабинеттерді жабдықтау мен арнайы оқу бағдарламаларын құру мен оқытушыларды дайындау секілді жауаптарға берілген (13-сурет).



Сурет 13 - Жауаптардың пайыздық көрсеткіштері

Сауалнама нәтижелерін қорытындылау бойынша келесі тұжырымдар жасалынды:

біріншіден, ЖОО-ның денсаулығында ақауы жоқ студенттер тарапынан көрсетілетін адамгершілік, рухани және достық қолдау мен мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуына жағдай туғызу;

екіншіден, денсаулығында ақауы жоқ студенттерді инклюзивті білім беру жағдайында мүгедектігі бар студенттермен бірге білім алуға әлеуметтік-психологиялық тұрғыда дайындау;

үшіншіден, даму мүмкіндігі шектеулі студенттер денсаулығында ақауы жоқ студенттермен бірлесе оқытылатын дамытушы орта құру.

2.3 Бақылау экспериментінің нәтижелері

Жоғарыда көрсетілген дамыту-түзету жұмыстарының кешенді, әрі жүйелі жұмыс жүргізуінің арқасында біздің тәжірибелік жұмыстарымыз алға қарай жылжыды деп айтсақ қателеспейміз. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде дамытушы эксперименттік жұмыстардың нәтижелігін көру үшін бақылау экспериментін жүзеге асырдық.

Бақылау экспериментінің мақсаты – зерттеу жұмысының негізгі мақсатына және болжамына орай жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін анықтау.

Бақылау экспериментінің барысында біз алғашқы анықтау нәтижелерімен салыстыру мақсатында қалыпты студенттер топтарында бақылау және тәжірибелік топтарын құрдық. Ал ЖОО әкімшілігі мен оқытушыларының өз нәтижелерін экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерін салыстырдық.

Нәтижелерді төмендегідей ретте қарастыру көзделді:

- бірінші жеке болжам ретінде, жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерді оқыту процесінің жағдайы дұрыс қамтамасыз етілуі мен инклюзивті білім беру ұстанымдарының арасында тікелей байланыс бар;

- екінші жеке болжам ретінде, ЖОО әкімшілігі және оқытушылары тарапынан жасалынатын жағдайлар мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы арасында байланыс бар;

- үшінші жеке болжамы, ЖОО-ның денсаулығында ақауы жоқ студенттері тарапынан көрсетілетін адамгершілік-рухани және достық қолдау мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы және оң реабилитациялануы арасында байланыс бар.

Корреляциялық анализ – зерттелетін белгілер немесе факторлардың формасын, белгісін және байланыс тығыздығын бағалаудың статистикалық әдісі. Корреляциялық талдау бір мезгілде көрсеткіштің бірнеше мәнін анықтауға мүмкіндік береді, яғни оның басқа әдістемелерден артықшылығы осында. Корреляциялық рангілеу әдістемелерінің бірі – Спирменнің корреляция коэффициентінің рангілеу. Әдістемені таңдауда:

- біріншіден, оның әмбебаптылығына;

- екіншіден, қарапайым өңделетіндігіне;

- үшіншіден, жеке не топтық көрсеткіштер иерархиясын салыстыру міндеттерін шешуде мүмкіндігінің басымдылығына басты назар аудардық. Сонымен қатар, әдістеме жеке не топ зерттелушілерінің әрқайсысының рангтік көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, ғылыми жұмысымыздың зерттеу әдістемелерінің беріктілігі, дұрыстығы және статистикалық мәнділігі Спирменнің коэффициентті рангілерінің арасындағы байланысты салыстыру арқылы тексерілді. «Спирменнің корреляциялық рангілеу әдісі иерархияның екі бағдары немесе екі белгілер арасындағы корреляциялық байланыстар бағыты мен тығыздығын (күшін) анықтауға мүмкіндік береді». Сондықтан, зерттеу жұмысымызда Спирменнің корреляция коэффициентінің рангілеудің төменде берілген формуласын (1) қолдандық:

$$R_s = 1 - \frac{6 * \sum (d^2)}{N - (N^2 - 1)}, \quad (1)$$

Мұнда: R_s – Спирмен бойынша коэффициенттік рангілеу формуласы;

d^2 - әр зерттелушінің өзгермелі екі рангілер арасындағы айырмашылығы;

N - зерттелушілердің жалпы саны.


Жалпы зерттеу жұмыстарының объекті ретінде жеке индивид немесе топ алынса, кроссмәдени зерттеу объекті ретінде полимәдениетті топ өкілдерінің этникалық ерекшеліктері қарастырылады. Екі жағдай тұтастығы - әлеуметтік-психологиялық экспериментті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, осы бағыттарды негізге ұстай отырып, зерттеу жұмысымыздың статистикалық талдауында тәжірибелік топ тыңдаушылары жеті этностық категорияларға бөлінді.

Зерттеудің алғашқы жүргізілген сауалнамасы ЖОО әкімшілігінің жауап нәтижелерін коэффициенттік рангілеу формуласы бойынша дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы талдаудан төмендегідей мәліметтер алынды (15-кесте).

Кесте 15 – ЖОО әкімшілігінің жауап нәтижелерінің дамыту экспериментіне дейінгі және кейінгі корреляциялық көрсеткіштері

№	Зерттелушілер	Зерттеуге қатысқандар саны		Дамытушы экспериментке дейінгі корреляциялық көрсеткіштердің бірлігі	Теориялық көрсеткіш бірлігі R_s
		N 1	N 2		
1	Дамытушы экспериментке дейінгі нәтижелер	18	18	0.28	0,42-0,58
2	Дамытушы эксперименттен кейінгі нәтижелер	18	18	0.78	0,42-0,58

15-кестеде және 14-суретте көрсетілген айырмашылықтар дамытушы эксперименттік жұмыстардың тиімділігін нақты дәлелдейді.



Сурет 14 – ЖОО әкімшілігінің жауап нәтижелерінің дамыту экспериментіне дейінгі және кейінгі корреляциялық көрсеткіштерінің динамикасы


ЖОО-ның әкімшілігі мен оқытушыларының және мүмкіндігі шектеулі студенттердің инклюзивті білім беруге деген көзқарастарының өзгеру динамикасын жоғарыдағы суреттен айқын көруге болады.

Келесі кестеде ЖОО оқытушыларының дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштері берілді (16-кесте).

Кесте 16 – ЖОО оқытушыларының дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштері

№	Зерттелушілер	Зерттеуге қатысқандар саны		Дамытушы экспериментке дейінгі корреляциялық көрс. Бірлігі	Теориялық көрсеткіш бірлігі Rs
		N 1	N 2		
1	Дамытушы экспериментке дейінгі нәтижелер	45	45	0.32	0,31-0,40
2	Дамытушы эксперименттен кейінгі нәтижелер	45	45	0.58	0,31-0,40

ЖОО оқытушыларының дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштерінен қалыптастырушы эксперименттік жұмыстардың тиімділігін көруге болады. Спирмен мәні 0,05 мәнділігін аймағында жатыр, демек, дамытушы эксперименттің тиімділігі едәуір жоғары болды деп толық айтуға болады (15-сурет).



Сурет 15 – ЖОО оқытушыларының дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштерінің динамикалық өзгерісі

Келесі кезекте мүмкіндігі шектеулі студенттердің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштерін салыстыра отырып, корреляциялық байланысын анықтадық.(17-кесте).

Кесте 17 – Мүмкіндігі шектеулі студенттердің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштері

№	Тәжірибеге қатысушылардың категориялары	Саны	Дамытушы экспериментке дейінгі корреляциялық көрс. Бірлігі	Дамытушы экспериментке кейінгі корреляциялық көрс. бірлігі
1	1 топ мүгедектігі барлар	15	0,32	0,66
2	2 топ мүгедектігі барлар	36	0,34	0,72
3	3 топ мүгедектігі барлар	71	0,32	0,68
4	Арнайы білім беру мекемелерінің түлектері (мүмкіндігі шектеулілер)	43	0,28	0,56
5	ЖОО түлектері (мүмкіндігі шектеулілер)	16	0,36	0,72

17-кестеде және суретте берілгендей, дамытушы эксперименттің нәтижелігі барлық категория бойынша эмпирикалық бірліктердің мәнділік аймағында жатуымен дәлелденді (16-сурет).




Сурет – 16. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштерінің даму динамикасы

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде Спирменнің корреляциялық коэффициентті рангілеу формуласы бойынша қалыпты жағдайдағы студенттерге жүргізілген сауалнама нәтижесі өңделді. (18-кесте)

Кесте 18 – Сауалнама нәтижесі

Мамандықтар	N	Дамытушы экспериментке дейінгі корреляциялық көрс. бірлігі	Дамытушы экспериментке кейінгі корреляциялық көрс. бірлігі	Критикалық мән
Физика	30	0,28	0,58	0,33-0,43
Математика	28	0,26	0,56	0,38-0,48
Информатика	32	0,30	0,60	0,36-0,45
Дефектология	40	0,32	0,78	0,31-0,40
Бастауыш білім берудің әдістемесі	35	0,30	0,66	0,33-0,43
Музыка	23	0,24	0,56	0,42-0,53
Сурет-сызу	30	0,19	0,52	0,33-0,43
Дене шынықтыру	40	0,22	0,48	0,31-0,40

Нәтиже көрсеткіштеріне математикалық талдау жасалып, статистикалық H_0 болжам дәлелденді, ал H_1 болжам теріске шығарылды. (17-сурет).



Сурет 17- денсаулығында ақауы жоқ студенттердің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтиже көрсеткіштерінің даму динамикасы

Математикалық өңдеуде зерттелушілердің құрамын ескере отырып, мынадай статистикалық болжамдар қойылды:

H_0 : ЖОО-ның денсаулығында ақауы жоқ студенттері тарапынан көрсетілетін адамгершілік-рухани және достық қолдау мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы және оң реабилитациялануы арасында байланыс бар.

H_1 : ЖОО-ның денсаулығында ақауы жоқ студенттері тарапынан көрсетілетін адамгершілік-рухани және достық қолдау мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы және оң реабилитациялануы арасында байланыс жоқ.

Яғни, болжам негізінде мынадай тұжырым жасалынды: ЖОО-ның денсаулығында ақауы жоқ студенттері тарапынан көрсетілетін адамгершілік-рухани және достық қолдау мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы және оң реабилитациялануы арасында байланыс бар. Және жүргізілген дамытушы эксперименттің тиімділігі бар.

Сонымен, зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік бөлімін қорытындылай отырып, келесі тұжырымдар жасалынды:

- ЖОО-да мүгедек-студенттерге сапалы білім беруге арналған жағдайларды моделдеу дұрыс жолға қойылса, онда ҚР-да мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім беру үрдісінің тиімділігі едәуір артады.

- Екіншіден, жоғары оқу орындарында мүгедек-студенттерді оқыту үрдісінің жағдайы дұрыс қамтамасыз етілуі мен инклюзивті білім беру ұстанымдарының арасында тікелей байланыс бар.

- Үшіншіден, ЖОО әкімшілігі және оқытушылары тарапынан жасалынатын жағдайлар мен даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы арасында байланыс бар.

- Төртіншіден, ЖОО-ның денсаулығында ақауы жоқ студенттері тарапынан көрсетілетін адамгершілік-рухани және достық қолдау мен даму мүмкіндігі шектеулі студенттердің табысты білім алуы және оң реабилитациялануы арасында байланыс бар.

- Бесіншіден, ЖОО мүгедек бар студенттерге жағдайлар жасаудың теориялық моделін жасау мен онда ҚР-да мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім беру үрдісінің тиімділігі арасында тікелей байланыс бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Инклюзивті білім беру тұрақты даму, қоғамдағы қалыптылық, күрделеніп келетін қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі болуы тиіс. Адамдардың әлеуметтену мен бейімделу мүмкіндіктері өмірлік жағдайлар мен жеке тұлғалық қасиеттерге тәуелді емес, олар білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Инклюзивті білім берудің тереңдігі, жылдамдығы және материалдық тұрғыдан аса үлкен салымдарды қажет етпейтіндігі, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерді нәтижелі шешуге әсер ететін аймақтардың бірі болуын анықтайды.

Біз зерттеу жұмысымызды мақсатқа сәйкес, ғылыми болжамды дәлелдеу үшін теориялық және эмпирикалық әдістерді қолдана отыра ұйымдастырдық. Диссертация барысында жүргізілген зерттеулер келесі қорытындыларды тұжырымдады:

– Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы шетелдерде мүгедек студенттерді қолдау және оларға қажетті барлық жағдайлар жасаудың оң тәжірибесі жинақталған;

– Отандық теория мен тәжірибеде ЖОО-да мүгедек тұлғаларға білім беру мақсатында жұмыстар жүргізілуде, алайда олардың жеткіліксіз екендігі дәлелденді;

– Арнайы жағдайлар қажеттіліктері бойынша мүгедек студенттердің өзекті сұраныстары мен ЖОО-дағы оқу үрдісінде қолдау көрсету түрлері анықталды;

– ЖОО-да мүгедек студенттерді тиімді оқытуға қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың моделі әзірленіп, апробациядан өткізілді;

– Құрылымының мәні вариативті және инвариантты элементтерден тұратын ЖОО-да даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі әзірленіп, теориялық негізделді;

– Мүгедектерге жоғары кәсіби білім беру білім алу құқығын іске асыру шарттарының бірі ғана емес, сонымен бірге оларды тиімді әлеуметтендіруді, бейімдеуді және кәсіби еңбекпен өзін-өзі қамтуын іске асырушы маңызды фактор ретінде түсініктерін қалыптастырады.

Жүргізілген зерттеулер негізінде келесі ұсыныстар жасалды:

– Жоғары білім беруді мүгедек және даму мүмкіндігі шектелген тұлғалардың қажеттілігін ескере отырып жаңғырту мақсатында мемлекеттік деңгейде инклюзивтік жоғары және ЖОО кейінгі білім беру стратегиясы мен әдіснамасын құрастыру, білім берудің әртүрлі студенттік ортасында оқыту, тәрбиелеу әдістері мен технологиясын енгізу және жақсарту, жоғары және ЖОО кейінгі инклюзивті білім беру сатысында психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясын дамыту;

– ЖОО-ның мүгедек тұлғегі еңбек нарығында табысты бәсекеге түсуі және өз кәсіби міндетін тиімді атқаруы үшін ЖОО-да мүгедек тұлғалар үшін арнайы топтар мен арнайы білім беру бағдарламаларын құрмау ұсынылады;

– ЖОО-да мамандарды кәсіби даярлаудың деңгейі мен мазмұнын төмендетпей, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын бейіндеп және оны игеру жолында арнайы жағдайлар жасау қажет.

Диссертацияның зерттеу нәтижелері мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жоғары кәсіби білім беруді дамытуға ықпал етеді. Зерттеу жұмысының материалдары ЖОО-да білім алушы мүгедек студенттерге ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау көрсетудің өзекті бағыттарын анықтауға және инклюзивті білім беру жағдайында микро және макро ортаны бейімдеу ресурстарын айқындауға көмектеседі. ЖОО-да мүгедек студенттерді оқыту үрдісінде анықталған ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды іске асыру, білім берудің тиімділігін арттырады және де ЖОО-да мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығының моделі мен мүгедек студенттерді қолдау бойынша әзірленген әдістемелік материалдар ҚР басқа да ЖОО-да табысты түрде қолданыс табуы мүмкін. Зерттеу жұмысы әлі де басқа қырларынан зерттеуді талап ететіні сөзсіз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Статистикалық мәлімет. – URL: <http://egov.kz/cms/kk/articles/2F05inclusiveeducation>.
- 2 Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция. - Нью-Йорк, 2006 жыл 13 желтоқсан.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016 жыл.
- 4 Johnston M., Polard B. Consequences of disease: testing the WHO International Classification of impairments, disabilities and Handicaps (ICIDH) model // Social Science and Medicine. - 2001. - Vol. 53. - P1261-1273.
- 5 Bakken J.P., Wojcik Brian W., Technology Resourcer For Persons With Learning Disabilities. Current Perspectives on Learning Disabilities / Jeffrey P. Bakken, Brian W. Wojcik // Advances in Special Education. – 2005. – Volume 16. – P. 113-132
- 6 Mutua, N.K., Dimitrov, D.N. Prediction of school enrollment of children with intellectual disabilities in Kenya: Differential effects on gender and severity of mental retardation. //Journal of Special Education. – 2001. Volume 48. – P. 177-191.
- 7 Forlin C., Chambers D. Teacher preparation for inclusive education: Increasing knowledge but raising concerns // Asia-Pacific Journal of Teacher Education. - 2011. - V. 39. - No 1.
- 8 Peters, S. Inclusive Education: An EFA strategy for all children. Paper for World Bank (2004)
- 9 Ferguson, D.L. Improving Education: The Promise of Inclusive Schooling. Education/ D.L. Ferguson, A. Desjarlais, G. Meyer. - Newton: Development Center, MA. National Inst. For Urban School Improvement. - 2000. - 96 p.
- 10 Kulesza, E.M. Training teachers at the Maria Grzegorzewska Academy of Special Education in Warsaw / E. M. Kulesza, U. Gosk // Педагогическая наука и образование. - 2015. - N1. - С. 83-92.
- 11 Аксенова Л.И. Правовые основы специального образования и социальной защиты детей с отклонениями в развитии // Дефектология. -1997. - №1. - С. 3-10.
- 12 Берус Е.И., Дулепова Н.В. Новосібір мемлекеттік университетіндегі инклюзивті білім беру моделі //«Халықаралық диалог: «Өмір бойы инклюзиямен бірге»» Халықаралық білім беру форумы материалдары. - Ростов-на-Дону: Жоғары оқу орны кітабы, 2013. - 13-19 б.
- 13 Гончарова В.Г., Диденко Л.А. Жеке бағдарлы білім беру бағдарламалары – денсаулық мүмкіндігі шектеулі жандарға сапалы кәсіби білім беру құралы. // Арнайы білім беру. – 2013. – №3. – 32–41 б.
- 14 Левин В.А. Экспертиза школьной образовательной среды /под ред. М.А. Ушаковой. - М.: Сентябрь, 2000. - 125 с
- 15 Мартынова Е.А., Романенкова Д.Ф. Модель центра образования инвалидов в Челябинском государственном университете на основе системы

интегрированного обучения. – URL:
<http://vo.hse.ru/data/2010/12/31/1208182062/11mar.pdf/>

16 Романов П.В., Ярская-Смирнова Е.Р. Политика инвалидности: Социальное гражданство инвалидов в современной России. –Саратов: Изд-во «Научная книга», 2006. – 260 с.

17 Файзрахманова А.Т. Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында инклюзивтік білім беру ортасын ұйымдастыру туралы // Life Sci J 2014. - 11 (11s). – P. 59-62 (ISSN: 1097-8135).- URL: <http://www.lifesciencesite>.

18 Ямбург К.А. Школа для всех: Адаптивная модель: (теоретические основы и практическая реализация). – М., 1997

19 Ясвин В.А. Образовательная среда от моделирования к проектированию. - М., 2001.

20 Salisbury C.L., Palombaro M.M., Hollowood W.M. On the nature and change of an inclusive elementary school// The Journal of the Association for Persons with Severe Handicaps. - 1993. № 18. - P. 75-84.

21 Shea T.M., Bauer A.M. An Introduction to special Education. A Social systems perspective. 2nd edition. Madison, WI: Brown & Benchmark, 1997.

22 Trow, M. From Mass Higher Education to Universal Access: the American Advantage. Berkeley: University of California, CSHE Research and Occasional Paper Series, Spring 2000.

23 Лошакова, И.И. Вопросы дифференцированного обучения детей-инвалидов.// Социально-психологические проблемы образования нетипичных детей. - Саратов: Изд-во Педагогического института СГУ, 2002. - С. 15-21.

24 Семаго Н.Я., Семаго М.М. Теория и практика оценки психического развития ребенка. Дошкольный и младший школьный возраст. - СПб., 2005.

25 Косс, В.О. Инклюзивное образование. К постановке проблемы Текст./ В.О. Косс. – Москва, 2001. – С. 173-177

26 Kulesza, E.M. Kulesza, E.M. (Ed.). (2013). Education of students with special needs- world experience. Individual Programs of Education and Therapy (IPET). Warszawa: Wyd. APS. (169 p.).

27 Мовкебаева З.А. Организация инклюзивного образования в школах // Справочник руководителя образовательного учреждения. – № 5(65). - 2012. – С. 57-62.

28 Мовкебаева З.А. Инклюзивті балабақшаны қалай ұйымдастыру керек //Мектепке дейінгі ұйым. – № 10 (10). – 2012. –Б. 6-13.

29 Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: объективная необходимость и реальные возможности //Педагогика и психология. – № 3. – 2011. – С. 34-38.

30 Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования Республики Казахстан// Открытая школа. – №7. – Сентябрь, 2012.

31 Ерсарина А.М. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан// Открытая школа. – №1. – Январь, 2012.

- 32 Байтурсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы. - Алматы: Білім, 2008.
- 33 Халыкова Б.С. Организационно-технологические основы обучения детей дошкольного возраста с ограниченными возможностями в условиях реабилитационного центра. - автореф... к.п.н. – Алматы, 2003. – 24 с.
- 34 Каткенов К.А. Управление социально-педагогической адаптацией детей с ограниченными физическими возможностями в условиях специального образовательного учреждения. – автореф...к.п.н. – Москва, 2004. – 21 с.
- 35 Жалмухамедова А.К. Организационно-методические основы раннего включения детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс: автореф... к.п.н. – Алматы, 2006. – 24 с.
- 36 Жахина Ш.Ж., Искажимова А.К., Каржова А.С. Проблемы реализации инклюзивного образования в высших учебных заведениях Республики Казахстан. - NovaInfo.Ru. - №46-4. - 31.05.2016 <http://novainfo.ru/article/6354>
- 37 Сексембаева С. Семинар «Организация психолого-педагогического сопровождения инклюзивного образования в вузах РК». - Алматы bnews.kz
- 38 Оспанбаева М.П. Инклюзивті оқыту жағдайында психологиялық қолдау арқылы білім беру сапасын арттыру. /«Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе және отандық практика» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Астана, 2017. – 135 б.
- 39 Мовкебаева З.А. Роль ресурсных консультативных центров в обеспечении доступности образовательного процесса для студентов-инвалидов//Мат научной конференции «Педагогіка і сучасні аспекти фізичного виховання». – 21-22 апреля 2016. – Краматорск: ДДМА, 2016. – С. 264-271.
- 40 Рымханова А.Р., Тебенова К.С., Мусеева Г.Н., Сериков Т.Ш., Баянов М.А. К вопросу готовности преподавателя вуза к обучению студентов с особыми образовательными потребностями. //Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2016. - №3. – С. 673-676.
- 41 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 42 Дьячков А.И. Воспитание и обучение глухонемых детей: Историко-педагогическое исследование. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1957. – 348 с.
- 43 Замский Х.С. История олигофренопедагогика. - 2 изд. - М.: Просвещение, 1980. – 398 с.
- 44 Фуко М. История безумия в классическую эпоху – СПб.: Университетская книга, 1997. – С. 43.
- 45 Думбаев А.Е., Попова Т.В. Инвалид, общество и право. – Алматы, ТОО «Верена», 2006. – 180 с.
- 46 Васильева Н.В. Жизненные планы молодых инвалидов: особенности формирования и реализации в современном российском обществе. Дисс....к.с.н. - Москва, 2000. – С. 41
- 47 Саламанская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями, принятые Всемирной конференцией по образованию

лиц с особыми потребностями: доступ и качество. - Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994 года.

48 Ертанова О.Н. Образование и инвалидность: ступени развития // Журнал прикладной психологии. - 2008. - № 2. - С. 36-47.

49 The Salamanca Statement and Framework for Action on Special Needs Education. – Paris: UNESCO, 1994. - P.9. // http://www.notabene.ru/down_syndrome_declarat.html.

50 Закон Республики Казахстан «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» от 11 июля 2002 года №343.

51 Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03. – Алматы, 2010. – 190 с.

52 Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования // Педагогика и психология. – 2013. - №2. – С. 6-11.

53 Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования: методическое пособие. – Алматы: ROND&A, 2008. – 120 с.

54 Wills D., Jackson R. Inclusion: Much more than being there //Interaction. - 1996. - №10(2). – P. 19-24.

55 Днепров Э.Д. Ушинский и современность. Гос. ун-т - Высшая школа экономики. - М.: Издательский дом ГУ ВШЭ, 2007. – 232 с.

56 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III)).

57 Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы (1982 жыл).

58 Мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің стандарттық ережелері, 1993 ж.

59 «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы» заңы. –Астана, қаңтар 2016 ж.

60 БҰҰ Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (Париж қ., 1960 жылғы 14 желтоқсанда).

61 Всемирная декларация об образовании для всех. - Джонтъен, 1990.

62 Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін білім беру қызметі жөніндегі іс-қимылдың негіздемелік (жоспары), 1994.

63 Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласының қағидалары, саясаттары және тәжірибелік іс-әрекеттері туралы Саламанка мәлімдемесі, (1994).

64 Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған, «Мүгедектер құқықтары туралы» Халықаралық конвенция. 13 желтоқсан 2006 жыл.

- 65 ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз
- 66 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы (8.08.2002 жылғы N345).
- 67 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
- 68 Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жай-күйі және дамуы. Аналитикалық баяндама. – Астана: И. Алтынсарин ат. НАО, 2016. – 50 б.
- 69 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы (01.01.2016 ж. толықтырылуларымен №343)
- 70 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2005 ж.
- 71 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытуға концептуалды әдістер (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығы)
- 72 Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар (29.12.2014 ж. №179)
- 73 Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (ҚР үкіметі қаулысы №64 16 қаңтар 2012 жыл)
- 74 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Мүгедектерге арналған қолжетімді ортаның сақталуы тұрғысынан әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне түгендеу (паспорттау) жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекіту туралы» №328 бұйрығы 18 тамыз 2012 жыл.
- 75 «Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 534 бұйрығы)
- 76 Международный научный журнал «Инновационная наука». – 2016, №7-8/2016 ISSN 2410-6070
- 77 Денсаулығы мен дамуында кемістігі бар жандарға білім беру заңы (1997)
- 78 Жаворонков Р.Н. АҚШта қолданылатын мүгедектерге жоғары инклюзивті білім беру технологиясы. – URL:<http://www.vash-psiolog.info/psih/20317-texnologiya-vysshego-inklyuzivnogoobrazovaniya-invalidov-primenyaemaya-v-soedinennyx-shtatax-ameriki.html/>
- 79 Гончарова В.Г., Диденко Л.А. Жеке бағдарлы білім беру бағдарламалары – денсаулық мүмкіндігі шектеулі жандарға сапалы кәсіби білім беру құралы. //Арнайы білім беру. – 2013. – №3. – 32-41 б.
- 80 European Agency for Development in Special Needs Education. Raising achievement for all learners – Quality in Inclusive Education. – Brussels, 2012. – 40 p. – URL: <http://www.european-agency.org/agency-projects/ra4a1>

81 Hargreaves S. The Fourth Way: The inspiring future for educational change. Joint publication with Ontario Principals Council and National Staff Development Council. California. – 2011. – 168 p.

82 Мажинов Б.М. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жоғары кәсіптік білім берудің өзектілігі / Материалы международной научно-практической конференции «Педагогика і сучасні аспекти фізичного виховання». - Украина. Краматорск.- 2015.- Том 2.– С. 68-73.

83 Файзрахманова А.Т. Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында инклюзивтік білім беру ортасын ұйымдастыру туралы // Life Sci J 2014; 11 (11s): 59-62 (ISSN: 1097-8135).- URL: <http://www.lifesciencesite>.

84 Мажинов Б.М. Вопрос доступа молодых инвалидов в высшие учебные заведения //Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика» – Алматы. – 2015. - №1(40).– С. 33-36.

85 Мажинов Б.М. Жоғары оқу орындарында мүгедек-студенттерді оқытудың шетелдік тәжірибесі /«Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе және отандық практика» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. - Астана, 2017. - URL: <http://www.ckiron.uph.edu>

86 Оңтүстік Корея үкіметімен қабылданған «Арнайы білім беруді алға жылжыту туралы заңы» (Special Education Promotion Act) (1997)

87 Hwang Yoon – Suk. Attitudes towards Inclusion: gaps between belief and practice.// International Journal of Special Education. <http://eprints.qut.edu.au>

88 <http://www.eduable.net>

89 Мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы білім беру туралы заң (2007)

90 Мартынова Е.А., Романенкова Д.Ф. Модель центра образования инвалидов в Челябинском государственном университете на основе системы интегрированного обучения. – URL: <http://vo.hse.ru/data/2010/12/31/1208182062/11mar.pdf>

91 Ярская-Смирнова Е., Романов П. Высшее образование инвалидов: политика и опыт. //Высшее образование в России. - 2004. - № 7. - С. 38-50.

92 Мовкебаева З.А. Роль высших учебных заведений в модернизации процесса образования лиц ограниченными возможностями в развитии // Вестник КазНПУ имени Абая (Серия «Специальная педагогика». - № 1-2 (28-29). – 2012. – С. 34-38.

93 ҚР жоғары оқу орындарына арналған инклюзивті білім беру бойынша Ресурстық кеңес беру Орталығы Абай атындағы ҚазҰПУ оқу орнында ашылуы № 03-3/532 05.06.2015 жылғы Өкімі

94 Коростелева Н.А., Мартынова Е.А. Актуальность внедрения технологии интегрированного (инклюзивного) обучения в высшие учебные заведения Республики Казахстан // Педагогическое мастерство: материалы II Междунар. науч. конф. М.: Буки-Веди, 2012. — С. 207-210.

95 ҚР «Білім туралы» заңының 8-тарау. 56-бабында «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары инклюзивті білім беру ескеріле отырып әзірленеді»

- 96 Мовкебаева З.А. Роль ресурсных консультативных центров в обеспечении доступности образовательного процесса для студентов-инвалидов//Мат научной конференции «Педагогіка і сучасні аспекти фізичного виховання». – 21-22 апреля 2016 г. – Краматорск: ДДМА, 2016. – С. 264-271.
- 97 <http://news.akimataktobe.kz/novosti-aktobe/almatinskiy-akimat-vydelil-socialn/>
- 98 «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы)
- 99 <http://www.sdo.ukgu.kz/?q=ru/node/184>
- 100 Мажинов Б.М. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге тең жағдай мен кедергісіз қол жетімділіктерді жасау мәселесі Педагогика және психология – Алматы, 2016.-№4 (29). – Б. 118-124.
- 101 http://medblock.ru/obespechenie_invalidov/3551-90-lyudey-s-invalidnostyu-v-kazahstane-sidyat-bez-raboty.html
- 102 Рымханова А.Р., Тебенова К.С., Мусеева Г.Н., Сериков Т.Ш., Баянов М.А. К вопросу готовности преподавателя вуза к обучению студентов с особыми образовательными потребностями//Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - № 3, 2016. – С.673-676.
- 103 Деркач А.А. Психология развития и акмеология. - М.: Издательство Институт психологии РАН, 2009. - 400 с.
- 104 Юдина О.В. Формирование профессиональной компетентности студентов экономического вуза средствами информационных технологии: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Самара, 2002. - 32 с.
- 105 Нұрғалиева Г.Қ., Құсайынов А.Қ., Мусин Қ. Салыстырмалы педагогика: оқулық. – Алматы: Рауан, 1999. – 173 б.
- 106 Шерьязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. ...док. психол. наук. – 1999. - 47 б.
- 107 Аксенова Л. И. Социальная педагогика в специальном образовании. – Москва, 2006. - С. 88-90
- 108 Ясвин В.А. Образовательная среда от моделирования к проектированию. - М., 2001
- 109 Левин В.А. Экспертиза школьной образовательной среды /под ред. М.А. Ушаковой. - М.: Сентябрь, 2000. - 125 с
- 110 Левин, В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию/Науч. ред. 2000. - 96 с.
- 111 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. - 344 б.
- 112 Zulfia Movkebayeva, Bagdad Mazhinov, Aitolkyn Beysenova. The ratio of students of higher educational institutions for joint training with disabled people// 31st International Congress of Psychology ICP. - 2016, Yokohama. Japan / Teaching Psychology. P. 248-252.

113 Z.Movkebayeva, I.Oralkanova, B.Beisenova, Bagdad Mazhinov, O.Belenko. Model of formation for readiness to work within inclusive education in teachers//International Journal of Environmental and Science Education. – 2016. – V.11. – Iss.11. – P. 4680-4689.

114 Мажинов Б.М. Жоғары оқу орындары жағдайында мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу мәселелері Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. /Педагогика ғылымдары/ сериясы.– Алматы, 2017.- №2 (54). – Б.

115 Мажинов Б.М. Жоғары оқу орындары жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді педагогикалық қолдау мен сүйемелдеудің жобалық үлгісі Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. /Педагогика ғылымдары/ сериясы.– Алматы, 2017. №3 (55).– Б. 119-130.

116 Мажинов Б.М. Жоғары білім беру жағдайында мүгедек-студенттерді педагогикалық қолдау мен сүйемелдеудің жобалық моделі «Инклюзивті білім беру: әдіснамасы, тәжірибе және технологиялар» атты республикалық фестиваль жинағы.– Алматы. – 2017. – Б. 137-150.

117 Мажинов Б.М. Жоғары оқу орындарында даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқыту мәселелері «Академик Төлеген Тәжібаев – Қазақстандағы психология және педагогика ғылымдарының негізін қалаушы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2014. – Б. 205-206.

118 Илахунов К.Т. Мажинов Б.М. Особенности профессиональной ориентации глухих учащихся Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Педагогические науки» – Алматы, 2014. - №1(41),– С. 204-208.

119 Мажинов Б.М. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға кәсіби бағдар беру мәселелері «БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР» атты ІІ халықараралық ғылыми практикалық конференция материалдары.– Астана. – 2015.– Б. 200-201.

120 Мажинов Б.М. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін қолжетімді жоғары оқу орындарының жүйесін қалыптастырудың алғы шарттары Вестник Кыргызского государственного университета имени И.Арабаева. –Бишкек, 2015.-№2-С.69-71